

З.Ш. Ерназарова, А.Б. Бекетова, С.Б. Кужакова

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

Учебник для 11 класса общеобразовательной школы  
с русским языком обучения

Екі белгілімді

**2-бөлім**

# 11

Рекомендовано Министерством образования и науки  
Республики Казахстан



Алматы «Атамұра» 2020

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Қаз-922  
Е 71

*Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
бекіткен Жалпы білім беру деңгейінің 10–11-сыныптарына арналған  
«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндагы үлгілік  
оқу бағдарламасына (жаратылыстану-математикалық бағыт,  
қоғамдық-гуманитарлық бағыт) сәйкес дайындалды.*

### Шартты белгілер:



ОЙТУРТКІ



ТЫҢДАЛЫМ



АЙТЫЛЫМ



ОҚЫЛЫМ



СӨЗДІКПЕН ЖУМЫС



ЖАЗЫЛЫМ

### Ерназарова З.Ш. т.б.

Е 71 Қазақ тілі мен әдебиеті: Учебник для 11 кл. общеобразоват.  
шк. с рус. яз. обуч. В 2-х частях. / З.Ш. Ерназарова, А.Б. Бе-  
кетова, С.Б. Кужакова. – Алматы: Атамұра, 2020. – 176 стр.

ISBN 978-601-331-707-6

Часть 2. – 2020. – 176 стр.

ISBN 978-601-331-709-0

ISBN 978-601-331-709-0 – (Часть 2)  
ISBN 978-601-331-707-6

© Ерназарова З.Ш., Бекетова А.Б.,  
Кужакова С.Б., 2020  
© «Атамұра», 2020

# Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі

Мұхтар Әуезовтің  
«Абай жолы» романы

1-  
сабак

## Гендерлік саясаттың қоғамдағы маңызы

- Q** 1. Әйел мен ер адамның теңдігі туралы ассоциация құрындар, өзара салыстырындар.



- Q** 2. Сөздерді магынасымен сәйкестендіріңдер, сойлемдер қурандар.

Сөздер	Магынасы
әлеумет	заңмен бекітілген нормативтік жүйе
теңдік	айналадығы адамдарға құрметпен қараша, түсіністік танышту, қамқор болу
құқық	бір қоғамда бірге өмір сүретін адамдар қауымдастыры
сыйластық	тең құқылы болу

- Q** 3. Теңдік туралы ақпаратпен танысындар, томендегі кестені толтырып, парталастарынан салыстырындар.

Ерлер мен әйелдер тең құқылы деп бала кезден айту, түсіндіру маңызды, әйтпесе адамдар бұл мәселені жете түсінбейтін және жасанды деп қабылдайтын болады.

Тереза Звольская

Гендерлік теңдік – қай жынысқа жататынына қарамастан, ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін және саяси, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени өмір салаларына қатысуға накты қолжетімділігін қамтамасыз ететін құқықтық мәртебе.

*Қазақстан Республикасының «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заңынан*

Қазақстан Республикасында әйелдер мемлекетті басқаруға араласады. Мемлекеттік қызметтегі орталық және жергілікті атқарушы орындарда жұмыс істейтіндердің 58 пайызы әйелдерден тұрады. Парламент депутаттарының 21-і, яғни 14 пайызы – әйел. Барлық деңгейдегі мәслихаттарда орта есеппен 17 пайызы депутат әйел бар.

*«Айқын» газеті*

Отбасында және қоғамда әйел сыйлы болса, еліміз үшін алаңдамауга болады.

*H.Ә. Назарбаев*

Пікірлер	Көтерілген мәселе	Менің көзқарасым
1-пікір		
2-пікір		
3-пікір		

**Q** 4. Сұхбатқа қатысындар. Бірің – тілші, бірің – сұхбат беруші, бірің жазушы рөлін таңдаңдар. Тілші Қазақстандағы ер адам мен әйел адаминың тәндігі туралы сұрайды. Сұхбат беруші жауап береді. Тілші сұрақтар мен жауаптарды жазып отырады. Сұхбат барысында томендегі сөздерді қолданыңыдар.

**Керекті сөздер:** тең құқылы, басқару, билікке араласу, сайлану, еңбек ету, дауыс беру, пікірін айтуды.

### Тілдік бағдар

#### Ым-ишарап тілі туралы

Қарым-қатынас барысында біз дыбыспен, сөзben, яғни сейлеу тілімен қатар ым-ишараптарды жіңі қолданамыз. Мысалы, келіспесек, басымызды шайқаймыз. Келіссек, басымызды изейміз. Қолмен, көзben өртүрлі ақпараттарды жеткіземіз. Мұны «бейвербалды құралдар» деп атайды. Ал дыбыс пен сөзді «вербалды құрал» деп атайды.

2-

сабак

### Гендерлік тәндік мәселесі



1. Сұрақтарга жауап беріндер.

1. «Гендерлік тәндік» дегенді қалай түсінесіндер?

2. Қазақ халқының танымында ерлер мен әйелдер туралы қандай дәстүрлі пікірлер бар?

## 2. Акпаратпен танысып, негізгі мәліметтерді анықтаңдар. Негізгі ойды жеткізетін тірек сөздердің тізімін жасаңдар.

Гендерлік тенденция адам құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Дүниежүзі халқының жартысын өйел заты құрағанымен, қоғамда толыққанды тепе-тенденция орнауы үшін көп жұмыстар атқару керек. Өйткені әлі күнге дейін гендерлік тенденция қол жеткізу, әйелдердің құқығы мен мүмкіндіктерін арттыру әлемдік проблема болып тұр.

1970 жылдары халықаралық феминистік қозғалыс күш ала бастады. Осы жағдайға ерекше мән берген БҮҮ Бас Ассамблеясы 1975 жылды «Халықаралық әйелдер жылы» деп жариялады және Мехикода әйелдерге арналған бірінші дүниежүзілік конференция үйімдастырыды. Конференцияның қатаң ұсынымынан кейін 1976–1985 жылдар аралығы «Әйелдер онжылдығы» деп мақұлданды және арнайы қор құрылды. Содан 1979 жылы БҮҮ-ға мүше дүниежүзіндегі 187-ден аса мемлекет әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жою жөніндегі конвенцияны қабылдады. Оның ішінде Қазақстан да бар.

Қазақстанның Конституациясы адамды жынысына қарап кемсітуге тығым салады. Соңғы 14 жылда осы бағытта бірқатар стратегия мен заң қабылданды. Атап айтсақ, 2006–2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының гендерлік тенденция стратегиясы әзірленді.

2009 жылы Ерлер мен әйелдердің тенденциялары мен тенденциялардың мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заң қабылданды. Бұған қоса 2016 жылы Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы жарияланды. Біздің елімізде барлық салада гендерлік тепе-тенденкті дамытуға үнемі назар аударылып келеді.

(«Егemen Қазақстан» газеті, №158, 19 тамыз, 2019 жыл)

### 3. Инфографикада берілген мәліметті айғақ ретінде қолданып, мәтіндеңі бір тұжырымды дамытындар, парталастарыңа баяндаңдар.

#### Білім беру саласындағы гендерлік саясаттың көрінісі



**4. Ұстеудің мағыналық түрлерімен танысып, есте сақтаңдар.**

**Тілдік бағдар**

Ұстеу – қимылдың белгісін, мезгілін, мекенін, себебін, мақсатын білдіретін сез табы. Ұстеу мағынасына қарай 7 топқа бөлінеді.

Мағынасына қарай түрлері	Ережесі	Сұрақтары	Мысалы
<b>Мекен</b>	Қимылдың болу орны мен бағытын білдіреді.	қайда? қалай қарай? қайдан?	ілтері, осында, бері, мұнда, жогары, төмен
<b>Мезгіл</b>	Қимылдың мезгілін білдіреді.	қашан? қашаннан бері?	бүгін, таңертең, түнде, ертең
<b>Себеп-салдар</b>	Қимылдың болу себебін, салдарын білдіреді.	неге? не себепті? неліктен?	амалсыздан, лаж- сыздан, босқа, бекерге
<b>Қимыл-сын</b>	Қимылдың жүзеге асу амалын білдіреді.	қалаі? қайтін? қалайша?	емін-еркін, әрең
<b>Мөлшер</b>	Қимылдың мөлшерін, көлемін білдіреді.	қанша? қаншама? қаншалық? қаншалап?	соңша, негұрлым, әжептәуір, осылай, қыруар, біршама, соңшалық, анағұр- лым, аз, көп
<b>Күшейткіш</b>	Қимылдың белгісі мен сапасын тым күшейтіп не солғын- датып көрсетеді.	қалаі? қандай?	ең, тым, аса, өте, нағыз, кілең, орасан
<b>Мақсат</b>	Қимылдың болу мақсатын білдіреді.	қалаі? не мақсатпен?	әдейі, қасақана, жорта

**5. Сойлемдерді керекті ұстеулермен толықтырыңдар.**

1. Ер адамдарға қарағанда, әйелдер қауымы табиғатынан тіл табысқыш болып келеді.

2. Ер адамдар үй шаруасын \_\_\_\_\_ істесе, әйел адамдар оны рақаттанып атқарады.

3. Ер адамдар дүкен аралап, \_\_\_\_\_ уақыт еткізгісі келмейді.

4. Ал әйелдерге дүкендерді аралауға \_\_\_\_\_ уақыт бөледі.

5. Өйелдердің сезім өлемінің дамығаны \_\_\_\_\_  
сәл нәрсеге жылауы мүмкін.

6. Ал ер адамдардың жылауы, көзден жас шығаруы  
әлсіздікті білдіреді. Олар өз сезімдерін тежей \_\_\_\_\_  
алады.

Керекті сөздер: сошалық, оцай, әдейі, зорга, тез, босқа.

6. Көркем әдебиеттен, публицистикалық мақаладаи, үзінділерден үстеулерді табыңдар. Үстеулерді магыналық түрлеріне қарай талдаңдар. Қай стильде қандай үстеу түрі жиі қолданылады деп ойлайсың?

### Публицистикалық стиль

«Мениң жастығым адам баласының қызыметіне берілді. Мүмкін, мен жастығымды қайыра алмаспыш. Бірақ ол босқа кетпейді, менен кіші інілерімнің еншісіне тиеді. Кейінгі жастар, жас інілерім, сендер бақытты жандарсындар. Сендер соғыс дегенді білмей өтетін боласындар. Біз жастығымызды сендердің бақыттарының жолына құрбан еттік. Сендер тыныш өмірде бақытты жасайтын боласындар. Біз көрлі кезеңнің, соғысты заманның жандарымыз. Біз соғыста туғанбыз, соғыста өлеміз де. Қуресте тудық, сол құреспен өлеміз. Осының бәрі сендер үшін, кейінгі үрпак!».

(Баубек Бұлқышев)

### Көркем әдебиет

– Тірі жан-жануарлар мен жәндіктердің ішіндегі ең өжеті қайсысы?

– Ең өжеті – жыртқыштар, себебі олар бостандығы үшін жанын қияды.

– Тірі жан-жануарлар мен жәндіктердің ішінде ең әділеттісі қайсысы?

– Ең әділетті тіршілік ететіндері – жыртқыштар. Себебі олар табигаттың заңымен өмір сүреді, табигат – Құдайдың жаратқан жаратылышы.

– Осы жыртқыштар даналықтың да негізгі мәйегі болып журмесін?

– Заң негізінен ғөрі табигаттың ұлылығын мойындаудың өзі – даналық.

(Анақарыс сөздерінен)

3-

сабак

## Қазақ отбасындағы өкенің рөлі



1. Анаграммадан әкеге қатысты сөздерді тауып айтыңдар. Сол сөздермен сойлемдер күраңдар.

A	Y	C	T	A	Z	M	T	Y	K
C	К	Ы	Ө	А	Қ	Ы	Л	Ш	Ы
Қ	А	Н	Н	П	Ү	Е	Ө	М	Т
А	М	Ш	Е	Т	Ө	Р	Б	И	Е
Р	Қ	Ы	В	Ф	Н	В	І	Ы	А
Т	О	У	А	В	М	Ү	Ң	Й	F
A	R	A	C	Ы	R	A	У	Ш	Ы
У	И	У	Ш	Р	К	Х	А	Ү	Г
А	П	Р	Ы	Ц	Л	Д	Ц	К	Н
Ң	З	А	Ө	Й	О	Ү	Я	Е	Е



2. Сөздерді тіркестіріп, мақал-мәтелді құрастырыңдар.

әке	оқ жонар
әке көрген	ұл өсер
әкеге қарап	асқар тау
әке	әке болмас
алты аға бірігіп	балага сиңиши



3. Жаңа сөздермен танысыңдар.

Жаңа сөздер	Мәғынасы
құлагы мүкіс тартқан	құлагы нашар естиді
дүрга	Құран оқып, тілек тілеу
дәріс	сабак алу, білім үйрену
тамам болу	аяқталу
хазірет	діни лауазым
күн райын бақсан бақташыдай	малшы сияқты ауа райын бақылау



4. Мәтінді оқыңдар, тапсырмаларды орындаңдар.

Құлагы көптен мүкіс тартқан көрі өжесінің ең бір жақсы көретін немересі Абай-ды. Оны есінен шығармай, дүғасына кіргізіп, тілеуін тілеп отыратын.

Аттылар үйдің сыртына келе бергенде алдарында, сол үлкен үй мен күншығыс жағына тігілген қонақүйдің екі арасында бұларды күткен бір топ жан түр екен. Жаңағы шешелерден басқа: женгелер, көрші үйлердің қатындары, бірен-саран тыста жүрген шал-кемпір, онан соң осы ауылдың барлық үйлерінен шығып, жүгірісіп келіп жатқан балалар бар. Бұл топқа қарай ауылдың үлкендері де жан-жақтан да-бырлап сейлеп, ағылып келе жатыр.

Осы жиынға қараган бетімен, екі жолдасынан озып кеп бұрын түскен Абайдың атын біреу алыш кете берді. Бала көп ішінен, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесін анадай жерде тұрып:

– Өй, шырағым, балам, әуелі ар жағында әкең түр... Сәлем бер! – деді.

Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақүйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай түр екен. Іңгайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды.

Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына келіп қалып еді. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа гана амандық сұрады. Тұрган орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап алыш:

– Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді. Кекету ме, жоқ, күдік пе? Немесе шынымен жай білгісі келгені ме?

Бала ес білгеннен бері әкесінің қабагын жұтақ қыста күнрайын баққан бақташыдай бағып, танып өскен. Әкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы момын пішінмен:

– Шүкіршілік, әке, – деп біраз тұрды да, – ат барған соң, дәріс тамам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатихасын алыш қайттым, – деді.

Майбасар Абайдың жауабын ұнатып тұрып:

– Өзі, тіпті, көшелі кісі бол қапты! – дей беріп еді, Құнанбай оның сөзін аяқтатпастан Абайға:

– Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам! – деді.

Абайдың күткені де сол еді. Өлі тосып, бар қозгалысын алыстан қарап, өңгіме етіп түрған шешелеріне қарай бұрылғанда, Абай қайтадан өзінің жасына лайық қуанышты бала қалпына келе қалды.

(Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» романы)

**Сұрақтар:**

1. Үзіндіде қай уақыт суреттеледі?
2. Абайды кімдер күтіп алды?
3. Абай кімдермен амандасты?
4. Үзіндіде қандай үлттық әдет-ғұрып сипатталды?

Ақнарат	Шын	Жалған
1. Абай анасын қатты сағынған.		
2. Абай анасының ым-ишарасын жақсы түсінді.		
3. Абай мен әкесі арасында жақсы түсіністік бар.		
4. Құнанбай балаларын қатаң тәрбиеледі.		
5. Абай әкесінің ойын жақсы сезеді.		
6. Құнанбай Абайдың ішкі сезімін жақсы түсінді.		

**Есте сақта!**

Қазақ отбасында әкениң орны ерекше. Өке – отбасындағы сыйлы адам. Әкениң мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі – баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, орган қарап өсетін нысананасы. Ер бала – әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен ақылласады. Ер баланың өсіп, жетеліп, өз алдына жеке түлға болып қалыптасуында, қогамдағы өз орнын дүрыс таба білуінде әкениң атқаратын еңбегі ерекше.

 5. Сойлеу ағымының интонациялық құрамдағас беліктері: тембр, қарқын, кілдірісті сойлеу мәніріне сай қолдана отырып, мәтінді ролге беліп оқындар.

 6. Мәтін мазмұны бойынша сойлемдерді аяқтаңдар.

Бала көп ішінен, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, \_\_\_\_\_.

Анадай жерде, қонақүйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – \_\_\_\_\_.

Құнанбай тез бұрылып сөлемдерін алды да, \_\_\_\_\_.

Құнанбай оның сөзін аяқтапастан Абайға: – \_\_\_\_\_.

4-

сабак

## Өке – отбасындағы сыйлы адам

## 1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақ халқында неліктен әкені «отағасы» деп атайды?
2. Өке мен бала арасындағы сыйластықты қалай түсінесіңдер?
3. Не себепті отбасында әкенің жауапкершілігі зор?

## 2. Үзіндіні оқып, өз ойларынды болісіңдер. Негізгі ойды анықтаңдар.

Бірде қарт Құнанбай баласы Абайды шақырып: «Балам, сен әкене жете туғансың ба, өте туғансың ба?» – деп сұрайды. Сонда Абай: «Өке, мен өте туғанмын, ейткені мен ақын болдым», – деген екен. Азгана ойланған дана Құнанбай: «Жоқ, сен маған жете тудың. Өте туу үшін Абай секілді бала тәрбиелей алудың керек», – деп жауап қатқан деседі.

## 3. Жағдаяттың сұрақтарға тірек сөздерді пайдаланып, жауап беріңдер.


1. Әкені неге асқар тауға теңейді?
2. «Өке – білек, саусағы – балалары, қан тамырмен жалғасқан аралары» дегенді қалай түсінесің?
3. Бүгін – әкенің туған күні. Тілек айту кезегі саған да келіп жетті. Әкене қандай тілек айтасың?

**Тірек сөздер:** ақыл, қайрат, сана-сезім, көзбен көру, жүрекпен сезіну, білім беру, әкеден үйрену, толім алу, сырласу, әке мен бала арасындағы байланыс, әкесине қарап үл өсер.

## 4. Берілген үстеулерді пайдаланып, сейлемдерді түрлендіріңдер.

Сейлемдер	Үстеулер
1. Анадай жерде, қонақүйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен.	
2. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін үқтү да, әкесіне қарай тез бұрылды.	амалсыздан лажсыздан
3. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді.	босқа, бекерге
4. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқағана амандық сұрады.	емін-еркін, әрең
5. Тұрган орнынан қозгалған жоқ.	
6. Баласын қасына да шақырмады.	

5. «Әкениң ролі» деген тақырыпта дәлелдер көлтіре отырып, кластер құрастырындар.



### 5- сабак

### Фылымдағы әйелдер

1. Мәліметпен таныссындар. Фылымдағы әйелдер саны неге аз? Жұпта мәселенің бірнеше себебі анықтаң, болжам жасаңдар.

UNESCO статистика институтының соңғы дерегі бойынша әлемдегі ғалым әйелдер саны 30%-дан асқан. Бұл көрсеткіш жыл сайын артса да, ер адамдарга қарандыра, әйелдерге ғылым жолында кедергілер көп кездеседі екен.

- 2. Мәтінді тыңдаңдар. Фылымдағы әйелдер туралы 5 айғақты таңбылар.
- 3. Мәтіннің 2–3-абзацыны тыңдаңдар. Әр елдегі мәліметтерді салыстырындар.

Лондондағы империялық колледж докторы Джессика Уэйттің пікірінше, әйелдерді ғылымнан кетуге мәжбүрлелітін жүйе өзгермесе, оларды ғылымға ынталандыру шараларынан нәтиже болмайды.

Патшалық химия қауымдастырының Ұлыбританияда жүргізген зерттеуі де осыған үқсас нәтиже берген. Зерттеу қорытындысына сәйкес, химия саласы бойынша білім алғандардың 44%-ы, ал осы салада профессор дәрежесін алғандардың 9%-ы ғана – әйелдер. Профессор Джо Рейнольдс BBC-ге берген пікірінде: «Біз сұхбаттасқан әйелдердің 99%-ы ғылым жолында кедергілерге кездескенін растады. Бұл – аланнан тиесінде құбылыш», – дейді. Сөуір айында Мельбурн университетінің ғалымдары «ғылымдағы гендерлік алшақтық» тақырыбында зерттеу жүргізіп, «Қазіргі қолдау

шараларының қарқыны артпаса, физика саласындағы әйелдер мен ерлердің үлесін теңестіруге жүздеген жылдар кетеді» деген қорытындыға келген.

11 ақпан БҮҮ Халықаралық ғылымдағы әйелдер күні болып жарияланды.

Бұл шешім 2015 жылдың 15 желтоқсанында қабылданды. 14 елде жүргізілген зерттеулер әйелдердің ғылымдағы дәреже алу мүмкіндігінің төмендігін көрсетті. Бакалавр дәрежесін 18%, магистр дәрежесін 8%, доктор дәрежесін 2% әйелдер ала алады. Ал ер адамдар үлесі 37%, 18%, 6% қурайды.

Ал Қазақстанға келетін болсақ, ғылым саласының 2017 жылғы қорытындысы бойынша 9282 әйел ғылыми зерттеумен айналысқан. Ғылым докторы дәрежесін 206 әйел, PhD дәрежесін 243 әйел, ғылым кандидаты дәрежесін 2579, ал магистр дәрежесін 2345 әйел алған. PhD дәрежесін алғандар ішінде 25–35 жас аралығындағы әйелдер саны көп.

(Гүлмира Әбдірайымова)

**4. «Ғылымдағы әйелдер саны неге аз?» деген сұрақтың мүмкін болатын жауаптарымен танысындар.** Өз таңдауларыңды жасап, оны дәлелді түсіндіруге тырысындар.

1. Әйел отбасына көп уақытын жүмсайды.
2. Әйелдің «ақылы қысқа» стереотипі өлі де бар.
3. Әйелдерді кемсіту бар.
4. Әйелдерге жалақы аз төленеді.
5. Әйелдер өз әдемілігіне көңіл бөлуі керек.
6. Әйел бала тәрбиесімен айналысып, отбасы жылуулығын сақтауы керек.

**5. Шагын ақпараттан есімдіктерді табыңдар.** Олар қандай сөздердің, сөйлемдердің қызметін ауыстырып тұрғанын айтыңдар.

Зерттеулер ер адамдардың әйелдерге қарағанда, математика саласында қабілетті екенін көрсетті. Оның басты себебі – ер адам мен әйел адамның ми қыртысымен, физиологиялық ерекшелігімен байланысты екенін ғылым дәлелдеп отыр.

Америкалық физика институтының зерттеуі бойынша физик әйелдер физик ер адамдарға қарағанда, жалақыны аз алатынын байқатты. **Осылай қоса ғылыми іссапарларға да әйелдерге қарағанда ер адамдар көбірек шығады екен.** Жұмыс берушілер басшы қызметке ер адамдарды таңдайтынын айта-

ды. Олар ер адамдарға берілетін жалақының әйел адамдарға қарағанда жоғары болатынын айтады. Бұл тағы да гендерлік тенденциялардың елі толық жойылмағандығын байқатады. Оның басты себебі – әйелдің баланы дүниеге әкелуімен, көп уақытының оны бағуға, тәрбиелеуге, өсіруге кетуімен байланысты екен.

#### 6. Бос орындарды керекті есімдіктермен толықтырып, мәтінді қалпына келтіріңдер.

Керекті сөздер: олар, оның, бізде, олар.

Бізге жұмыс та істеу керек, ғылыммен де айналысу керек, үй-ішінің тірлігі мен бала-шаганың да тәрбиесі бар.

\_\_\_\_\_ бәріне уақытты тиімді пайдалансаңыз, ұлгеруге болады. Керісінше, \_\_\_\_\_ көбірек міндет болған сайын уақыттың қадірін жақсы білеміз. Тұрмыстық міндеттер ғылыммен айналысуга кедергі болмайды деп ойлаймын. \_\_\_\_\_ адамды икемделуге, бейімделуге ұмтылдырады.

Менімен бірге жұмыс істейтін ер-азамат әріптестер еңбегімді бағалайды, мойындаиды, құрметпен қарайды. Мүмкін ғылымда жүрген ер-азаматтар стереотиптерден алыс шығар. \_\_\_\_\_ жынысқа емес, еңбегінің нәтижесіне көбірек мән береді.

6-  
сабак

#### Қазақ халқының ұлттық танымындағы әйел бейнесі

1. Өн мәтінін оқып, топтарға бірігіңдер. Өнді тыңдалап, сұрақтарға жауап беріңдер.

*Сөзін жазған: Қ. Қазыбек  
Өнін жазған: М. Омаров*

#### Қызыны

Үкілі кемшат, бүрмелі кейлек,  
Тұрғандай өзі қымылсыз бейне.  
Иықтан шашы төгіліп жерге,  
Күмісті шашбау жарасып белге.

Қыылған қасы, қарақат көзі,  
Жүректі баурап оятар сезім.  
Тал бойы нәзік қызғалдақ гүлдей,  
Дидары нұрлы шуақты күндей.

Жаңарып қайта, жаңғырып көнем,  
Ләззат алар көрген жан сенен.  
Көркінен сенің айналым, еркем,  
Халқымның салтын сақтаған көркем.

**Сұрақтар:**

1. Өндегі кімдер туралы айтылады?
2. Қазақ халқы қыздың сыртқы сүлүлігін қандай сөздермен сипаттаған?
3. Өндегі қыздың жан сүлүлігін қандай сөздер бейнелейді?

**Q 2. Өн мәтінінде кездесетін мына сөздерді мағынасымен сәйкестендіріңдер.**

көмшат (баскиім – көмшат берік)	көңілінен шыру, ұнау
дидар	белінен қынамалай тігілген дәстүрлі кейлек
нұрлы	көмшат терісінен тігілген ұлттық баскиім
бүрмелі кейлек	жүз, келбет, бейне
жүректі баурау	жүзі жарқын, жылды шырайлы

**Q 3. Мәтінді оқып, тезистердің түсіндірілуіне талдау жасандар.**

Қазақстанның Еуропа мен Азияның ортасында орналасуы қазақ халқының дүниетанымына әсер етті. Оны қазақ әйелінің бойынан көрінетін мінез-құлық, қасиеттерінен де байқауға болады. Кез келген табысты ұлттың өзіне төн «әйел образы» қалыптасады. Мәселен, азат ойлы, еркін қызықты француз әйелінің, дүрмекті итальян қызының, паранжа киген құпияға толы араб әйелінің, тілалғыш жапон әйелінің бейнелері біздің санамызға сіңіп қалған. Ал қазақ әйелі ше? Ол қандай? Қазіргі қоғамда заманауи қазақ әйелін қалай таныстыруға болады?

Қазақ халқы қыздарға, аналарға қашан да үлкен құрметпен қараган. Бұл тәңіршілдікпен, тәңірге сенумен байланысты. Ол бойынша қазақ әйелін Ұмай ана қорғап жүреді. Ұмай ана өмір беруші, өмірді сақтаушы күш болып есептелген. Қазақ әйелін үрпақ әкелуші, адамды дүниеге әкелуші қасиетті жан деген ұғым осы Ұмай ана туралы түсінікпен байланысты қалыптасқан.

Қазақ әйелі – отбасын сақтаушы, ер-азаматтың ақылшысы, оның сенімді серігі, жары. Қазақ әйелі мейірімді ана, үрпақты жақсылықта тәрбиелейтін, отбасының, туыстардың арасындағы жылы қарым-қатынасты сақтаушы жан ретінде жоғары бағаланған. Мысалы, батырлар жырын еске түсірейікші. «Алпамыс батырдағы» – Гүлбаршын, «Қобыланды батыр» жырындағы – Құртқа батырлардың тұлпарларын баптап, оларға ақыл-кенес беріп отырады. Ал сақ патшайымы Тұмар елге жау шапқанда, халқын сыртқы жаудан қорғады. Ол қолына найза, садақ алыш, ер-азаматтармен, батырлармен қатар соғысты.

Улы Отан соғысы жылдары Шығыстың қос жұлдызы атанған Әлия мен Мәншүк – сол Тұмар патшайымның ерлігін қайталады. Олар тайсалмай, қорықпай, фашистерге қарсы соғысты.

Бұл мысалдар қазақ әйелінің, қыздарының бойындағы батырлықты, ерлікті, қайсарлық пен батылдықты бейнелейді.

Ал ақылды, зерек, жаны бай үрпақты тәрбиелеген Зере, Айғаным сияқты әжелер туралы әңгімелер қазақ әйелінің бойындағы тазалықты, ізгілік пен терең ой иесі екенін көрсетеді. Зере әже мен Ұлжан ана қазақ халқына Абай сияқты данышпан, үстазды тәрбиелеп берсе, ал Айғаным ханым Шоқан Ұәлихановтай ғалымды – жарық жұлдызды тәрбиелеп өсірді, қанаттандырды. Егер бала Шоқан, бала Абай жастайынан қазақ халқының бай ауыз әдебиетін әжелері мен аналарының ауыздарынан естіп өспегенде, олар бүндай жаны бай, көреген, сезімтал тұлға болмас еді. Олар өмірдегі жақсылық пен жамандықты, ізгілік пен қастандықты, дүшпандық пен маҳаббатты тани алmas еді, оны халыққа жеткізіп, болашаққа апаратын жарқын жолды көрсетпес еді.

Қазіргі қазақ әйелі – отбасының иесі, ер-азаматтың сенімді серігі ғана емес, іскер адам. Ол бала тәрбиелейді, қоғамдық жұмыстарға қатысады, кәсіпкерлікпен айналысады. Еліміз үшін маңызды шешімдер қабылдауға қатысады. Оны сен өз айналаңдан да байқай аласың, кере аласың.

Сондықтан қазақ әйелі – заман талабына сай еліне, отбасына қызмет ететін, өмірді сүйетін батыр да батыл, жаны сұлу, көреген тұлға. Ол – заманауи талғамға сай киінетін, заманауи трендтерге жауап беретін адам.

(Зәуреш Ерназарова)

Тезис	Мәтінде берілген айғақтар
Әр үлттың тарихында, танымында қалыптасқан әйел бейнесі бар.	
Қазақ әйелі өз елін, халқын сыртқы жаудан қорғаган.	
Қазақ әйелі ұлы тұлғаларды тәрбиелеген.	
Қазақ батырлар жырындағы қазақ әйелі образдары еріне адап болуға тәрбиелейді.	
Қазақстанның Еуразия құрлығы қақ ортасында орналасуының өзі қазақ әйелінің Шығыс пен Батыс дәстүрлерін бойына тең дәрежеде сіңіргенің білдіреді.	

4. Қазіргі қазақ әйелінің бейнесін көрсететін ақпараттар жинаңдар. Оларға талдау жасаңдар. Қазіргі қазақ әйелінің бейнесін сипаттайтын мінез-құлықтарды анықтаңдар. «Балық қаңқасы» әдісін пайдаланыңдар.

7-

сабак

### Қазақ әйелдерінің қоғамдағы рөлі

1. Берілген суреттерге назар аударыңдар. Сурет пен мақалдың арасында қандай байланыс бар?



Г. Исекакова. «Бесік тербеткен ана».

Баланың білегі ауырса,  
Ананың жүрегі ауырады.

(Мақал)

2. «Ананың жүрегі ауырады» дегенді қалай түсінесіңдер?

3. Жаңа сездерге назар аударыңдар, есте сақтаңдар.

Жаңа сездер	Мағынасы
шаңырақтың шырақшылары	шаңырақтың үйліктісі, берекесі
зайырлы	дін бостандығы, әр адамның сенімі

ар-ұждан бостандыры	сана-сезім үгымы әрі этика категориясы
қайшы келу	қарсы келу
қапысыз құрмет	лайықты, жогары құрмет
зорлық-зомбылық	жеке тұлғага қолсұғушылық
икемді еңбек	ыңғайлы еңбек

 4. Суреттер мен мақалдарды сойкестендіріп, магынасын ашыңдар.  
Қыз тәрбиесі туралы өз ойларыңды айтыңдар.



K. Муллаев.  
«Ана мен бала».

Ана алақанының аясы –  
Ақ шынардың саясы.

Қыз өссе – елдің көркі,  
Гүл өссе – жердің көркі.

Қызымы, саған айтамын,  
Келінім, сен тыңда.

Ананың ойы балада,  
Баланың ойы далада.



A. Дүзелханов.  
«Көктем».

 5. Мәтінді тыңдаңдар, томендеңі қоздердің қандай қоздермен тірке-  
сестінін айтыңдар.

Жаңа қоздер	Сөз тіркесі
шаңырақтың шыңырылары	
зайырлы	
ар-ұждан бостандыры	
қайшы келу	
қапысыз құрмет	
зорлық-зомбылық	
икемді еңбек	

 6. Мәтінді тағы бір рет қайталап тыңдап, кесте бойынша тірек сөздерді жазыңдар.


1. Қыздардың тәрбиесіне көзіл бөлу.
2. Қазақстан – зайырлы мемлекет.
3. Қыздың жолы жіңішке.
4. Икемді еңбек түрін қалыптастыру.

8-

сабак

## Қоғамдағы ананың рөлі

1. «Ана» сөзіне ассоциациялы қатар құрылды.



2. Мәтіннен үзіндіні мұқият тыңдаудар.

3. Мәтінді ары қарай болжаудар. Оқига әрі қарай қалай өрбүі мүмкін?



4. Мәтіннің келесі болігін тыңдаудар, сұрақтарға жауап беріңдер.

Сұрақтар:


1. Өңгіме не туралы?
2. Өңгіменден қандай махаббатты байқауга болады?
3. Аナンың қандай сөздері Әмір Темірді ойландырды?

5. Мәтіннің иегізгі ойын анықтаудар. «Қоғамдағы ананың рөлі» деген тақырыпта пікірлесіндер.



6. Мәтіндегі «адамдағы бар қасиет Күниң көзі мен ана сүтінен алған» дегенді қалай түсінесіндер? Автордың айтпақ ойы не? Ойлауында аргументтер көлтіре отырып дәлелдеңдер.

7. Өйелдердің отбасындағы және қоғамдағы ролі бойынша дәлелді ақпараттар көлтіре отырып, «Вени диаграммасын» толтырыңдар.



## 8. Аргументті эссе жазу үлгісіне назар аударылдар, есте сақтаңдар.

**Аргумент** дегеніміз логикалық негіздемелер, мысалдар мен айғақтардың көмегі арқылы дәлелденген белгілі бір тұжырым.

Аргументті эссе – даулы тақырып бойынша өз көзқарасынды білдіретін жазба түрі. Басқаша айтқанда бір адам келісетін, ал екінші бір адам келіспейтін қайшылықты тезис бойынша өз көзқарасынды анықтап, оны дәлелдеуіц керек.

**Аргументті әссеңің маңсаты** – аудиторияны белгілі бір көзқарасқа сендіру және оларды өз жағына қендіру. Өз үстанымының неліктен тиімді екенін айқын дәлелдеу.

**Аргументті әссеңің құрылымдық белімдері:**

**Кіріспе:**

Тақырыпты атаяу.

Тақырыпты тусяндіру.

Қайшылықты көзқарастарды атаяу.

Өзі қолдайтын көзқарасты нақты ұсыну, оны анықтайдын аспектілерді атаяу.

**Негізгі белім:**

Автордың алға қойран талқылау кезінде пайдаланатын негізгі ұғымдарын анықтау.

Тұжырымдарды растайтын дәлелдемелер және қолдау (айғақтар мен мысалдар).

Қарсы дәлелдер мен қайшылықты қарастыру (неліктен әлсіз екенін көрсетеу), ал автордың өз тұжырымы күшінде қалады.

**Қорытынды:**

Негізгі тезисті қайталау.

Негізгі тезисті қорғайтын 2–3 түйінді аргументті қайта атаяу.

Ұсынылған тұжырымдарды қабылдамаган жағдайдағы келетін зияндар туралы жалпы ескертүлөр жасау, аталған тұжырымының пайдалы жақтары туралы жалпы ойды қорыту.

9-

сабак

М. Әуезовтің «Абай жолы» романы



### 1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мұхтар Әуезов есімі әлемге танымал деп айтуға бола ма?
2. Мұхтар Әуезовтің әйел теңдігі тақырыбын көтерген қандай шыгармаларын білесіңдер?

**Мұхтар Омарханұлы Әуезов** (1897–1961) – қазақтың танымал жазушысы, қоғам қайраткері, әлемдік деңгейге көтерілген тұлға, Фылым академиясының академигі, фило-

ологияғылымдарының докторы, профессор, ғылым қайраткері. Ата-анасынан ерте айырылған Мұхтарды атасы Өуез бен әжесі Дінәсіл тәрбиелейді. 1908 жылы Семейдегі Камалиддин хазірет медресесінде оқыды, содан кейін орыс мектебінің дайындық курсына аудысады. Үстаздардың айтудынша, Мұхтар Өуезов мінсіз тәртібімен, айрықша дарындылығымен, тектілігімен, аса сыйпайы мінезімен, сымбатты дене пішінімен өзгелерден дараланған.



(1897–1961)

«Қорғансыздың күні», «Қыр суреттері», «Оқыған азамат», «Кім кінәлі?», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қылыш заман», «Хан Кене», «Адамдың негізі – әйел» т.б. шығармалары бар. Әлем әдебиетінің таңдаулы үлгілерінің бірі – «Абай жолы» шығармасы.

«Абай жолы» романы тартысқа, қарама-қарсы күштердің күресіне құрылған. Осы шығармада адамдар арасындағы психологиялық шиеленістер, қарым-қатынастағы қайшылықтар, күштің ішкі әлсізге көрсеткен қиянаты, жасаған зорлығы, жер дауы, жесір дауы, барымта, жұтқа ұшырату, ескі көзқарас пен жағандың тартысы туралы айтылған.

 2. Жаңа сөздермен танысындар. Сөздерді қандай тақырыпқа біріктіруге болады? Олардың арасында қандай магыналық байланыс бар?

Жаңа сөздер	Магынасы
сияз	сьезд, жиналыс
дау	шешілмеген мәселе
жетіп отырган қызы	кәмелетке толған бойжеткен қыз
атастыру	құда тусу
тең тұсы	өзіне лайықты адам
жесір	күйеуі қайтыс болған әйел
қалыңмал	ұзатылған қызға берілетін мал
жасау	ұзатылатын қыз дүниесі
өжет	өткір, қайсар

өркекірек	тәқаппар
сүйегінді қорлама	намысымды таптама
ырқына көну	айтқанына көну, келісу
құдалық	құда түсу



3. «Абай жолы» романынан алғынган ұзіндімен танысындар, тақырып қойындар. Мәтінді мұқият оқындар, тапсырмаларды орындаңдар.

Осы орайда көлденең ағайынның ендігі бір үлкен жұмысы басталды. Бұл – сияздағы аса бір даулы жұмыс. Ол – қалың керей мен найман арасындағы биылғы өткен қысттан бері ұлы дүбір, үлкен тартыс боп келген «Салиқа қыз дауы».

Қожагелді керейдің жетіп отырган қызы Салиқа түкі сыйбаның жесірі еді. Былтырғы жыл соның атастырған күйеуі, тең тұсы өлгенде, енді қызды жесірім деп, сыйбан қайнаға қаратқан. Ол қайнаға – жасы алпысқа келген, қос қатыны бар адам. Қалыңмал түгел беріліп қойған. Отауын тігіп, жасауын жасап отырган қызды қарт күйеуі үшінші етіп алмақшы болады. Сонда өжет, өркөкірек қыз елінің барлық қожагелді, шақатай ішіндегі үлкендеріне хатпен, сөлеммен арыз етеді. «Сүйегінді қорлама, басында ырқыңа көндім, елім. Жас басымнан бағымды байла ма. Өкемнен де жасы үлкен шалға көп қатынның бірі ғып берме!» – дейді. Қыздың зары халыққа жетеді. Керейдің ер-азаматы, жас-желеңі: «Қыз қорлыққа түспесін», – деп көп ізденеді. Қөрі ақын қобыз бен домбыраға қосып: «Салиқа қыздың туған еліне айтқан арызы», – деп, аса бір мұнды жырмен арман ағытады. Сейтіп, керей «қызды жылат-паймыз» деп, бұрынғы құдалықты енді амалсыз бұзбаққа бекінеді.

Бірақ осы хабар қыздың қайнына жетісімен, неше саққа құбылады. «Жұандық, елемеушілік, аруақ аттау, сыйбан найманды қор етіп, жермен-жексен ету!» деген неше түрлі намысты шабақтаған кекшіл тілге аудысады.

Содан бері қар кетіп, көк шығысымен сыйбан мен керей бір-бірінен кезек барымта аудысады.

Балқыбек сиязы шақырылғанда, Қарқаралы Семейдің екі оязы өздері келіп, бас қосқанда үлкен, тығыз, ұлан-ғайыр пәлелі ісі осы Салиқа дауы болған.

Екі жақтың арбасын, ырғасқан, қабақ торысқан болыстары «Бұл билікті кім айтады?» дегенге келгенде, нені тілерін біле алмай жүрген-ді. Ояздарға: «Өздерің айтып, шешіп бер», – деген де арыз болған. Бірақ ұлықтар бұдан бас тартқан. Ал төбе биге – Асылбекке беруге керей қарсы. Бұны «сыбанның күйеуі» деп, «қанды мойын, дүшпан ауылымның бірі – Ақтайлақтың күйеуі» деп, «тіретей» билер алдынан қашып отыр. Ояздармен ақылдағасқанда, Асылбек өзі де «ағайынның жаласына қалам» деп момындықпен бас тартқан. Бұл женінде Асылбекке жақындары Құнтудай мен Дұтбай кінә тағып, сын айтқан.

(Мұхтар Әuezов.  
«Абай жолы» романы)

**Сұрақтар:**

1. Бұл оқиға қай уақытта болды?
2. Бұл оқиға кімдер арасында дамыды?
3. Оқиғаны дамытқан басты қайшылық бар ма?
4. Салиқа қызы дауы сол уақыттағы қандай шындықты бейнеледі?

 4. Қай үзінді сол кездегі халықтың әлеуметтік жағдайын сипаттайтыны? Үзіндіде берілген ақпаратты тарихи шындықпен байланыстырыңдар.

1. Бұл – сияздағы аса бір даулы жұмыс.

Ол – қалың қерей мен найман арасындағы биылғы өткен қыстан бері ұлы дүбір, үлкен тартыс боп келген «Салиқа қызы дауы».

2. Өжет, өркөкірек қызы елінің барлық қожагелді, шақатай ішіндегі үлкендеріне хатпен, сөлеммен арыз етеді.

3. Жуандық, елемеушілік, аруақ аттаяу.

4. Ал төбе биге – Асылбекке беруге керей қарсы.

5. Мәтін мазмұны бойыниша кестені толтырыңдар.


Тұқы сыбаның жесірі	
Хаттың қысқаша мазмұны	
Құдалықты бұзудың себебі	
Асылбектің дауды шешуден бас тартуының себебі	
Асылбектің жақындары	

10-

сабак

## «Салиқа қыздың дауы»

- Q** 1. Мәтін мазмұнын «Оқиға картасы» әдісі бойынша ретімен бағытап беріңдер.



- Q** 2. Ұзінді бойынша Салиқа қыздың туыс-тұғандарымен болуы мүмкін диалогті құрастырыңдар. Диалогті рөлге бөліп ойнаңдар. Диалог ететін орынды сипаттаңдар.

- Q** 3. Басты кейіпкерге мінездеме беріңдер.

- Q** 4. М. Әуезовтің «Абай жолы» романынан алынған ұзінді мен М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романын салыстырыңдар. Шығармаларда көтерілген әлеуметтік мәселені сипаттаңдар.

Салыстыру	М. Әуезовтің «Абай жолы» романынан ұзінді. «Салиқа қыздың дауы»	Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы
Шығармада көтерілген басты мәселе		
Шығарманы дамыттын басты қайшылық		
Шығармадагы басты кейіпкерлердің портреті		
Шығармадагы автор позициясы		
Шығарманың фабуласы		
Шығарманың сюжеттік құрылышы		

11-

сабак

## «Салиқа қыздың дауы» (1-бөлім)



## 1. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. «Салиқа қыздың дауы» мәтінінде қандай салт-дәстүрлер көрініс тапқан?
2. Салиқа ескі салт-дәстүрге бағынғанда, өмірі қандай болар еді?



## 2. Жаңа сөздермен танысыңдар.

Жаңа сөздер	Мағынасы
лақап	жалған
билік айту	әділ шешімін айтуды
шаги	жұқа, жұмсақ, қымбат матады
әменгерлік	жесір қалған қалындықтың қайнағасына немесе қайын інісіне, не болмаса атастырылған жігітінің ең жақын туыстарының біріне түрмисқа шығуы, некелесуі
тұңғының	терең
тыңдарқұлақ болмау	тыңдамауды



## 3. Мәтін үзіндісін мұқият оқыңдар, сойлеу ағымындағы тембрге, қарқынга, кідірісті сойлеу мөнериіне назар аударыңдар. Сөздікпен жұмыс жасаңдар.

Дәл осы кезде сыбан мен керей ортасында Абайдың әділдігі, туралышылдығы жөнінде айтылған лақап, қошемет сөздер көп тараады. Бір сөзде жүрт: «Тегінде, алдына арызбен, даумен барған кісі осы жігіттен әділдік табатын сияқты. Жақынға бұрмайды, бүкіл қазақтың қамы дегенді көп айтатын жігіт осы. Қамқорлық етіп, қамқорлық жеп айтады», – деседі.

Абай бір күн түсте ояздан шақырту алды. Барса, тәбе би Асылбек те сонда. Қарқаралының оязы да Лосовскийдің қасында екен.

Осы бір жолры қысқа кездесуде ұлықтар мен Асылбек Абайға керей-найманның тілегін, талабын айтты. «Ара ағайын» елдің ар би боп, мынау үлкен пәлені тоқтатуға себепші бол!» – деді.



Осы хабарды естіген соң, Абай көпкө созбай, өзінің керей-найман арасына билік айтуға көнгенін, өзірлігін білдірді. Бұл дауда қыздың жағын қостауға алдын ала бейім болған. Ояздар билікті Абай айтатын болғанына дұрыс қарасты.

Сол күні Абай екі жақтан үш-үштен алты кісі ғана шақыртып алды.

– Жә, екі туысқан, сөзім ем болып, ел тыныштығы табылатын болса, одан аянар, іркер күшім де, ниетім де болмас. Бір кітаптан оқыған нақылым бар еді: «Жалғыз ақыл жақсы, бірақ екеу болса, бекем болар» деген! – деп Абай біраз тоқталып қалды. Осы орында жауабынды білсем деймін, туысқандар! – деп сөзін бітірді.

Жұмақан да, Тойсары да қасындағы кісілерге сөз салмай-ақ:  
– Дегенің болсын!

– Ал, көмегіне кімді алам десең де, өз еркің! – десті.

Абай үндемей ғана, екі жағына салқын жүзбен бір рет бас изеді де, бұл кездесуді осымен аяқтатты. Кейіннен Абай бұл екеуінде жаңа өзі ойлаған тәсілді айтты.

– Сұрамақ пен білмек бар. Әр барымта шабуылда алынған мүлік, соққыға жығылған жігіт көп. Бірақ болған бар да бұлдыр бар. Онан соңғы бір қолқам бар. Екеуіңде анық серттесіп айтатын сөзім: жең үшынан жалғасып, дүниеге сатылып жүрмендер. Ашық айтпай, ақтық жоқ. Екеуінді дос білейін және шын тілейін, қанатым болындар! – деген.

Осымен «Салиқа қызы дауының» бір жұмаға созылған күндіз-түнгі тергеуі басталып кетті.

Абайдың өз қолына алып тергегені қызы ауылының сезиесі – қарт Қалдыбай мен қыздың әменгері шал – Сабатар. Бұлар арасында болған ескідегі құдалық, киіт алу, қалыңмал жөніндегі ауыс-түйістерді Абай асықпай отырып анықтап білген.

Абай өзі жатқан Оспан үйіне сол Салиқа қызды жақындарымен бірге алғызды.

Басында кәмшат беркі бар, құлағында үлкен күміс сырғалары ыргалған, шағи шапан киген, ұзын бойлы қыз келді. Қарасүр бойжеткен Абайдың үстіне батыл басып, салмақпен кірді.

Абай мен Салиқа оңаша қалған еді. Салиқаның жүзін Абай енді анықтап аңғарды. Менсіз, ақаусыз, тап-таза қарасүр жүзінде Салиқаның үлкен тұңғынық қара көздері өзгеше екен. Ойлы оты бар, нұрлы кез. Ұзын, жиі кірпіктері көзінің онсыз да үлкен қарашығын қоңыр көлеңкелендіріп, әсіресе терендетіп көрсеткендей. Қырлы, кетеріңкі мұрнының аз дәңкілігі бар. Жұқа еріндерінің екі шетінде төмен созылған бір кірбең бар.

Абай Салиқага біраз үнсіз салмақпен қарап отырып, өзінің білмек жайларын айтты:

– Салиқа шырақ! Арызынды оқыдым. Сондағы сезің сезі бе? Өуелі осыныма жауап бер! – деді.

– Абай мырза! – деп үлкен тұңғынық көзінде намыс-кер ашу білініп: – Менің сезім сез, дегенімнен айнығаным жоқ! – деді.

– Тары бір сезім – «бармаймын, тимеймін» дегенде, тең көрмегенің тек шал Сабатар ма, жоқ ісі сыбанды құп көрмейсің бе? Сыбанның тең жігіті болса, не дер ең?

– Ауыздарына әуелі шалын алмай, азаматын алса, тең тұсымды атаса, бұлік бастар мен бе едім? Онда менің ауылым, елім еркіме қояр ма еді?

– Теңімді атасын деген сезінді сәлем ғып қайын жұртыңа айттың ба?

– Айтқызып ем, тыңдарқұлақ болған жоқ. «Сабатар – құдай қосқан әменгері. Елде жоқ сұмдықты бастамасын», – депті.

– Тары бір сезіндің жөнін айт, шырақ. О да жасырын емес, бүгін жарыққа шыққан жай гой. Сен шақантай жігітін сы-

баннан күдер үзген соң, таптың ба? Жоқ, бұрын көңіл қосып па едің?

– Имандай сырым болсын, Абай мырза. Сыбан: «Шалдан басқа ешкімді атамаймын» дегенде, мен: «Шақантай жігіті түгіл, «ит екеш иттің» құйрығынан ұстасам да, бұл өңірден кетейін, қарамды батырып, басымды алып қашып жоғалайын» дегем. Шақантай жігіті сонан соң табылды. Бұрын сөз салған керей ұлы түгіл, тірі пенде болған емес. Маған батылы барып, сөзі дарыған керей жігіті жоқ болатын.

Сөзін бітіре берді де, қыз шашақты орамалды көзіне басып, үнсіз жас текті.

– Менің сөзім бітті! – деп Абай қыз жүзіне әлі қарап отыр. Салиқаның соңғы сөзін айтқызы:

– Мені бұзған керей де жоқ! Жалғыз ой кейін пайда болды. Ол – «Сабатардың үш қатынының бірі болмаймын» деген ойым. Ол ойымнан, қайғымнан қиналғаным сонша, бүгінде мен тірі жүргін деп жүргем жоқ. Осы аз күн ішінде өлім мен тірліктің дәл ернеуінде тұрмын. Барым осы-ақ! – деді.

(Мұхтар Әуезов.  
«Абай жолы» романы)

#### 4. Мәтін бойыниша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Салиқа қыздың дауына байланысты Абай өзіне қандай міндет алды?

2. Дауды шешу үшін Абай қандай талаптар қойды?

3. Абай Салиқаға қандай сауалдар қойды?

4. «Болған бар да бұлдырып бар», «Жалғыз ақыл жақсы, бірақ екеу болса, бекем болар», «Ашық айтпай, ақтық жоқ» дегенді қалай түсінесіндер? Өз ойларынды бөлісіндер.

5. Оқиға әрі қарай қалай дамиды деп ойлайсындар? Болжам жасандар. Қалай ойлайсындар, Салиқа қыздың дауы қалай шешімін табады?

#### 5. Мәтін мазмұны бойыниша 10 тірек сөзді теріп жазыңдар. Сөздерді қолданып, мәтін мазмұнын парталастарыңа мазмұндап беріңдер.

*Үлгi:* турашылдық

Абай – шындықты айтқан адам.

12-

сабак

## «Салиқа қыздың дауы» (2-бөлім)

1. Мәтінде кездескен барлық кейіпкерлерді ретімен атап шығындар, оларға қысқаша сипаттама беріңдер.

2. Мәтінниң екінші белгін мұқият тыңдаңдар, негізгі ойды анықтаңдар.

3. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Абай дау туралы өуелгі сөзді кімге берді?

2. Абай осы дауда неше түйінді шешеді?

4. Берілген сойлемдерге үстеулерді қосып, сейлемдерді түрлендіріңдер.

Абай саспай барып, жиын ішіне кірді.	сонша
Бұл қыз болса, тағдыры жазалаган қыз.	негұрлым
Сабатар тілегі сол қыз басына екінші өлімді қанды ноқта етіп ұсынып отыр.	қыруар
Мен әрі сыйбан алдындағы, әрі өзінің қызының алдындағы жазыры үшін керейге тағы да жиырма бес түйе айып кестім.	аса, тым, ең әдейі, қасақана
Ендігі отырыста Абай қысқа ғана емеурін жасап, сөзді өзі бастамай, өуелі даугер би Баракқа сейлетті.	

5. Керей-найман адамдары Абайдың әділ шешіміне қандай баға берді? Өз сөздеріңмен түсінгендеріңді айтып беріңдер.

6. Мәтін мазмұны бойынша ментальды картаны толтырып айтыңдар.

1-  
сабак

## Қазіргі жастар келбеті

1. Суреттерге қараңдар. Фотографтар қандай жастарды көрсеткісі келді? Сыныптастарының пікірін тыңдарап, өз ойларынды болісіңдер.



2. Төменде берілген сөздердің ішінен суреттерге сай келетінін белгілendер.

білімге үмтىлуду

бөсекеге қабілетті болу

мақсатшылдық

уақытты бос откізу

саламатты өмір салтын жүргізу

өз елін сую

3. Жастар туралы 3 түрлі пікірді тыңдаңдар. Пікір авторларын анықтаңдар.

Жанар  
АлтынбайқызыИслам  
МұсахановСұлтан  
Қалиев

1. Қазіргі жастардың көпшілігі бірнеше тіл біледі, ағылшын тілінде еркін сейләйтіндер көп.

2. Көп жастар күні-түні түрмастан компьютер алдында отырады.

3. Көпшілігі қын жұмыстан қашып, оңай жолмен ақша тапқысы келеді.
4. Қазіргі уақытта жас болу оңай емес.
5. Олар уақытын босқа өткізбей, бәрін алдын ала жоспарлап отырады.
6. Біреулер компьютерде отырып, пайдалы іспен айналысса, біреулер босқа уақыт өткізеді.
7. Жақсы көлікке отырып, жақсы, жеңіл өмір сүргісі келеді.

**Q** 4. Сұхбатты қайта тыңдаңдар. Негізгі ойды жеткізетін сез тіркестерінің қатарын анықтаңдар. Оларды қолданып, З сұхбат берушінің пікірін салыстырыңдар. Олардың сөздерінде қандай тақырыптар қамтылды?

бос уақыт өткізу	
ақша табудың жолдарын қарастыру	
пайдалы іспен айналысу	
қыдыру	
білім алу	
бірнеше тілді білу	
компьютерде отыру	
ата-аналарына қамқорлық жасау	
жақсы көлікке отыру	
жұмыссыздық	
қылмыс жасау	
оңай жолмен ақша табу	

#### Көмекші сөздер:

Бірінші автордың ойынша, ...  
Оның айтуынша, ... мәселесі аталады.  
Алайда автор ... негіздейді/негізdemейді.

5. Топтық жұмыс. Пікірлерде айтылған жастар арасындағы негізгі проблемаларды анықтаңдар. Олардың ішіндегі ең маңызды біреуін таңдаңдар. Өз таңдауларынды дәлелден түсіндіріңдер.

2-

сабак

Ел болашағы – жастар

 1. Мәтінді оқыңдар. Мәтінде берілген ақпараттың «Жастар келбеті» тақырыбымен байланысы бар ма? Өз пікірлеріңді дәлелден беруге тырысындар.

1. Бизнесте көшбасшы болу үшін инновациялық ойлау жүйесі мен заман талабына тез бейімделе білу керек. Қазіргі

әлемге әйгілі ірі компаниялардың негізін жас кәсіпкерлер қалағанын білесіндер.

Мысалы, «Фейсбукті» Марк Цукерберг 19 жасында, «Майкрософты» Билл Гейтс 20 жасында, «Apple» компаниясын Стив Джобс 21 жасында құрган. Бұл компаниялар жүздеген мың адамды жұмыспен қамтып қана қоймай, бюджетке қыруар қаржы түсіріп отыр. Олар өз бизнесін бастағанда ауқымды қаржы ресурстарына немесе үкімет қолдауына сүйенген жоқ.

2. Мемлекет қоғамда жасампаздық, бастамашылық, шығармашылық, еңбекқорлық рухын қалыптастыруға баса мән берді. Халқымыздың «Ақыл – жастан, асыл – тастан» деген нақыл сезі бекер айтылмаған. Біздің жастарымыздың бойында мұндай қасиеттер бар. Бизнеспен айналысамын деушілерге жол ашу аса маңызды.

3. Шағын несие берудің және оқыту ісінің оң тәжірибесі негізінде барлық өнірде «Жас кәсіпкер» бағдарламасын өзірлеу қажет. Бұл жоба аясында жыл сайын білім алатын жұмыссыз жастар мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың санын 100 мыңға дейін жеткізген жөн. Соңғы екі жылда «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Бастау» жобасы бойынша ауылдар мен шағын қалалардың 43 мың тұрғынын оқытып шығарды. Сондай-ақ Үкіметке «Бизнес-2020» жол картасы аясында жас кәсіпкерлер үшін грант бойынша белінетін қаржы көлемін екі есе арттыруды тапсырамын.

4. Жалпы, үш жыл ішінде 300 мыңға жуық жастарымыздың бизнестің қыр-сырын менгеріп шығады. Кем дегенде 80 мың адам немесе олардың төрттен бірі өз кәсібін бастап, ел экономикасына елеулі үлес қосатын болады. Осындай арнайы білім алған мамандар нарыққа дайын стартаптар мен өнімдер ұсынуға тиіс. Бітіруші курстардағы 60 мыңға жуық студентті бизнеске баулу қажет. Үкіметке бұл бағдарламаны жүзеге асуру үшін 2019–2021 жылдары 32,1 миллиард теңге бөлуді тапсырамын.

5. Жастардың стартаптарына қолдау көрсететін қорлардың қызыметін ынталандыру маңызды міндет саналады. Дамыған елдерде жастардың өз идеяларын жүзеге асыруға көмектесетін қорлар жұмыс істейді. Олар орталық және жергілікті органдар, университеттер, сондай-ақ жеке құрылымдар тараپынан қаржыландырылады.

(Н.Ә. Назарбаевтың  
2019 жылдың 23 қаңтарындағы Жолдауы)

 2. Мәтіннен томендеғі сөз тіркестері берілген сойлемдерді тауып оқыңдар.

тез бейімделе білу	
инновациялық ойлау жүйесі	
дайын стартаптар	
қорлардың қызметін ынталандыру	
дамыған елдерде	
жұмыссыз жастар	
өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың саны	
бастамашылық, жасампаздық	

 3. Мәтіннен мына тұжырымдарды түсіндіретін сойлемдерді тауып оқыңдар. Қай тұжырымдардағы ой тұра және астарлы турде берілгенін анықтаңдар.

1. Табысты адам жас кезінен өз ісін анықтаган.
2. Бизнесті үкіметтің қолдауынсыз да жасауға болады.
3. Бизнестің дамуы ел экономикасын дамытады.
4. Мемлекет жастарға бизнеспен айналысады үйретеді.
5. Жастардың ұсыныстары мен идеяларына қаржылық қолдау көрсету керек.

 4. Мәтінде берілген негізгі ойды анықтаңдар. Ол үшін мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Кіріспеде берілген тезис сөйлемді табыңдар. Тезисті түсіндіру үшін келтірілген дәлелдерді беріңдер.
2. Мәтіннің негізгі бөлімі қандай сөйлеммен басталады?
3. Бұл сөйлемді тезис деп атауға бола ма?
4. Аталған тезистегі ойды түсіндіру үшін айғақтар, дәлелдер келтірілді ме?
5. Корытынды бөлім қандай сөйлемнен басталады?
6. Елбасы өз сезінде қандай ойды жеткізгісі келді?
5. Топтық жұмыс. Топта мақалада көтерілген мәселе туралы өз коз-қарастарыңды болісіңдер.

3-

сабак

Мамандық таңдау мәселесі



1. Сыныптастарыңмен болашақ мамандық туралы сойлесіңдер.

1. Болашақ мамандығыңды таңдадың ба?
2. Мамандық таңдау оңай ма, қын ба?
3. Саған болашақ мамандықты таңдауға біреулер көмектесті ме?

 2. Хаттарды оқындар, ақпараттарға талдау жасандар, кестені толтырындар.

**Самұрат**

Мен қазір технологиялық университете оқымын. Грантта оқып жүрмін. Алайда көзілімде жүрген түйткіл мәселе бар. Маган мамандығым ұнамайды, сабак та ұнамайды. Оқудан кетсем, гранттан айрыламын. Өзіме физика ұнайды. Не істеуім керек?

**Людмила**

Мен сыйныпта жақсы оқыдым. Сосын ата-анам математика мектебіне берді. Қазіргі сыйныбымда менен де күшті математиктер бар. Мен олардан қалып қоямын. Қатты қысыламын. Бұрынғы мектебімде мен үнемі бірінші болатынын. Мениң не істеуім керек? Бұрынғы мектебіме қайтып барсам, қалай болады?

**Серік**

Мен қазір КИМЭП-те оқымын. Бұл – ата-анамның шешімі. Олар: «Жақсы есепші барлық жерге керек. Жұмыс табу оқай», – дейді. Ал маган балалармен жұмыс істеген ұнайды. Жаңда лагерьде тәрбиеші болдым. Балалармен ойнау, оларды үйрету, олармен уақыт өткізу мен үшін қызық. КИМЭП-те жақсы достарым бар. Оқытушылар да жақсы. Сабагым да жаман емес. Бірақ есепші мамандығы маган ұнамайды.

	Мамандығы	Қындық	Шешу жолы
Серік			
Самұрат			
Людмила			

 3. Жұптық жұмыс. Бірің – хат иесісің, бірің – кеңес берушісің. Хаттагы жағдай бойынша сұхбаттасындар. Шешу жолдарын ұсынындар.

**Шешу жолдары:**

- университетті тастау;
- бір университеттен екінші университетке аудысу.

**Үлгі:**

А. Мен технологиялық университетте оқымын. Грант үшін түскен едім. Ал қазір оқу маган ұнамайды. Тіпті оқыттым келмейді.

Ә. Иә, бұл қын екен. Ұнамайтын мамандықты оқу қын. Өйткені сен оны жақсы көрмейсің, қызықпайсың. Ал мамандық ұнса, сен қызығып оқисың рой.

Меніңше, саған уақытты жібермей, өзіңе ұнайтын мамандыққа түсү керек. Ал технология университетінен кету қажет.

**A. Ата-анама қалай айтамын? Қайтадан тест тапсыру керек. Қайтадан дайындалуым қажет.**

**Сұрақ түрлері:**

- ✓ Менің не істеуім керек?
- ✓ Не істесем дұрыс болады?
- ✓ Қателестім деп қорқасың ба?

**Жауап түрлері:**

- Сойлеу әдебі**
- ✓ Сенім білдіргеніце рақмет.
- ✓ Әңгіменді, ойынды ашың айтқаныңа қуанамын.
- ✓ Бұндай мәселеде нақты жауапты, шешімді айтту, әрине, қыны.
- ✓ Сенің қиналышыңды жақсы түсінімін.
- ✓ Саган көмектескім келеді. Дегенмен қиналған кезде тәжірибелі, білікті мамандармен кеңескен дұрыс. Сенің былай істеуің керек деп ойлаймын.
- ✓ Bir нәрсе айтту қыны.

**Q 4. Топтық жұмыс. Хаттарда баяндалған жағдайларды шешу жолдарын талқылаңдар. Ең тиімді, дұрыс жолы қандай?**

4-

сабак

**Қазіргі заманғы түйткіл мәселе**



**1. Сөздермен танысындар. Сөздер мен суреттің арасында қандай байланыс бар деп ойлайсындар?**

- аландау –
- іздеу –
- уақыт жұмсау –
- жасөспірім –
- қызығушылық –
- жоғалу –
- мұлдем –
- мәңгүрттену –



**2. 2 түрлі ақпаратпен танысындар. Тақырыптар тізімінен ақпараттар мазмұнына сай келетін тақырып түрлерін анықтаңдар.**

1. Ағылшын ғалымдары студенттері үшін аландаап отыр.
2. Сауатсыз студенттер неге көп?
3. Қазіргі жастар білімді ме?
4. Ең ақылды студенттер қай елде?

5. Елдің даму деңгейі мен білім сапасының арасында тәуелділік бар ма?
6. Қайда оқыған дұрыс?
7. Интернет сауатсыздықты дамытты.

A. ...	Ә. ...
<p>Фалымдар 65 мемлекеттің окуорындарында зерттеу жүргізілді. Тізімнің басында Шанхай қаласының (Қытай) жастары мен Оңтүстік Корея және Финляндия студенттері тұр. Ал «ақылдылық» қандай өлшемдер бойынша талданған? «Ең күрделі математикалық есептерді 3 пайыз студенттер ғана шеше алады. Ал Шанхайдың студенттердің 25 пайызы бұл есептерді шығара алады», – дейді зерттеушілер. Сондай-ақ Шанхайдың Азия мемлекеттерінен келген студенттер өте көп. Оның басты себебі Шанхайдың сапалы білім беріледі. «Білім сапасы туралы әңгіме өз алдына бір болек. Шанхайдың білім саласында ең нашар деген мектепке ең білімді, мықты директорлар мен аса дарынды оқытушылар жіберіледі. Мақсат – жағдайды өзгерту, білім сапасын көтеру. Мұндай тәртіп, әрине, білім сапасын көтереді», – дейді олар.</p> <p>Финляндия жастары Еуропадагы «ең ақылды» студенттер болып есептеледі. Ал студенттер «ақылдылау» Еуропа елдерінің қатарына Бельгия, Эстония, Исландия, Нидерланды, Норвегия, Польша және Швейцария енген.</p> <p>Ең қызығы, дамыған АҚШ, Германия, Франция студенттерінің ақыл көрсеткіші «орта деңгейде» екен. Зерттеушілер бұл қатарға Швеция, Ирландия, Дания, Венгрия, Португалия студенттерін де қосқан.</p>	<p>Брикбек профессоры (Лондон университеті) Орландо Файджес сараптама жасады. Қазіргі жастар Уикипедия және SparkNotes секілді ақпараттық сайттарда көп отырады, сондықтан мүлде кітап оқымайды екен. «Студенттер бірде-бір кітап оқымайды. Университетті сауатсыз адамдар бітіріп жатыр», – деп алаңдайды Лондон университетіндегі академиялық даму институтының сарапшы мамандары. Қоңтеген студенттер қажетті ақпаратты интернетten табуга үмтүлады. Сондықтан кітапханада кітаптарды іздеймейді, оған уақыт жұмысамайды. «Компьютерлік ойындар мен әлеуметтік желілердің саны көбейген сайын жасөспірімдердің білімге қызыгуышылығы азаяды», – дейді «Тарих» пәннің оқытушы-профессоры Орландо Файджес.</p> <p>«Таймс» интернет газеті студенттердің әдеби сауаты мүлдем төмен дег жазады. Сараптама бойынша әрбір алтыныш Лондон түркіні роман кейіпкері Шерлок Холмсты және оның авторын білмейді. Ал студенттердің әдеби сауаттылығы төмен. Олар 70 балдан орташа 27 балды ғана жинаған.</p> <p>Егер осы бағытта жалғаса берсе, болашақта кітапханаларымыз мұрагаттарға немесе мұражайларға айналуы әбден мүмкін.</p> <p>Ал сен қалай ойлайсың, құрметті оқырман? Бұл жағдайды мәңгүрттенну деп атауга бола ма?</p>


3. Жұптық жұмыс. Сұрақтарды мәтін түріне қарай ажыратып, жауап беріңдер.

1. Ағылшын ғалымдары қандай зерттеу жүргізді? – А
2. Зерттеу қандай проблеманы анықтады?
3. Жасөспірімдер неге кітап оқымайды?
4. Қазіргі жастарға қандай сауаттылық жетпейді?
5. Қай елде ең нашар мектептің басшылары мен мұғалімдерін өзгертереді?
6. Шанхайда білім алуға кетушілер саны көбейді ме?

 4. Мәтіннен ақпараттың негізгі мазмұнын жеткіzetін тірек сөздерді тізіп жазыңдар.

A мәтіні	Ө мәтіні

 5. Мәтіндерде берілген негізгі мәселені және оның себептерін атаңдар.



 6. Сұрақтар бойынша пікірлесіндер, SWOT сараптама талдауын жасаңдар.

1. Ақпаратта қандай қауіптер аталады?
2. Автор қандай болжам жасайды?
3. Болашақта қандай адамдар көбейеді: білімді ме өлде білімсіз бе?

Жастардың жақсы жақтары:	Жастардың әлсіз жақтары:
• _____	• _____
• _____	• _____
Жастардың мүмкіндіктері:	Жастарға тән қауіптер:
• _____	• _____
• _____	• _____

 7. Қазіргі жастар арасындағы маңызды бір мәселе бойынша дискуссиялы эссе жазыңдар. Бұл мәселе бойынша қарсыластардың пікірлерін ескере отырып, өз таңдауларынды дәлелдеуге тырысыңдар.

5-

сабак

## Қазіргі жастар туралы бес айғақ



## 1. Сұрақтар бойыниша пікірлесіңдер.

1. Қазіргі жастарға тән ең басты 3 қасиетті атай аласың ба?
2. Олардың ішіндегі ең маңыздысы қайсы?



2. Бұл сөздер саган таныс па? Олармен сөз тіркестерін, сойлемдер күраңдар.

	Сөз тіркесі	Сойлем
қызындық		
мақсатшыл		
саламатты өмір салты		
іскерлік		
білік		



3. Ақпаратты оқындар. Өлеуметтік зерттеу институты халық арасында сауалнама жүргізді. Сауалнама қорытындысымен танысындар. Әр айғақ бойыниша негізгі тұжырымдарды табыңдар.

1. 80 пайыз үлкендер қазіргі жастар туралы жақсы пікірде. Олардың ойыниша, қазіргі жастар мәдениетті, мақсатшыл, жауапты. Олар жастарға билікті сеніп тапсыруға болады деп ойлады.

3. Отбасын құру – жастар үшін ете маңызды іс. Отбасын құру жасы жылдан жылға көтеріліп жатыр. Жастар отбасын құруға асықпайды. 13% респонденттер бір балалы болғысы келеді, 57% жастар екі балалы болғысы келеді, 14% жастар үш балалы болғысы келеді.

4. Қазіргі жастар ете белсенді. Кеңес уақытындағы жастарға қараганда, олар ез құқықтарын жақсы біледі. Олар көп акция үйімдастырады, оларға қатысады. Олар уақытты қызықты әрі пайдалы еткізуге тырысады. Бұл ақпараттық технологиямен байланысты. Ақпарат қазір тез тараиды, адамдар бір-бірімен жылдам байланысады. Бірақ қазіргі жастарда мейірімділік аз. Олар қатал, мейірімсіз бола бастады. Үлкендерді құрметтеу азайды.

2. Қазіргі жастар білім алуга үмтүлады. Қазір олар үшін көп мүмкіндік бар. Бірақ жоғары оку орындарының жаңа жүйеге көшүү бірқатар қызындықтар экелді. Бұл жүйе кредиттік технологиямен байланысты. Ол оқытушылар арасында, студенттер арасында көп қызындық, түсінбеушілік туғызды. Соған байланысты университеттер туралы жаман пікірлер айтылды. Талғы бір мәселе – интернеттің зияны. Студенттер интернеттен дайын жұмыстарды жүктең алады. Бұл студентті зерттеуден, ойланудан алыштатады. Қазіргі студенттердің өз бетінше ойлауы нашарлады.

5. Қазіргі көп жастар саламатты өмір салтын үстанады. Олар уақытты тиімді пайдаланады. Сонымен қатар олардың арасында маскунемдер де, нашаркорлар да бар.

**Тұжырымдар:**

- 1-айғақ \_\_\_\_\_  
 2-айғақ \_\_\_\_\_  
 3-айғақ \_\_\_\_\_  
 4-айғақ \_\_\_\_\_  
 5-айғақ \_\_\_\_\_

**4. Тұжырымдар шын ба, жалған ба?**

1. Қазіргі жастар үлттық дәстүрді ұмыта бастады.
2. Жастар өте мақсатшыл.
3. Жастар отбасын құруға асықпайды.
4. Жастар университетті бітіруге асықпайды.
5. Жастар арасында ішімдікке тәуелді адамдар бар.
  
5. Жұптық жұмыс. Өз тұжырымдарыңды салыстырыңдар. Өздерің тагы қандай айғақ қосар едіңдер?

6-

сабак

**Мениң атам мен әжемнің, ата-анамның жастық шағы**

1. «Мениң атам мен әжемнің, ата-анамның жастық шағы» деген тақырыпта жоба дайындаңдар.

- 1** Төмендегі сұрақтар бойынша ата-әжеңмен, ата-анаңмен сұхбаттас. Жауаптарды дәптерге түртіп жазып отыр.



1. Олар қайда оқыды?
2. Олар қалай оқыды?
3. Олар қандай студент болды?

4. Олар қандай жағдайда оқыды?
  5. Олардың оқытушылары қандай болды?
  6. Олар нені армандады?
  7. Олар қазіргі жастар туралы не ойлайды?
- (2)** Жауаптарға талдау жасандар. Жауаптар бойынша әр замандағы жастардың келбетін анықтаңдар.
- (3)** Жауаптар бойынша «Венн диаграммасын» толтырыңдар.

7-

сабак

**Жастар өміріндегі басты құндылықтар****1. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Құндылықтар дегенді қалай түсінесің?
2. Сенің өмірінде қандай құндылықтар бар?

**2. Сөздер қатарынан құндылықтар деп есептелеңдерін үгым атауларын табыңдар.**

Байлышқ, өмір, денсаулық, отбасы, жақын адамдар, досстар, жұмыс, еңбек, қайрат, дәстүр.

**3. Ақпаратты тыңдаңдар. Ақпаратта берілген сөйлемдерді белгілеңдер.**

1. Дүниетаным құндылықтары өзгеріп жатады.
2. Жастар ата-аналарын көп тыңдайды.
3. Жастардың өмірлік құндылықтарын мектеп қалыптастыруы керек.
4. Жастардың кейде кедергілерге қарсы тұруға күші жетпей жатады.
5. Жастарға әлеуметтік ортаниң ықпалы зор.

**4. Бұл сөйлемдер төмендегі сұхбаттан алынды. Оларға қарап, сұхбат мазмұнын болжандар.**

1. Жастардың есесі.
2. Жастар түсінігіндегі құндылықтар.
3. Жастардың көзқарасын зерттеу.

**Жастар газетінің тілшісімен әлеуметтанушы ғалым Гүлмира Әбдірайымова арасында болған сұхбаттан үзінді**

**Тілші:** – Жастар өз өмірі алдындағы жауапкершілігін қашан сезіне бастайды?

**Г.Ә.:** – Үлкен өмірге араласумен жастар өмірлік үстанимдарын, құндылықтарын бағалап, қайта қарайды, өзгерте бастайды. Өйткені тәуелсіздік, шешім қабылдау жауапкершілігі олардың көзқарастарын, пікірлерін өзгертереді. Мектепте олар үшін шешімді мұғалім, ал отбасында ата-ана қабылдау келсе, енді көп шешімді өздерінің қабылдауына тұра келеді.

**Т.:** – Жастардың көзқарасына қандай факторлар әсер етеді?

**Г.Ә.:** – Қазіргі өзгермелі қоғамда жастарға әсер ететін факторлар өте көп. Солардың ішінде экономикалық, әлеуметтік факторлардың әсері зор. Олай дейтін себебім, бұл факторлар жастардың өміріндегі құндылықтар жүйесін өзгерте алады. Отбасында берілген тәрбиенің де кейде кедергілерге қарсы тұруға күші жетпей жатады. Сонымен байланысты жастардың дүниетаным құндылықтары өзгеріп тұрады.

**Т.:** – Оны қалай анықтауга болады?

**Г.Ә.:** – Ол үшін «мәдени дәстүр», «тәрбие» және «әлеуметтік орта» – үшеуінің қайсысының маңызы жоғарырақ екенін нақты түсініп алуымыз керек. Осыған орай, жастардың мінез-құлқы мен көңіл күйін анықтайтын әлеуметтік зерттеулер жүргізу керек. Сондай объективті зерттеулердің нәтижесінде ғана қайшылықтар табиғатын дұрыс түсініп, нақты шешімдер қабылдауга болады.

**Т.:** – Бүндай зерттеулер жүргізді ме?

**Г.Ә.:** – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы Әлеуметтік зерттеулер мен әлеуметтік инжиниринг орталығы ҚР БЖФМ жаңындағы Философия, саясаттану және дінтану институты «Қазіргі кезеңдегі жастардың дүниетанымдық және рухани құндылықтары: қазіргі күйі, негізгі мәселелері, шешу жолдары» атты қызықты әлеуметтанулық зерттеу жүргізді. Сауалнамаға жынысы, жасы, үлті, отбасылық жағдайы, балалары, білім деңгейі, жұмыс түрі, діні, материалдық жағдайы, тұрғылықты жері бойынша 15 пен 29 аралығындағы түрлі топтарды қамтитын 1000 респондент қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша талдау жүргізіледі, болжам қорытынды жасалады.

**Т.:** – Сауалнама қорытындысымен таныстыра аласыз ба?

**Г.Ә.:** – Иә, әрине.

 **5. Сұхбатты оқындар, тыңдаңдар. Сұхбатта көтерілген мәселені анықтаңдар.**

 6. Сөз тіркестерін магыналарымен сәйкестендіріп айтыңдар.

Сөз тіркестері	Магынасы
өмірлік құндылықтар	түрмис жағдайы, байлық пен кедейшілік
әлеуметтік факторлар	шындық пен түсініктің бір-біріне сай келмеуі
қайшылықтар табигаты	адам бағалайтын ұғымдар, түсініктер

 7. Сұхбатқа сай сойлемдерді аяқтаңдар.

1. Автор сұхбат арқылы мына ойды айтқысы келді деп ойлаймын: ол – ... .
2. Автор жастар өміріндегі қайшылықтың себебін ашқысы келеді, өйткені ... .
3. Автор жастар өміріне әсер ететін факторлардың ішінен негізгілері деп мыналарды атайды. Олар: ... .
4. Автор жастар өмір сүретін ортаны бірнеше бөлікке бөледі, олар: ... .
5. Мен бұл пікірмен келісемін/келіспеймін, өйткені ... .

 8. Сұрақтар бойыниша пікір алмасыңдар.

1. Гүлмира Әбдірайымова жастар өміріндегі қандай қайшылықтарды атады?
2. Зерттеуші жастар өміріндегі басты қындық неде деп есептейді?
3. Зерттеуші «отбасындағы тәрбие кедергілерге қарсы тұра алмайды» дегенде қандай ойды айтқысы келді?
4. Адамның өмірлік құндылықтары өзгеріп отырады деңен пікірмен келісесің бе?

8-

сабак

Жастар таңдауы

 1. Г. Әбдірайымова зерттеулерінің қорытындысымен танысыңдар.

1. Жастар арасында өмірлік құндылықтардың ішінде «Өзінің және жақындарының денсаулығы» (79%) және «Отбасылық бақыт» (71%) құндылығын таңдағандар қатары көп.

2. Біздің зерттеулеріміздің нәтижесі жастардың болашақ мамандығының беделіне, жоғары оқу орындарының білім беру сапасына назар аударатынын көрсетті. Ал өздерінің жақын арадағы мақсаттары ретінде екі және одан да көп тіл білу, шығармашылық, еңбекте өзін көрсете білу аталған. Мақсатқа жетуге көмектесетін қасиеттер ретінде өз күшіне сену, сенімді, табанды болу көрсетілген. Сонымен қатар мақсатқа ұмтылу, еңбеккорлық, талапшылдық пен жауапкершілікті атағандар қатары көп.

3. Жастар үшін біліктілік пен мамандықтың түрі еңбек нарығында бөсекелестікке қол жеткізу үшін қажетті шарт болып табылады. Айта кетерлік жайт, жастардың басым бөлігі мақсатқа жетуде өзіне ғана сенсе (44%), өзіне және жақын дос-тарына сенетіндер саны да жоғарғы көрсеткішке (35%) ие.

4. Жалпы алғанда, жастар «бақытты өмір» үғымын, ең алдымен, денсаулық, отбасы, әлеуеттілік және тұрақтылықпен байланыстырады. Қазақстан жастарының өмірлік жоспарла-рының ішінде білім алу, мансап құру, көсіби жағынан даму мақсаттары жиі кездеседі. Білім құндылығы жас қыздар мен жігіттердің санасында өмірлік табысқа жетудің тәсілі ретінде қалыптасқан. Сауалнамаға қатысқандардың 92%-ы өз өмірінде сапалы білім және оны белсенді қолдану арқылы жетістікке жеткісі келеді.

(Гүлмира Әбдірайымова)

**Q 2. 1-тапсырмада берілген мәтіннен шылауларды тауып, түрлеріне қарай топтастырындар.**

Сөз бен сөзді байла- ныстырушы шылау	Сейлем мен сейлемді байланыстырушы шылау	Сөз мағынасын күшетуші шылау

**Q 3. Керекті шылауларды қойып, мәтінді қалпына келтіріңдер. Бір шы-  
лау бірнеше рет қайталауы мүмкін.**

Керекті шылаулар: үшін, да/де, мен, және, әрі, егер.

Қазіргі жастарға қатты қызығамын. Өйткені таңдау көп, еркіндік көп.

Мектепті таңдауга ... болады, университеттерді таңдауга ... болады. Тіпті, мұғалімдерді ... таңдауга болады. Жақсы

білім алу үшін барлық жағдай жасалып жатыр. ... сен математикаға қабілетті болсан, физика-математика мектебінде оқи аласың, ... сен тілге қабілетті болсаң, гуманистарлық бағыттағы мектепке ауыса аласың, ... сен музыкаға қабілетті болсан, онда музыка мектебіне ауыса аласың. ... сен шетелде оқығың келсе, әртүрлі халықаралық бағдарламаларға қатыса аласың. Грант ұтып алды, шетелде оқи аласың. ... білім аласың, ... шетелдік өмір салтымен танысадасың. Мүмкіндіктер ... уақытты жіберіп алмау керек. Ал ол ... не істеу керек? Өзің үшін болашақ мақсатыңды анықтап алу керек. Нені үнатасың? Немен айналысқың келеді? Қай сала-да жұмыс істегің келеді? Бұл сен үшін ... емес, елің үшін ... маңызды екенін үмітпа!

(Зәуреш Ерназарова)

### Тілдік бағдар

Қазақ тілінде көмекші сөздердің бірнеше түрі бар. Олар: *көмекші есімдер, көмекші етістіктер, шылаулар*.

Шылау дегеніміз толық лексикалық мағынасы жоқ, бірақ басқа толық мағыналы сөздерге көмекші қызмет атқаратын сөздер. Олардың қайталануы арқылы ой өсерлі жетеді, сөздің ықпалы күштейеді.

Мысалы: *Қазіргі жастар* әрі оқып, әрі жұмыс істеп, әрі атанаына *көмектесін*, өмірін мазмұнды және қызықты откізуге тырысады деген сөйлемде әрі жалғаулығының қайталануы ойды өсерлі жеткізуге көмектесіп түр.

Шылау үшке белінеді. Олар: *септеуліктер, демеуліктер, жалғаулықтар*.

**Септеуліктер сөз бен сөзді байланыстырады.**

- *Атап септігінен кейін:* секілді, туралы, арқылы, үшін, бойынша көмекші сөздері тіркеседі: ол үшін, тарату үшін; тау туралы, жер туралы, гимарат туралы; тау секілді, көл секілді, басқалар секілді; көпір арқылы, тау арқылы, агенттік арқылы.

- *Барыс септігінен кейін:* қарай, дейін, таман: тауга қарай, үйге дейін, ақшамызға қарай.

- *Шығыс септігінен кейін:* кейін, соң; үйден кейін, мектептен соң.

- *Көмектес септігінен кейін:* бірге, қатар, байланысты: атанағаммен бірге, отбасыммен бірге; осымен байланысты, жермен байланысты.

**Жалғаулықтар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады:**

- 1) ыңғайлас жалғаулықтар: да, де, әрі, және, мен (бен, пен);

- 2) қарсылықты жалғаулықтар: бірақ, дегенмен, алайда;

- 3) себеп-салдар жалғаулықтар: сондықтан, сол себепті, ейткені;
- 4) кезектес жалғаулықтар: кейде, бірсеке, бірде;
- 5) талғаулы жалғаулықтар: не, немесе, яки, ягни;
- 6) шартты жалғаулықтар: егер, онда.

**Демеуліктер:** -ақ, -ау, -ай; гана, қана, гой, сірә, -ды/ -ді. Демеуліктер сөздің мағынасын күшешту үшін қолданылады. Мысалы:

1. Бір-ақ бала келді.
2. Бір гана жауап дұрыс.
3. Мен гой келген.
4. Бұл таныс ән-ау.

**4. Өз өмірлеріндегі құндыштықтарды атаңдар, өз ойларынды дәлелді жеткізуге тырысыңдар.**

**1-сөйлем:** «Менің ойымша, ...»

**2-сөйлем:** «Себебі, ...»

**3-сөйлем:** «Мен оны мына мысалдармен дәлелдеймін: ...»

**4-сөйлем:** «Осыған байланысты менің мынадай қорытынды жасағым келеді: ...»

9-

сабак

### Абайдың жастарға айтқан өсиеттері



**1. Абайдың өлеңдерінен алғынған үзінділердің шумақтарын сәйкестендіріңдер.**

**A.** Әділет, шапқат кімде бар,  
Сол жарасар туғанға.

**Ә.** Ержеткен соң, түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

**Б.** Артық ғылым кітапта,  
Ерінбей оқып көруге.

**В.** Ойнап босқа күлуге,  
Бес нәрседен қашық бол.  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеніз.

**Г.** Сен де бір кірпіш дүниеге  
Кетігін тап та, бар қалан.

1. Өсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалан.	3. Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге.
2. Жасымдағының бар деп ескермедин, Пайдасын көре тұра тексермедин...	4. Фылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба.

## 2. Сұрақтар бойынша пікір алмасындар.

1. Абай жастарға қандай ақыл-өсietтүй?
2. Абайдың сөздері қазіргі уақытта ез маңызын сақтады ма?
3. Саған Абайдың қай сөзі үнады?

## 3. Сөздердің мәғынасын түсініп, сөз тіркестерін қураңдар.

мысқылшыл – сыншыл  
 мерзімді, саулелі от – ақылды көзқарас  
 ой қазыналы – ақыл-оый терең  
 қараңғы, меңіреу жүрт – оқымаған, надан халық  
 паралай – ақша беру

мысқылшыл ой қазыналы меніреу достықты	сөздерді ойлы халықты паралап тапқан жетекшісі	Абай адамдар жастар болыстар	надандықты сынады билік құрды дамыту керек тындайды
---	--	---------------------------------------	--

## 4. М. Өуезовтің «Абай жолы» романынан алынған үзіндіі оқындар. Абайдың жастарға айтқан ақылның түсінуге тырысындар.

1. Қазір мысқылшыл, алғыр ойы оянған Абай шабыттың күйде шешен де көреген. Өзі күлмейді, бетінің қаны тартыла түсіп, көздері кең ашылып, жайнап қарайды. Онда да мерзімді, саулелі от оянған.

– Шүкірлік, мың шүкірлік! Анық қалың қазыналы, өнер мен ой қазыналы ел – орыс елі. Соның ығына арып-шаршап, азып-тозып, «Ақтабан шұбырындымен» келген менің елім болатын. Қараңғы жұртымен, меніреу сахаrasымен келіпті. Сол сахараның алғашқы елшісі, жаршысы болып Алтынсарин өмір кешіпті. Құда тамыры емеспін, паралап достық тапқан жоқпышын. Бірақ шын жақсы, орыстың шынайы жақсылығына қол арттым. Өзім ғана артқам жоқ. Міне, құдайға шүкір, азды-көпті алғандарыңмен сендер де қол артып отырсындар.

2. Біздің бәріміз тек алғаш оянғандар болармыз. Бірақ бізден, сізден кейінгі нәсілдің ырысын айтсайшы! Олар болғанда молынан барып, халық пен халық болып қабысып

табысады. Тарих көші солай беттейді. Осыным рас емес пе, Өбіш? – деді.

Өбіш үнсіз мақұлдаپ, барынша ден қойып, басын қайта-қайта шұлғыды.

Жастар Абайдың бұрын көп айтылмаған үлкен түйінді сөзін аңғарып, тегіс қыбырсыз, қатты ойланып, тыңдал қалған екен.

3. – Сол жақсы өріске беттеп көшкен ел керуенінің көшбасшысы бола алсам, менің еңбегімде арман жоқ. Тіпті бейнетім де – табысым. Біреу болмаса біреуге «жақсылық тегін табылмайды, ізденумен, қиналумен табылады» дегенді аңғартар. Бұны сол жақсы орыстың үлгісінен мың мәрте көріп, отырганың жоқ па? Менің алғаш дос тұтқаным Пушкин, Лермонтов не көрмеді? Герцен, Чернышевский қандай жаһаннамалардан, қандай зәрлерден татып өтті. Мынау Павловтар ездері көріп жүрген құғын-сүргінді анық әкелері ми-рас қып қалдырган сыбағасынан біледі. Қынжылып қыңқ етері бар ма? Піл сауырлы ерлік, қайсарлық, тұрақтылықты да орыс ерлері танытады. Қазақтың сендердей жас буынан, кейінгі нәсілінен, үл-қызынан осындай тәрбие-тәлім соңында адамдығы өскен қауым шығар-ау! Тірлік етсан, бейнет кешсен, күңіреніп өтсан, «Осындай мұрат үшін өтіп едім» деп дүниеден көшуге жарасаң, бір өмірге сол да жеткен сый ғой, – деп біраз ойланып отырып қалды да, артынан тағы бір соңғы сырын қости.

4. – Мен өз өмірімде оған жетпеспін, көрмеспін ол күнді. Бірақ алда заман қатты өзгеріп, қауым мүлде басқаша дәурен жасар. Басқа заңдар тузызып, үлкен ырысқа түгел халық болып ерікен күндер болар. Сол болашақ үшін бір шемшектей, бір ғана кірпіштей болса да, кесек қалап кетсем, армансызыбын дегендеймін. Ел-жұртыңды аз да болса, сондай игілікті тілек, өріске өз әлінше әзірлеп кеттім дей алсаң, өлмегендей, өлмestей болып көрінесің. Халқыңды, қауымыңды соған әзірлей беруді ғана біл дегім келеді! – деді.

Үлкен дәріс тыңдағандай болған жас достар біраз уақыт-ка тыныш қалды. Дәрмен, Магаш, Көкітай – ушеуі бір-біріне үнсіз қарасқанда, бәрінің кезінде де бұл сәтке үлкен разылық бардай.

(Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» романы)

5. Үзіндіде 4 абзац бар. Әр абзацқа сай келетін тақырыпты анықтаңдар. Әр абзацтың негізгі идеясын анықтаңдар.

- |   |          |
|---|----------|
| 1. Болашаққа сенім                        | 1. _____ |
| 2. Орыс халқының ұлы тұлғалары салған жол | 2. _____ |
| 3. Жастарға аманат                        | 3. _____ |
| 4. Ақынның жеке даму жолы туралы          | 4. _____ |

 6. Мына сөз тіркестері қеңдесетін 1–4-абзацтардағы сөйлемдерді табыңдар.

- 1) заман өзгеріп
- 2) ел керуенінің көшбасшысы
- 3) басқа заңдар
- 4) бетін халыққа бұру
- 5) игілікті тілек
- 6) зор кедергі келтіру
- 7) заман қатты өзгерді
- 8) өлмestей болып көрінер
- 9) үлкен разылық

 7. Берілген сөйлемдердің мазмұнын ашатын сөз тіркестерін анықтаңдар.

1. Абай өз заманындағы қазақ елінің даму деңгейін нақты бағалайды.

---

2. Орыс халқының өнерін, мәдениетін үйрену керек.

---

3. Өнерді үйрену, меңгеру оңай емес.

---

4. Орыс халқының әділдік үшін күрескен тұлғаларынан үйрену керек.

---

5. Абайдың мақсаты үйренудің жолын ашу, үлгісін көрсету болды.

---

6. Абай жастарға шын ықыласымен, үлкен үмітпен жол көрсетті.

---

**Керекті сөз тіркестері:**

мысқылышыл  
алғыр ойы оянған  
шабытты қүйде  
көздері кең ашылған  
жайнап қараш  
кезінде от бар  
жақсы өріске беттеу  
ел керуенінің көшбасшысы

орыстың ұлгісі  
құғын-сүргін  
жақсылық тегін табылмайды  
әзірлей біл  
кірпіштей кесек қалау  
іздену, қиналу  
Пушкин, Лермонтов

10-

сабак

**Адамның баласы бол**

 1. Абайдың шыгармаларынан алғынған ұзінділерді тыңдаңдар. Көп нүктенің орынна керекті сөздерді қойып, көшіріп жазыңдар.

1-ұзінді. «Әрбір уайым-қайғы ... кісі не дүние шаруасына, не ақырет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек», – дейді. Уайым үйқышыл адамды сергектікке, жалқауды ең бекқорлыққа, бейқам жанды ... тәрбиелейді (4-қарасөз).

2. Өуелде бір ... мұз – ақыл зерек,  
Жылдықтан тұла бойды ... жүрек.  
Тоқтаулылық, ... шыдамдылық –  
Бұл ... шығады, білсек керек.  
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей үста,  
Сонда ... боласың елден бөлек.  
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,  
Жол да жоқ ... жақсы демек.
3. Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,  
Тулап, ..., бір жүрек қылады өлек.  
Біреуінің ... жоқ біреуінсіз,  
... сол үшеуінің жолын білмек.
4. Сенбе ..., тұрса да қанша мақтап,  
Өтуре етеді ішіне ... сақтап.  
... сен, өзінді алып шығар  
Енбегің мен ақылың екі жақтап.

акырет – о дүние  
бейқам – алаңсыз

2. Ұзінділерді қайта тыңдаңдар. Әр ұзінді бойынша негізгі ойды дәлелдейтін сөздер мен сөз тіркестерін жазыңдар.

*1-ұзінді:* Уайымшыл адам тынымсыз еңбек етеді.

**2-цзінді:** Адам өмірінде жүректі, қайратты, ақылды бірліктे үстаса, қателеспейді.

**3-цзінді:** Фылымды меңгерген адам өзін басқара алады.

**4-цзінді:** Адам өзіне сенуі керек.



**3.** Ұзінділерден мына сөздердің магынасын түсіндіріңдер.

Бейқам жан, ақыл сұық мұз, толық болу, жүрек тулайды.

**4.** «Абайдың жастарға айтқан осиеті» деген тақырыпта пікірталас ессе жазыңдар. Ойды дөлелдеу үшін Абай өлеңдерінен ұзінділерге сілтеме жасаудың үлгісіне қараңдар.

Абай 4-қарасөзінде: «...», – дейді.

Бұл туралы Абай: «...», – дейді өзінің «Өсемпаз болма әрнеге» өлеңінде.

11-

сабак

### Кешбасшы жастар



1. «100 жаңа есім» жобасы туралы ақпарат алмасындар.

1. Бұл қандай жоба?
2. Жобаның негізгі мақсаты туралы не айта аласың?
3. Жобаның жеңімпаздарын білесің бе?



2. Жас көсіпкердің сұхбатын тыңдаңдар. Сойлемдерді тиісті сөздермен толықтырыңдар.

1. Өз жолымды 10 жастан ... .
2. 10 жасымда Қазақстанда ... болды.
3. Бұрын ет жесек, қазы жесек, қазір біз макарон ... .
4. Мәшине жуып, ақша ... .
5. Екінші шаруам – скотч ... .
6. Үшінші бизнесім – жүйелілік маркетингі ... .
7. Мен 5 мың доллар ... .
8. Продюсерлік бизнесім ... .
9. Бесінші бизнесім – компьютер ... .

**3. Сұхбатты қайта тыңдаңдар. Сөйлемдерді ретке келтіріңдер.**

**4. Сұхбатты оқындар, тыңдаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

«Мен жоқшылық көріп естім. Отбасында екі бала болдық: мен және інім. Жақсы тамақтанып, сапалы киінгім келді. Ата-анама кемектессем деп армандадым. Осы жағдайлар мені алға қарай итермеледі. 15 жасымда өз кәсібімді аштым. Ал 17 жасымда компьютерлік техниканы сататын дүкенім болды. 17 жасымда алғаш рет 1 млн теңге пайда таптым. Мектепті бітірген соң, УБТ тапсырдым. Бірақ онда жолым болмады. Екі рет жоғары оқу орнына түстім. Алайда екі рет оқуды тастап кеттім. Қазіргі таңда жеке бизнес саласында еңбектеніп журмін. Өкем мен анамның да жеке бизнестері бар», – деді Арман Тоқсанбаев.



«Мен жоғары оқу орнында мүлдем оқымау керек деп айта алмаймын. Себебі, онда болашаққа қажетті білім беріледі. Бұл – өмірлік институт. Одан өту керек. Одан өтпесеңіз, кейін өкінесіз».

«Мен – Тәуелсіздік құрдасымын. «United Business Group» атты компаниям бар. Оның қурамына 4 компания кіреді. Бірінші – сағат шығаратын «Отан» компаниясы. Аталған компанияның өнімдері Қытайға және алыс шетелге сатылымға шығарылады. Откен жылы жастар форумында Елбасыға өз сағатымызды сыйға тарттық. Қазіргі таңда кәсіпорынның бір жылдық айналымы 1,5 млн доллардан асады. Екінші – «Жаңа технологиялар» орталығы. Мұнда біз қызы-жазы мал азығын өсіреміз. Үшінші – «Zertis» компаниясы. Оны әріптесім Диас Тастанбековпен бірігіп аштық. Яғни Қарағандыдағы жылышайда рукколо, жалбыз, райхан (базилик), салат және т.б. бақша өсімдіктерін аэропондық технология арқылы топырақсыз өсіреміз. Бұл – инновациялық әдіс. Алынған өнімді қаладағы мейрамханаларға сатамыз. Төртіншіci, «Union of Miners» компаниясы. Мұнда біз криптовалютаны дамытумен айналысамыз», – деді жас кәсіпкер.

(«Улан» газеті, №34, 22 тамыз, 2017 жыл)

**Сұрақтар:**

1. Арман Тоқсанбаев көсіпкерлікпен неше жастан бастап айналысты?
2. Оны ақша табуга не итермеледі?
3. Арман Тоқсанбаев алғашқы миллионды неше жасында тапты?
4. Арман Тоқсанбаевтың компаниясы қандай өнім түрлерін шыгарады?
5. Арман жоғары оқу орнын бітірді ме?

 5. Марат Әбиев пен Арман Тоқсанбаевты салыстырыңдар. Екі жас көсіпкердің өмірлеріндегі үқастықтар мен айырмашылықтарды табыңдар.

	Марат Әбиев	Арман Тоқсанбаев
1. Бизнесті бастауды		
2. Өміріндегі әлеуметтік тенсіздік		
3. Бизнесті бастауды себептері		
4. Айналысатын бизнес түрлері		
5. Көшбасшылық қабілеттері		

12-

сабак

**Көшбасшылық**

 1. Сұрақтар бойынша топта пікірлесіңдер.

1. Арман мен Мараттың қандай үқастықтары бар?
2. Олардың табысты адам болуына қандай қабілеттері көмектесті?
3. Кедейшілік Арман мен Маратты ақша табуга итермеледі деп айтуда бола ма?

 2. Мәтінді оқыңдар, негізгі ақпаратты түртіп жазып отырыңдар.

**Көшбасшының негізгі қасиеттері**

Көшбасшының бірнеше қабілеті мен қасиеті туралы айтуда болады:

*Біріншіден, болашақты болжай.* Көшбасшы болашақты болжай білуі керек. Ол экономиканың, бизнестің қай бағытта дамитынын алдын ала болжап, компанияны, адамдарды соған қарай бастай білуі керек.

*Екіншіден, мықты сенім.* Өзінің мақсатына сенімді, оның орындалатынына сенімді болуы керек. Көшбасшы өзінің бағытының дүрыстығына сенімді болуы керек. Оған басқаларды сендіре білуі керек.

*Үшіншіден, басқаларға ықпал ету, уәждеме тұгыза білу.* Басқаларға өз ойын сенімді жеткізе білу, басқаларды илан-дыру, сендіру, өзінің артынан ерте білу. Компания өмірінде қызметкерлерді қадағалау, бақылау, жұмысты орындау керек. Сондай кезде дұрыс әрекет ету, адамдарды істі орындауға тарту – басшының міндегі.

*Төртіншіден, табандылық.* Өз мақсатынан айнымау, жолы болмаған жағдайда шешімнің жаңа жолдарын іздеу, барлық мүмкіндіктерді қарастыру.

*Бесіншіден, шыдамдылық.* Қындықтарға тәзе білу, ыңғайлыш жағдайды, уақытты күту, жаңаны тестілеу, барлық жағдайды жасау.

(Зәуреш Ерназарова)

3. Мәтін бойыниша жоспар құрылдар. Өр тармақшада негізгі және қосымша ақпараттарды тірек сыйба түрінде боліп көрсетіңдер.

 4. Бұл көшбасшының қандай қасиеттері екенін айтыңдар.

1. Сәтсіздіктерге қарамау, алға жылжу, өз мақсатына барлық қындыққа қарамай үмтүлу.
2. Өзінің дүрыстығына басқа адамдарды сендіре білу.
3. Өз мақсатын анық көру және оған қалай жетуді білу.
4. Сәтті уақытты күте білу.
5. Басқаларды өзінің соңынан ерте білу.

 5. Көшбасшылық қабілетті дамыту үшін нұсқаулық жазылдар.

Көшбасшыға арналған нұсқаулық



13-

сабак

Нәтиже сабак

**1. Сөз тіркестерін көректі сөздермен толықтырыңдар.**

Пайдалы, бос, бірнеше, төуелділік, жұмыссыздық, жолдар, жасампаз, қамқорлық.

- 1) ... уақыт өткізу –
- 2) ақша табудың ...
- 3) ... іспен айналысу –
- 4) ... жастық
- 5) ... тілді білу
- 6) интернетке ...
- 7) ата-аналарына ... жасау
- 8) ... қарсы күрес

**2. Көректі жалғауларды жалғап, сойлемдерді толықтырыңдар.**

- 1) Алды... қойған мақсатынан бас тартпайтын адам... мақсатшыл дейді.
- 2) Жақсы өмір... үмтүлу, қындық... қарсы күресу жастар бойы... табыла бермейді.
- 3) Жастар – ел... болашагы.
- 4) Олар өтірік... тез сезеді.
- 5) Сәтсіздіктер адам... қатайтады. Біреулер сәтсіздік... көнсө, біреулер оған қарсы тұрады.

**3. Мәтінді оқып, тәмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.****Жастар нені армандаиды?**

Кедейшілікпен мен қалай күресем? Мен де өзің секілді елімнің болашагы үшін терең толғанамын. Елім өркениетті, дамыған мемлекет болса, халықтың арманы орындалады. Бірақ дәл қазір біздің қолымыздан елдегі кедейшілік мәселесіне қол ұшын беретін қандай іс-әрекет келеді?

Меніңше, көп мәселе әрбір адамның өзіне де байланысты. Кедейшілікті болдырмас үшін дәл қазір біз жан-жақты білім алсақ, осы бастан өмірге бейімделсек, болашаққа нық қадам басар едік. Достарымыз бен замандастарымыз тиянақты білім алса, жаңа технологияның қырсырын жетік меңгеруге үмтүлса, елдің ертеңіне сеніммен қарауға болады. Себебі елдің болашағы – біз және біздің замандастарымыз. Олар түгел дерлік оқыған, бөрінен хабары бар, техникалық қолданыстарды терең меңгерген азамат болса, бұл өмірде өз орнын тауып, қоғамда бір кірпіш болып қаланарап сөзсіз.

(Алмас Ақдәулет,  
«Ақ желкен» журналы, №4, 2007 жыл)

**Сұрақтар:**

1. Алмас не туралы терең толғанады?
2. Алмастың ойынша кедейшілікпен күресудің қандай жолы бар?
3. Алмастың өз замандастары туралы қандай арманы бар?
4. Алмастың арманындағы қоғам мүшесінің бейнесі қандай?
5. Алмастың бойында үрей мен қорқыныш бар ма?

 4. Сен иені армандаисың? Қоғамда иені өзгертукің келеді? Сұрақ бойынша пікірталас эссе жазыңдар.

1-

сабак

Көші-қон



1. «Көші қон (миграция)» сезін қай жағдайда қолдануға болады?

1. Сен алыс шетелге білім алуға бардың.
2. Қазақстанның мұнай компаниялары шетелдік қызметкерлерді жұмысқа алды.
3. Қытайда тұрған қазақ диаспора өкілдері Қазақстанға көшіп келді.
4. Монголияда тұратын қазақтар Алматыға қыдырып келді.
5. Қазақстан азаматы Германияға тұрғылықты тұру үшін көшті.



2. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтін мазмұнында кездескен жаңа сөздер мен термин сөздерді мағыналарымен сәйкестендіріп айтыңдар. Парта-ластарыңа түсіндіріцдер.

Жаңа сөздер	Мағынасы
индустрия	еziнің тарихи Отанынан тыс жерде өмір сүріп жатқан халық
демография	бетен ел, жырақта
мәжбүрлік	бауырластар
жат жер	халықтың есу не кемуін зерттейтін ғылым
шалғай	шаруашылықтың бір саласы
диаспора	алыс
қандастар	қоғамның билік бақылауында болуы
тоталитарлық	еріксіз көну
еңбек белінісі	еңбек қызметінің көптүрлілігі
интернационалдық	әртүрлі ұлттар құрамы

3. «Көші-қон» сезінің мағынасын түсіндіретін З сөзді табыңдар, парталасыңмен салыстырып, анықтама беріңдер.

Тұрғылықты мекен, қоныс аудару, урбандалу, диаспора, механикалық қозғалыс, жұмыс істеу құқығы, таңдау бостандығы, тұрғылықты жер таңдау бостандығы.

 4. Термин сөздермен сөз тіркестерін және сойлемдер құраңдар.

Сөз тіркесі	Сойлем
дамыған индустрия	Еліміздің индустрия саласы жақсы дамып келеді.

 5. Ақпаратты қайта тыңдаңдар. Кестедегі сандық ақпаратты тиісті мәліметтермен байланыстырыңдар.

№	Сандар	Сойлемдер
1	XV–XVIII ғасырларда	
2	XIX г. 2-жарт. – XX г. басы	
3	1918–1920	
4	1920–1921	
5	1937	
6	1938–1944	
7	1947–1952	
8	1953–1955	
9	130-дан астам	

 6. Сойлемдегі сөздердің орын тәртібін қалпына келтіріңдер. Қарамен берілген сөздердің синонимдерін ауыстырып жазыңдар.

1. Көші-қон, әртүрлі, түрғылықты мекенінен, қоныс аударуы, адамдардың себептермен, басқа жерге, көшіп-қонуы.
2. XX ғасырда, тигізді, соғыстар, көші-қонға, зор әсерін.
3. XIX ғасырдың 2-жартысы, қазақ жеріне, XX ғасырдың басында, орыс, көшіп келді, қоныстанушылары.
4. Екінші дүниежүзілік, тұтқындалған, соғыс жылдары, көптеген, шет мемлекеттерде, қандастарымыз қалып қойды.
5. Сейтіп, 130-дан, қазақ халқы, астам, «интернационалдық» мекенге, тұратын, айналды, ұлт өкілдері.
6. Қазақстанға, тұрақтап қалған, көшіп келіп, көптеген, өздерінің атажұртына, ұлт өкілдері, көшіп баруға, мәжбурлі жағдайда, мүмкіндік алды.
7. Таныстырылым бойынша ақпарат қурастырыңдар. *Болып табылады; ... га/ге болінеді; оның ішінде ... құрылымдарын қолданыңдар.*



2-

сабак

## Көші-қон тарихы

-  1. «Қазақстан тарихы» пәнінен алған білімдерінді пайдалана отырып, берілген мәтін үзіндісін кеңейтіп түсіндіріңдер. Сұрақтарға жауап беріңдер.

«XV–XVIII ғасырларда жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ халқы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшырап, атамекенінен үдерे көшіп, мәжбүрлікten қоныс аударып отырған».

Сұрақтар:

1. Бұл қандай тарихи қасірет болды?
2. Қазақ халқының тағдырына қаншалықты әсері болды?

-  2. Мәтін мазмұнымен танысыңдар. Қарамен берілген терминдерге түсінік беріңдер. Тыңдалым мәтінімен байланыс бар ма?

ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап соңғы он жыл ішінде көші-қон басқаша сипат алды. Қазақстан Республикасының 1992 жылы 26 маусымда қабылданған «Көшіп келу туралы», 1997 жылы 13 желтоқсанда қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы» заңдары көші-қон саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, көші-қон үдерістерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін белгіледі. Сейтіп, өзінің тарихи Отанына қайта оралатын адамдар мен отбасылар үшін жаңа жерде қажетті тіршілік жағдайларын жасау мәселесін мемлекеттік тұрғыда шешу ісі қолға алынды. Осыған орай Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы сияқты мемлекет және беймемлекет мекемелер құрылды, шет жүрттан атажұртына көшіп келетін қандастарға жыл сайын есіп отыратын квота белгіленіп, олардың белгіленген аймақтарға қоныс теуіп, жайғасуы үшін мемлекеттік және жергілікті бюджеттерден қаржы бөлініп тұратын болды. Сондай-ақ Қазақстанға мәжбүрлі жағдайда көшіп келіп, тұрақтан қалған көптеген ұлт өкілдері өздерінің атажұртына көшіп баруға мүмкіндік алды.

(Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, 3-том)

-  3. Отken сабактағы тыңдалым мәтінінің ақпаратын еске түсіріңдер. Бүгінгі сабакпен байланыс бар ма? Екі мәтінде мәліметтерді салыстырып, оз ойларынды монолог ретінде жазыңдар. Термин сөздерді пайдалануға тырысыңдар.

Тыңдалым мәтініндегі ой	Оқылым мәтініндегі ой	Менің оіым

4. Берілген ақпарат бойынша 5 минуттық ессе жазыңдар.

3-

сабак

### Атажүртқа оралу

1. Сөйлемді оқыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Туган жер – алтын бесік, асыл анам.

*Fafty Қайырбеков*

Сұрақтар:

- Ақын туган жерді неге алтын бесікке теңейді? Екеуінің арасында қандай ұқастықтар бар?
- Туган жерді асыл анаға ұқсату арқылы ақын қандай сезімді жеткізгісі келді?



2. Тірек сөздерді пайдалана отырып, суретті сипаттаңдар.



туган жер  
кең дала  
атажүрт  
сую  
сағыну



3. Мәтінді оқыңдар. Тақырып қойыңдар. Мәтін ішіндегі қарамен жазылған сөздердің мағынасын мәнмәтін арқылы түсінуге тырысыңдар.

Тәуелсіздік жариялаған соң, Қазақстан мемлекеті әлемнің басқа елдерінде өмір сүріп жатқан қандастарды Отанға

оралуға шақырды. Өйткені олар тарихтағы әртүрлі оқиғалармен байланысты өзге жерге көшкен адамдар еді. Қазақстан елге оралған қандастарға барлық жағдайды жасады. Өлемде қандастарды өз еліне жинаған үш ел болса, соның бірі Қазақстан болды. Бұл тұргыдан келгенде, Германия мен Израиль мемлекеттерінің өзі бізге қызыға қарайды десек, артық айтқандық емес.

Әрине, жаңадан жерсіну, бейтаныс ортаға бірден бейімделу оңай болmas. Кейде қыырдан келген қандастарымызды жайлы орналастыру кезінде жекелеген жауапты адамдардың тарапынан болып жататын **бойкүйездік** пен **тоғышарлық** кездесіп қалатынын жасыруға болмайды. Мұндағы түткілдер – мемлекеттің қатесі емес, кейбір **шенеуніктердің** төрешілдігіне байланысты жағдайлар.

Ағайынга арнап көп нәрсені айтқым-ақ келеді. Ел тірлігі, көпүлттүсінен Қазақстанның бірлігі мен тыныштыры жатсам-тұрсаң көкейімнен кетпейді. Тұған жерге бағыт алған көштің жайы мені де көп мазалайды, жұртың туған жерге жаутаңдаң қарап отырса, кісінің жаны қалай жай табады?!

Біз елге ел, басқа бас қосып, Қазақстан халқының саны мен сапасын арттырып отырмыз. Сол арқылы ұлттық-демографиялық саясаттың ең маңызды бағдарламасын жүзеге асырып келеміз. Осынау жылдарда елімізге 1 миллионға жуық қандасымыз оралды. Қазақ елінің **шаңырағы** биіктеп, керегесі **кенеіе** түсті. Көш әлі де тоқтаған жоқ. Тоқтамайды да.

Шет елдердегі қандастарымыз туралы айттар болсақ, қазіргі кезде өзге елде өмір сүріп жатқан қазақтардың жалпы саны ұлттымыздың үштен бірін, яғни 5 миллионнан астам адамды құрайды. Олар әлемнің 40-тан астам елінде өмір сүріп жатыр. Тәуелсіз мемлекеттің тізгінін қолымызға ұстаған алғашқы күннен бастап халқымыздың ежелгі асыл мұраларын, қадір-қасиетін қайта **жаңғыртып**, ұлт ретінде **тулетіп**, жаңа деңгейге көтеруге бар күшті салып, шет елдердегі бауырларымыздың өнерін, әдеби мұрасын, халықтың қолөнерін, ата кәсібін дамытуы үшін арнайы жұмыстар жүргізіп келеміз. Бұл – адами капиталды Отанға оралтудың оң қадамдарының бірі. Бұл қадам жаңылмайды, шегара жабылмайды. Ұлы көш жалғаса береді. Өйткені әлемдегі бар қазақ – бір қазақ.

(Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Дағылаң қызығы» кітабынан)

 4. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақстан мемлекеті қандастарды не үшін Отанға оралуға шақырыды?
2. Германия, Израиль, Қазақстан мемлекеттерінің арасында қандай үқсастық бар?
3. Қандастардың туган жеріне оралуы оңай іске асты ма?
4. Тұрғын орнын, елін өзгертуken адамда қандай қызындықтар болуы мүмкін?

 5. Мәтінді қайта оқып, концептуалды талдау кестесін толтырыңдар.

Оралған қандастарды сипаттайтын сөздер	Елбасының сезімдері мен ойлары	Қандастардың туган жерде кездескен қызындықтары
	Елдің тыныштығы	тоғышарлық
Жырақтағы жұрт Жаутаңдан қараяу	Жаным қалай жай табады?	

-  6. Елге оралған қандастар ролінде ассоциациялық ромбы толтырыңдар. Елге оралған адам иеден қорқады? Нени күтеді? Ал өмірде қандай қызындықтар болуы мүмкін?



4-

сабак

Сандар сөйлейді...

-  1. Ақпаратты тыңдаңдар. Төмендегі сөйлемдерді оқып, сұрақ қоюңдар.

1. 1991 жылдан 2016 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде 261 104 отбасы тарихи Отанына қайтып оралды.
2. Олардың көпшілігі, ягни 61,6%-ы Өзбекстаннан келген.

3. Елге оралған қандастарымыздың еңбекке қабілетті жастағылары – 55,6%.

4. Олардың 8,8%-ының жоғарғы білімі бар болса, 20,6%-ында орта арнаулы білім бар, 60,8%-ы – жалпы орта білімі бар азаматтар.

5. Қазір сол қандастарымыз өсіп-өніп, үрпағымен 1,5 миллионнан асып кетті.

## 2. Топтық жұмыс.

1. Ақпарат бойынша диаграмма құрастырындар.

2. Өз диаграммаларынды статистикалық мәліметпен салыстырындар. Қандай үқастықтар, айырмашылықтар бар?




3. Инфографика бойынша тұжырымдардың шын/жалған екенін анықтаңдар.

Ақпарат	Шын	Жалған
1. Өзбекстаннан келген қандастар саны басқа елдерге қараганда әлдеқайда басым.		
2. Түркменстаннан оралған қандастар саны Ресейге қараганда 2,2 пайызга көп.		
3. Қытайдан қайтқан қандастар саны Монголияға қараганда 4,2 пайыз көп.		
4. Қытайдан келген қандастар саны Өзбекстаннан қайтқан қандастар санына қараганда 37,4 пайызга аз.		
5. Қазақстанмен шегаралас елдерден қандастар көп оралып жатыр.		

4. «Оралман» фильмінің кадрларына қарап, оның мазмұнын болжап көріңдер. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бұл адамдар қай елде түрді?
2. Бұл отбасында Отанға оралу туралы ойды кім айтты деп ойлайсыңдар?
3. Бұл отбасының тұрмысы қандай?
4. Ақсақал жерді неге сүйіп жатыр?
5. Отанға оралған қандастардың өмірі оңай болды ма?
6. Қандай қызындықтар болды деп ойлайсың?
7. Фильмнің немен аяқталғанын білгің келе ме? Онда фильмді интернеттенн сынныптастарыңмен бірге көріңдер.



5-

сабак

## Қызырдан келген қандастар



## 1. Сұрақтар бойынша пікірлесіңдер.

- «Қызырдан келген қандастар» деп кімдерді айтамыз?
- Фотосуреттегі бейнелер таныс па? Олар кімдер?



## 2. Төмендегі сөз бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

Біз – тығырықты тар заманда тарыдай шашылып кеткен қандастарын Атамекенге жинаған әлемдегі үш елдің біріміз.

*Нұрсұлтан Назарбаев*

- «Тығырықты тар заман» деп Елбасы қандай тарихи жағдайларды айтты?
  - «Тарыдай шашылып» деген сөздің мағынасын түсіндіріңдер.
  - Атамекен, туган жер, Отан сөздерінің қандай айырмашылықтары бар?
3. «Үш жақты құнделік» әдісі арқылы жаңа сөздерге түсінік беріңдер.  
Улті бойынша сойлем қурап, сыйыптастарыңмен талқылаңдар.

Жаңа сөздер	Түсініктеме	Сойлемдер
қаламгерлер	жазушылар	Елге оралған қандас қаламгерлер тың шыгармаларымен әдебиетімізді байыта тусти.
тың тыныс	тың ойлар	
жаңа леп	жаңалық	
руханият	адами құндылық	

тамыр жаю	тарау	
асқақтатып	жогарылатып	
қомақты	мол	

 **4. Мәтінді тыңдаңдар.** Мәтінде берілген мәліметтердің берілу ретін анықтаңдар.

Ақпараттар	Реті
Бір гана Майра Мұхамедқызының өзі Қазақстанның ән өнері мен музика мәдениетін әлемдік жаңа белеске көтеруге қашшалықты үлес қосып жүргенін айтсақ та жеткілікті.	
Тәуелсіздік жылдарында әлемнің әр түкпірінен еліміздің білім менғылым саласына келіп қосылған білікті педагог, ғалым бауырларымыз да аз емес.	
Боксшыларымыз Бақыт Сәрсекбаев пен Қанат Ислам әлемдік ең мәртебелі бокс бәсекелерінде ел абыройын асқақтатып, көк Тұмызды бікте желбіретti.	
Бұған өз ісін білетін мыңдаған тәжірибелі мамандарды қоссан, үлт ретіндегі ортақ олжамыздың қашшалықты қомақты екеніне көзіміз айқын жетеді.	
Қандастарымыздың арасында көсіпкерлікпен табысты айналысып, ғылымымыз бер білімізді, мәдениетіміз бер өнерімізді дамытып жүргендер баршылық.	
Шұғыла Сапаргалиқызының би мектебінің өзіндік орны бар екені көпшілікке аян.	
Қазақ қаламгерлерінің қатары жүздеген ақын-жазушымен то-лықты.	
Таэквондо – бүгінде елімізде қанатын кеңге жайып, тез өркендер келе жатқан спорттың бір түрі.	

**5. Ақпаратты қайта тыңдаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Мәтін не туралы?
2. Қандай негізгі ақпарат есінде қалды?
3. Автор ақпарат арқылы қандай ойды жеткізгісі келді?

*Негізгі идеялар*

6-

сабак

**Менің тарихи Отаным – Қазақстан**

**1.** Топқа бөлініңдер. Ақпараттармен танысындар. Тапсырмаларды орындаңдар.

1. Әр топ өз кейіпкерінің өмірі мен шығармашылығына байланысты негізгі мәліметтерді әңгімелендер.

2. Мәтін мазмұнындағы сандық көрсеткіштерді анықтап, қолданылу мақсатын түсіндіріңдер.

**1-топ:** Майра Мұхамедқызы.

**2-топ:** Мұстафа Өзтүрік.

**3-топ:** Бақыт Сөрсекбаев.



«Менің тарихи Отаным – Қазақстан арқылы елемнің биік сахналарына көтерілдім. Америка, Еуропаның төрінде қазақтың дауысын асқақтаттым. «Азиада» алауын алыш, жүгіру бақытына ие болдым. Мұның барлығы тәуелсіздігіміздің арқасы деп білемін. Мен тәуелсіз Қазақстанның бақытты әншісімін!».

**Майра Мұхамедқызы** – әнші, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, көптеген халықаралық ән байқауларының жүлдегері. 1969 жылы 5 қырғызекте Қытайдың Қүлжа қаласында дүниеге келген. 1984 жылы музика колледжін, 1988 жылы Бейжің (Пекин) Үлттар университетін, 1996 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын бітірген. Тарихи Отанына 1994 жылы оралды. 1994 жылдан Абай атындағы опера және балет театрының әншісі. 2003–2004 жылдардағы опера маусымында Францияның «Гранд Опера» ұлттық театрында, 2004–2005 жылдары опера маусымында Вашингтон опера театрында келісімшартпен жұмыс істеді. Дүниежүзіндегі ірі қалалар мен үлкен залдарда жеке концерттер берді. 2001 жылы «Опера ариялары» атты алғашқы CD альбомы Францияда шықты. 2008 жылы қазақ халық әндерінен тұратын «Інжу-маржан» атты CD альбомы жарық көрді. 2001 жылы режиссер Ә. Қарақұловтың «Жылама!» атты көркем фильмінде басты рөлді сомдады.

(«Тәуелсіздік жемісі» кітабынан)

**Мұстафа Өзтүрік** – таэквондодан VI дан иегері, өлемге өйгілі таэквондо шебері, өз үлттын мақтан тұтқан біртуар азамат. 1954 жылы 24 қарашада дүниеге келген. Орта мектепті 16 жасында Түркияда бітірген. Ол жоғары оқу орнын ағылшын тілінде оқыған. Мамандығы – журналист. Бірақ Тайваньда журналист ретінде емес, спорт саласына байланысты қалдырылады. Халықаралық ережеге сай, таэквондодан VI дан иеленген спортшының жекпе-жекке шығуына тыйым салынады. Сондықтан спорттың бұл түрінен шыңға шыққан Өзтүрік енді өзін бапкер ретінде сынауға бел буады. Кейін сол қызметтің Түркияда жалғастырып, шеберлікке көтерілгеннен кейін Германияга шақырылады. Мұнда өуелі өскерлер мен полицейлерге тәлім береді. Ушжылдық келісімшарты аяқталған соң, сонда қалып, өз мектебін ашады. 1990 жылы төуелсіздік қарсаңында Қазақстанға келіп, таэквондо өнерінің қанат жаюына ықпал етіп, таэквондо мектебін ашты. М. Өзтүрік 1995 жылы Қазақстанда дүниеден өтті.



«Бір өкінішім, – дейтін Мұстафа, – халықаралық жарыстарда Қазақстан атынан қатыса алмадым. Жақсы дайындалып, жарқырай көрініп жүрген кезімде қазақ елінің наимысын қорғаганымда менде арман болмас еді...».

**Бақыт Сәрсекбаев** – боксшы, Бейжің Олимпиадасының чемпионы, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген спорт шебері. 1981 жылы 29 қарашада дүниеге келген. Қазақтың спорт және туризм академиясын жаттықтырушы-оқытушы мамандығы бойынша тамамдаған. Өзбекстанда 12 жастан бастап бокспен шұғылдана бастаған. 2002 жылы Азия чемпионы; 2003 жылы Африка-Азия ойындарының жеңімпазы; 2004



«Әлемдегі спорт жан-күйерлерін елімнің Өн-үранына құлақ түргізіп, Туына көз тіккізуден артық бақыт болмаса кепек. Спорт адалдықты талап етеді. Ол біреулердің ақша мен атақ табуды қөздейтін алаңы болмауы тиіс».

жылы атажұртына оралғаннан кейін Қазақстан чемпионы атанды. Бақыт – 2006 жылы студенттер арасында әлем чемпионы, кейінірек Катарда Азия ойындарының жеңімпазы болған қазақстандық жалғыз боксшы. Бейжіңдегі Олимпиадада бокстан ел құрамасындағы жалғыз олимпиада чемпионы атанды. Б. Сәрсекбаев – I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері.

(«Тәуелсіздік жемісі» кітабынан)

 2. Бүтінгі тақырып бойынша 5 тірек соз немесе 5 соз тіркесін жазыңдар. Оларды қолданып, қысқа аннотация жазыңдар.

3. Жоғарыдағы кейінкерлер туралы ақпараттық мәтіндер мен тыңдалым мәтінінің арасында байланыс бар ма? Қандай үқсас ой, пікірлер, мәліметтер бар? Қандай ерекшеліктер бар?

	Неге көніл бөледі?	Ерекшеліктері	Ортақ мәселе
Тыңдалым мәтіні			
Оқылым мәтіндері			

 4. Қосымша дереккөздерді пайдалана отырып, «Еліне енбегі сіңген отандастар» деген тақырыпта қыырдан келген қандастарымыздың емірінен төмендегі болімдер бойынша таныстырылым дайындаңдар.

#### Белімдер:

- 1) Фылым саласының қызыметкерлері;
- 2) Медицина саласының білгірлері;
- 3) Табысты көсіпкерлер.

7-

сабак

**Қабдеш Жұмаділовтің  
«Қаздар қайтып барады» әңгімесі**

1. Суретке қараңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.




**Сұрақтар:**

1. Ұшып бара жатқан құстарды жиі көресің бе? Олар қандай сезім тұрызады?
2. Үлттық танымда үшқан құс нені бейнелейді?
3. Елге деген сағынышты қандай құстар суреттейді?

2. Қабдеш Жұмаділов туралы ақпаратпен танысындар.

Қабдеш Жұмаділов 1936 жылы Шыңжаң өлкесінің Тарбағатай аймағында дүниеге келген. Қазақстанның халық жазушысы. 1954 жылы «Шыңжаң» газетінде алғашқы өлеңдері жарық көрді. «Жамал» атты алғашқы әңгімесі 1956 жылы «Шұғыла» журналында басылды. 1962 жылы атамекеніне оралды. 1967 жылы «Жас дәүрөн» деген атпен өлеңдер жинағы шықты. Жазушы қаламынан көптеген әңгіме, хикаялар, он шақты роман туды. Романдарының көбі тарихи тақырыпқа арналған. 1968 жылы «Қаздар қайтып барады» атты алғашқы әңгімелер жинағы, 1969 жылы «Көкейкесті» романы жарық көрді. Оның екі кітаптан тұратын «Соңғы кеш» (1974–1981), «Атамекен» (1985), «Тағдыр» (1988) романдары Шыңжаң қазақтарының өмірінен жазылған. «Қаздар қайтып барады» әңгімесі Шыңжаң өлкесінен жер ауып кеткен қарапайым адамның туган елге деген сағынышын әңгімелейді. 1998 жылы «Қазақстанның Халық жазушысы» деген атақ берілді. «Парасат» орденінің иегері.


Тарбағатай, Үржар және Аягөз аудандарының Құрметті азаматы.



Қабдеш Жұмаділов

 3. Төмендегі сөздердің мағынасына қоңыл боліндер, есте сақтаңдар.  
Улті бойыниша сөз тіркестерін және сойлемдер қураңдар.

Сөздер	Мағынасы
жігері құм болу	ұндемей қалу
ет жүрегі езілу	жаны ашу, мейірлену
жыртылып айырылу	мүнда көп
жіпке тізген моншақтай	қатар-қатар
қамшы салым	жақын жерде
көзден гайып болу	жоқ болды
кірпік қақпай	көз алмай



 4. «Қаздар қайтып барады» әңгімесінен үзіндін оқындар. Тыныс белгілерінің қойылуына назар аударындар. Төмендегі сұрақтар бойыниша пікірлесіндер.

...Озінің бүл сапарға жалғыз шыққанын ойлағанда, жігері құм болып, ет жүрегі езіліп кетті... Шіркін, жалған-ай, дәл қазір қасымда томпаңдан Төлеутайым еріп келе жатса, арманым болмас еді-ау. Төлеутай деп отырғаны – қарттың жалғыз немересі.

Төлеутайы жетіге толып, мектепке барғаны бүл үшін үлкен мереке болып еді. Екі арқардың етін қазанға бір-ак салып, маңайын шақырып, той жасады. Иленген тау ешкінің терісінен немересіне әп-әдемі сөмке жасап берді. Қашан үйреніскенше, мектепке өзі ертіп апарып жүрді.

Немересінің тілі қандай қызық?! Зерек, әр нәрсені білуге құмар-ды. Қарттың есіне мына бір оқиға түсті. Бір жолы Төлеутайды таяу жердегі қарасуға үйрек атуға ертіп барған. Қектемгі құс келетін уақыт. Сол маңдағы шұқанақ көлдер мен Қарасуда шүрегей үйректер жыртылып айырылады. Шал бара салып екі үйрек атып алды.

Бір заматта қанаттары сартылдала, су жағасына жіпке тізген моншақтай бір топ қаз келіп қонды. Жол бастаушы көсемі қамшы салым бәрінің алдында жүр.

- Ата, мына қазды атайықшы, – деді Төлеутай қуанып.
- Атшы анау алдында жүрген ұлкенін.
- Жоқ, балам, бұл қаздарды атуға болмайды, – деді қарт басын шайқап. – Бұлар да жолаушы ғой, алысқа кетіп барады. Жолынан қалдырмайық.
- Алысқа дейсің бе? Қайда барады сонда? – деді Төлеутай таңырқап.
- Тұған жеріне кетіп барады...
- Тұған жері қайда?
- Алыста, сонау таудың ар жағында, – деп қарт қазір өзі жатқан асуды нұсқап еді сонда.

Бала «түсіндім, онда атуға болмайды екен» дегендей, өзіне жараспайтын бір естиярлықпен ойланып қалған. Өлгі қаздар бой жазып, суға қанып алды да, кешікпей аспанға көтерілді. Айналып ұшып, шарықтап көп журді.

– Өбден шарықтап, ана таудың деңгейіне көтеріліп алмақ, – деді қарт немересіне түсіндіріп, – аспандап алғасын терістікке қарай бір-ақ заулайды. Зайсан көлге, Қара Ертіске жеткенше қалай тоқтасын-ау, байғұстар! – Шал күрсінді.

Айтқанындақ, қайтқан қаздар бұлардың тәбесінен тағы бір айналды да, солтүстік қайдасың деп тартып берді. Қарт немересімен екеуі қаздар тобы көзден ғайып болып, аспан түңғиығына сіңіп кеткенше, кірпік қақпай қарап тұрды.

#### Сұрақтар:

1. Оқига қалай басталды?
2. Басты кейіпкер кім?
3. Қарт нені армандағы?
4. Қарт қандай оқиганы еске түсірді?
5. Қарттың күрсінуінің себебі неде деп ойлайсың?
6. Өңгіме неге «Қаздар қайтып барады» деп аталады?
  
5. Өңгімdeden алынған үзінділерді оқып, олардың адам бойында қандай сезімдерді оятатынын жазыңдар.

Өзінің бұл сапарга жалғыз шыққанын ойлаганда, жігері құм болып, ет жүрегі езіліп кетті.

Екі арқардың етін қазанға бірақ салып, маңайын шакырып, той жасады.

Ассоциациялық ромб

Бір заматта қанаттary сартыл-  
дап, су жағасына жіпке тізген  
монашатай бір топ қаз келіп  
қонды.

– Жоқ, балам, бұл қаздарды  
атуға болмайды.

– Бұлар да жолаушы гой,  
алысқа кетіп барады.

Жолынан қалдырмайың.

Айналып ұшып, шарықтап көп  
жүрді.

– Зайсан көлге, Қара Ертіске  
жеткенше, қалай тоқтасын-ау,  
байгүстар!

#### 6. Сөздер қатарынан артығын белгілеңдер.

1. Аспанға көтерілу, ұшу, айналу, заулау, шарықтау.
2. Солтүстік, терістік, алыс, тауга қарай, тарту.
3. Файып болу, көрінбеу, көзден таса болу, кірпік қақпай.

#### 7. Сұрақтар бойыниша топта пікірлесіндер.

1. Автор басты кейіпкердің туған жерге деген сағыны-  
шын шынайы, әсерлі жеткізе алды ма?
2. Ол негізгі идеяны жеткізу үшін қандай сөздерді, әдісті  
қолданды?

#### Көмек

1. Әңгімен қарттың туған жерге деген сағынышын  
бейнелейтін үзінділерді тауып оқындар.
2. Әңгімен қарттың туған жерін атайдын сейлеме-  
дерді анықтандар.

8-

сабак

#### «Қаздар қайтып барады» (2-бөлім)

##### 1. Мәтінде берілген мәліметтерді реті бойыниша жүйелендер.

Ақпараттар	Реті
Бір жолы Төлеутайды таяу жердегі қарасуға үйрек атуға ертіп барған.	
Бала «түсіндім, онда атуға болмайды екен» дегендей, өзіне жа- распайтын бір естиярлықпен ойланып қалған.	

Өлгі қаздар бой жазып, суга қанып алды да, кешікпей аспанга көтерілді.

...Әзінің бұл сапарга жалғыз шыққанын ойлаганда, жігері құм болып, ет жүргегі езіліп кетті...

Шал бара салып екі үйрек атып алды.

Қарт немересімен екеуі қаздар тобы көзден гайып болып, аспан тұңғырының сіңіп кеткенше, кірпік қақпай қарап тұрды.

Төлеутай деп отырғаны – қарттың жалғыз немересі.

– Ата, мына қазды атайықшы, – деді Төлеутай қуанып.

Төлеутай жетіге толып, мектепке барғаны бұл үшін үлкен мереке болып еді.

 2. Мәтін мазмұны бойынша негізгі ақпараттарды анықтаңдар. Құрылымы бойынша талдау жүргізіңдер. Сыныптастарыңмен ой белісіңдер.

Шыгарманың аты	Авторы	Кейіншері	Іс-әрекеті	Адами қасиеті

 3. Көп нүктенің орынна магынасы жағынан сай келетін жалғаулық шылауларды қойындар. Сыныптастарыңмен салыстырып, қойылу себептерін түсіндіріңдер. Магыналық түрлерін ажыратындар.

1. Төлеутай жетіге толды, ... мектепке барғаны бұл үшін үлкен мереке болып еді. 2. Екі арқардың етін қазанға бір-ақ салды ..., маңайын шақырып, той жасады. 3. Иленген тау ешкінің терісінен немересіне әп-әдемі сәмке жасап берді ... қашан үйреніскеңше, мектепке өзі өртіп апарып жүрді. 4. Зерек ... әр нөрсені білуге құмар-ды. 5. – Жоқ, балам, бұл қаздарды атуға болмайды, – деді қарт басын шайқап, ... бұлар да жолаушы рой. 6. Алысқа кетіп барады, ... жолынан қалдырмайық. 7. Қайтқан қаздар бұлардың тәбесінен тағы бір айналды ..., солтүстік қайдасың деп тартып берді.

Жалғаулық шылаулар: да, сол себепті, және, сондықтан, ейткені, да, әрі.

 4. Мәтін ішінен алынған сойлемдерге тиісті тыныс белгілерін қойындар. Тыныс белгілердің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

1. Шіркін жалған-ай дәл қазір қасымда томпандаған Төлеутайым еріп келе жатса арманым болмас еді-ау. 2. Ата мына қазды атайықшы деді Төлеутай қуанып. 3. Алысқа дейсің бе Қайда барады сонда деді Төлеутай таңырқап.

4. Туган жері қайда 5. Алыста сонау таудың ар жағында деп қарт қазір езі жатқан асуды нұскап еді сонда. 6. Зайсан көлге Қара Ертіске жеткенше қалай тоқтасын-ау байғустар.

9-

сабак

## «Қаздар қайтып барады» (3-бөлім)



1. Мақалдармен танысындар, сұрақтарға жауап беріңдер.

Өзге елде сұлтан болғанша,  
Өз елінде ұлтан бол.

(Мақал)

Өркімнің ез жері –  
Мысыр шаһары...

(Мақал)

Туган жердің қадірін шетте  
жүрсөң, білерсің...

(Мақал)

Жат елдің жақсысы болғанша,  
ең елінің сақшысы бол.

(Мақал)

Сұрақтар:

1. Мақалдарда қандай сөздер қайталанады?
2. Мақалдарды қандай тақырыпқа біріктіруге болады?
3. Қай мақалды жиі естисің?



2. Төмендегі сөздерді магыналарымен сәйкестендіріп айтыңдар. Оларды қатыстырып, сөйлем қураңдар.

- |                        |   |
|------------------------|---|
| 1) мойын бүрғызған жоқ | <input type="radio"/> A қыншылығын бөлісу         |
| 2) ақсүйек жүт         | <input type="radio"/> Θ ерте қайтыс болды         |
| 3) қапас               | <input type="radio"/> B қайырымды іс              |
| 4) қыршынынан қылышты  | <input type="radio"/> В ашаршылық кез             |
| 5) игілікті іс         | <input type="radio"/> Г түрме                     |
| 6) мұнын шаққандай     | <input type="radio"/> F асығыс, ештеңеге қаратпау |



3. Үзіндіні оқыңдар, сұрақтарға жауап беріңдер.

Соңғы бірнеше жыл бұл өлкені жайлаған ашаршылық бұлардың қара лашығына ене алмай-ақ келіп еді. Қарт кәрі сүйегін сүйретіп, аң, құс атып әкеліп, немересін сақтап қалуға бар жанын салған.

Бір күні атып алған қояны мен кекілігін арқалап үйіне келгені сол еді, мұны екі полицей тосып отыр екен. Ай-шайға қаратпай, шалдың қол-аяғын байлады да, арбага отыргызып, қалаға алыш кетті. Мектепке кеткен немересіне де мойын бұргызған жоқ. Тергеусіз, сұраусыз апарып, түрмеге қамап таставды. Бір айдай жауапсыз жатып қалды. Өзіне қандай айып тағылғанын да білмеді. Тек тергеуге әкелгенде ғана үқтүсінген мән-жайды. Бұған екі түрлі қылмыс таңылған көрінеді. Біріншісі – «Аң аулағанды сұлтау қылып, үнемі тау арасында жүреді екенсің. Бірнеше рет шегара бойына да жақын барып қайтыпсың. Сондагы мақсатың не? Екіншісі – «Сенде тығулы жатқан мылтық бар. Соны өкіметке тапсыруың керек».

Қарт түрмеде бір жыл жатты. Тек қыс өтіп, келесі көктемде ғана мұны қапастан босатты.

Алдында қандай қасірет күтіп тұрганын бұл ауылға келгенде бір-ақ білді. Откен қыста да ақсүйек жұт болып, малдан тігерге түяқ қалмаған. Адам шығыны да аз емес. Тірілердің қатары селдіреп, жотадағы зираттың қарасы молая түсіпті. Қарт сол зираттың шет жағындағы кішкентай жас топырақты құшақтап, бір тәулік ессіз жатты. Өзі жоқта жалғыз жұбанышы – Төлеутайы аштыққа төзбей қыршынынан қылышты...

Жасы жетпіске келсе де, қайраты қайтпаған қарт сол күннен бастап күрт төмендеп кетті. Есіне сонау алыста қалған туған жері түсे берді. Түсінде сол ғажайып өлкениң құшағында жүретін болды.

Шал ендігі қалған аз өмірін бір игілікті іске жұмсауға бел байлады. Ол – қырық жыл бойы көкірек түкпірінде жатқан осынау сапар болатын.

Тұн ортасы жақындалап, ай батып кеткен кезде қарт орнынан түрді. Шекпенінің етегін түрініп, белін шарт буып алды. Ол сзызықтан өте салысымен бүкендей жүгіріп отырып, екі-үш шақырымдай ұзап кетті. Тобылғылы құр сайға жеткенде, «үн» деп демін бір-ақ алды. Тұла бойын тер басып кеткен екен, дереу омырауын ағытып, терістікten аңқылдай соққан самалға тосты. Әлдекімге мұнын шаққандай, еңкілдеп жылап жіберді. Сақалынан пара-пара жас ақты. Жер-ананы құшақтап сүйе берді. Біресе жылап, біресе күледі. «Ай-

налайын тұған жер, сені де көретін күн болады екен-ау» деп түншыға күбірлейді. Қалтыраған қолымен көңірсіген дымқыл топырақтың бір уысын алыш, бетіне басады, танауына апарып, қайта-қайта иіскей береді...

(Қабдеш Жұмаділов.  
«Қаздар қайтып барады» әңгімесінен)

#### Сұрақтар:

1. Қарт адам немен күн көрді?
2. Қартты полицейлер қайда қамады?
3. Оған қандай айып тағылды?
4. Шалдың nemerесі бар ма?
5. Ол түрмеде қанша уақыт өткізді?
6. Төлеутай неден қайтыс болды?
7. Шалдың қандай арманы болды?
8. Қарт шегарадан өтті ме?
  
4. Әңгімені талдаңдар, салыстырыңдар, қорытынды жасаңдар.
  
1. Әңгімeden оқиганы дамытқан басты қауіпті табындар.
2. Қауіпті сипаттайтын детальдарды анықтаңдар.
3. Қауіпті күшейткен оқиганы атаңдар.
4. Қарттың өміріндегі ең ауыр күнді сипаттаңдар.
5. Оқиганың шешімін баяндаңдар.
6. Қарттың отбасында қындықты тудырган себептерді табуга тырысыңдар.
  
5. «Әңгіменің тақырыбы автордың ойын толық жеткізді» деген тақырыпта келісіу/келіспеу эссеін жазыңдар.

10-


сабак

#### Тұған жер – алтын бесік



1. Топқа белініңдер. Төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.

**1-топ.** Қ. Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесінің толық мазмұнын (1, 2, 3-бөлім) жоспар ретінде циклограммаға салыңдар, мазмұнын қысқаша әңгімелеп беріңдер.



**2-топ.** Көркем шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді баяндаңдар.

1. Қалай ойлайсындар, кейіпкер бөтен елге не үшін барған?

2. Еліне оралуға неге кеш шешім қабылдады?

3. Жазушының өмірі мен әңгімесінің арасында байланыс бар ма?

4. Мәтін мазмұнында кездесетін қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді атандар.

**3-топ.** А. Майковтың «Емшан» шығармасын тыңдаңдар. Қысқаша мазмұнын постерге түсіріп, сыйыптастарыңа әңгімелеп беріңдер.

2. Жұптық жұмыс. Алдыңғы тапсырмада баяндалған А. Майковтың «Емшан» шығармасын К. Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесімен салыстырыңдар. Үқастығы жағынан мәтіндерге жаңжақты талдау жүргізіңдер.

	«Қаздар қайтып барады»	«Емшан»
Стилі		
Мәтін жанры		
Мәтін тақырыбы (Көтерілген мәселе)		
Негізгі идеясы (Не үшін жазылған?)		
Мақсатты аудиториясы (Кімге арналған?)		
Үқастықтары		
Ерекшеліктері		

### 3. Кестедегі сөздерден мақал-мәтел құрастырыңдар.

ормансыз, адам, тең, бұлбұлмен; орман, отансыз  
өзге, сұлтан, өз, ұлтан, елде, болғанша, бол, елінде  
қадірін, туган, білерсің, жердің, жүрсөң, шетте  
құс, пенде бірдей, бөтен, жырақта, қасиетін

 4. Оқылым және тыңдалым мәтіндерінің маңызды ақпараттарын еске түсіріңдер. Суреттер мен тірек сөздерді пайдаланыңдар.



Тірек сөздер: ата-баба арманы, тәуелсіздік, тұган жер, жырақта, әділеттілік, көші-қон, біржолата, жалынды, атажүрт, тең құқылы, топырагы, квота, бағдарлама, шексіз.

«Тұган жер – алтын бесік» деген тақырыпта жинақы мәтін құранадар. Мәтін мазмұнында шылаудың мағыналық түрлерін, тақырып бойынша тірек сөздерді қолданыңдар.

11-

сабак

## Қазақтардың дүниежүзілік басқосуы



1. Суретке қараңдар, сұрақтарға жауап беріңдер.



1. Бұл таңба-сурет саған таныс па?
2. Бұл қандай үйымның белгісі?
3. «Қауымдастық», «құрылтай» сөздері таныс па? Шаңырақпен қандай байланыс бар деп ойлайсындар?
2. «Қауымдастық», «құрылтай» терминдерінің анықтамаларымен танысыңдар. Концептуалды картаны толтырыңдар.

*Қауымдастық –  
саяси, ғылыми,  
мәдени т.б.  
мақсаттарға жету  
шын тұлғалардың  
бірігүй.*

*Дүниежүзілік  
қазақтарының  
құрылтайы – Дүниежүзілік  
қазақтарының қауым-  
дастығының ең жоғарғы  
органы.*

## Дүниежүзілік қазақтарының құрылтайы

Саяси қызметі	
Мәдени қызметі	
Ғылыми қызметі	



3. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтін мазмұнында кездескен жаңа сөздерді анықтаңдар.

4. Ақпаратты қайта тыңдаңдар. Кестедегі сандық ақпаратты сөйлеммен ашып жазыңдар. Мәтіндегі сандар иенің көрсеткішін білдіреді?

№	Сандар	Қандай ақпарат айтылған?
1	1992 жыл	
2	2002 жыл	
3	32, 312	
4	2011	
5	20 жыл	
6	2017 жыл	
7	39, 350, 750	
8	6,5 миллион	
9	40 пайызы	
10	11 миллионнан	

 5. Мәтінді тағы бір рет тыңдаңдар. Ақпараттарды реті бойыниша орналастырып жүйелендер.

1. Дүниежүзінің түкпір-түкпірінен жиналған қазақтар қасиетті Түркістан қаласында бас қосты.

2. 2005 жылғы Құрылтайда: мәдениет, оқу-білім, бұқаралық ақпарат құралдары және көші-қон шаралары қарастырылып, шетелдегі қазақтармен байланыс жасаудың өзекті мәселелері талқыланды.

3. 1992 жылы Алматыда өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына 33 елден, сонымен қатар Қазақстан облыстарынан келген 800-дей өкіл қатысты.

4. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ үлтynna деген ең басты атқарған ісі мен игі өрекетінің бірі – Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы.

5. Бұл отырыста шетелдегі ағайындармен рухани-мәдени байланыс, көші-қон, шетелдегі қазақ жастарының елімізде білім алуы, бизнес, кәсіпкерлік және тағы басқа мәселелер қаралды.

6. 2011 жылы Нұр-Сұлтандың құрылтай отырысында көші-қон туралы заң жобасы қайта қаралып, ұлттық өнерді кеңінен дамыту және т.б. келелі мәселелер талқыланды.

## 6. Сұрақтар бойыниша пікірлесіңдер.

1. Мұндай бас қосу не үшін керек?

2. Құрылтайдың дүниежүзінде қандай орны бар?

12-

сабак

## Тәуелсіз елдің тарихи жолдары



## 1. Мәтінді оқындар. Тапсырмаларды орындаңдар.

## Құрметті отандастар!

1. Қазақтың талантты халық екені дүниежүзіне белгілі. Бәріміз бірігіп осы жылдар ішінде келелі табыстарға жеттік. Жалпы орташа өмір сүретін халықтардан озып, олардан жоғары шықтық. Экономикамызды 22 есе өсірдік. Бүгінгі қазақтың тарихында оның жағдайы мен түрмисы еш уақытта мұндай болған емес. Бұл – тарих түрғысынан қас қағым сөт болғанмен, қазіргі таңда тұтас дәүірге татитын уақыт. Біз бұл жолдан да өттік.

2. Бірінші жолымыз – тәуелсіздік алған қуанышымыз. Екінші – 2030 жылға дейінгі бағдарламамыз. Оны орындаңық. Енді үшінші жол – 2050 жылға дейінгі Стратегиямыз. Оның негізгі мақсаты – өркендеген ең үлкен мемлекеттер қатарына қосылу.

Бұл жұмыстардың өзегіне айналатын Рухани жаңғыруды колға алдық.

3. Халықтар зор бәсекелестік жолына тұсті. Солардың қатарында болу үшін біз де қамдануымыз керек. Біріншіден, қазақ тілін латын әліпбиине көшіру. Бұл – ана тіліміздің жаһандық ғылым мен білімге кірігуін әрі әлем қазақтарының рухани тұтастығын қамтамасыз ететін бірегей қадам. Латын әліпбиине көшу арқылы басқа тілдерді үйренуге мүмкіндігіміз артады және жаңа заман талабына сай халқымыздың есіп-өркендеуіне жол ашылады.

Екіншіден, гуманитарлық бағыттағы ең үздік 100 оқулық қазақ тілінде шығады. Бұл – қазақстандықтар үшін ғана емес, күллі қазақ үшін айрықша маңызды жоба.



Ушіншіден, «Тұган жер» жобасы әрбір азаматтың жері мен еліне қамқорлық жасауын көздейді.

Төртіншіден, қазақ үшін Атамекеннің бір шымшым топырағына дейін тұнып тұрган қасиет. Тұтас түркінің алтын бесігі Алтай, киелі Түркістан, ұлт ұясы Ұлытау және басқа да орындар – барша қазақ үшін қасиетті. Бұл жерлерге шетелден сан мың қазақ келіп, тағым етіп жүр. Алайда кейінгі жастардың елдегі тарихи, рухани құндылықтардан хабары аз.




Бесіншіден, Қазақстан мәдениетін әлемге танытатын бірегей жоба басталды. Қазақстан мәдениеті дегеніміз ең алдымен, қазақтың мәдениеті.

Алтыншыдан, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы Тәуелсіздік жылдарында жетістікке жеткен отандастарымызды елге таныстырып, үлгі етуді көздейді. Осы жылдар ішінде баршаға белгілі болған отандастарымыз да аз емес. Соларды іріктең, аттарын әлемге таныту керек. Оларды алыстағы ағайын білуі қажет.

Сондай-ақ өмір бойы сыртта жүрсе де, білімі мен білігі, өнері мен дарыны арқылы қазақтың атын шығарған бауырларын тарихи Отаны танууга тиіс. Рухани жаңғыру деген – бүкіл қазақтың жаңғыруы, бірлік деген – барша қазақтың бірлігі. Бұл – негізгі мәселе. Біздің қол жеткен табысымыз – ел ішіндегі тыныштық пен бірліктің арқасы. Қазіргі жаһандану дәуірінде рухани тұтастық қана қазақты ғасырлар сынынан сүрінбей өтетін Мәңгілік ел етеді.

(Н.Ә. Назарбаев. Дүниежүзі қазақтарының  
V құрьылтайында сойлеген сөзінен)

## 2. Мәтіндегі ойдың берілуіне сай келетін сөз құрылымын анықтаңдар.

1. 
  2. 
  3. 
- |    |         |         |         |
|----|---------|---------|---------|
| 4. | 1-пікір | 2-пікір | 3-пікір |
|    |         |         |         |
5. 1. \_\_\_\_\_  

  6. 

**3. Жұптық жұмыс. Мәтінді қайта оқындар. Тезистерді түсіндіретін сөздер мен сөз тіркестерін анықтаңдар.**

*Улғи:*

**1. Қазақтың талантты халық екені дүниежүзіне белгілі.**

келелі табыстар	кедейшіліктің	экономика
	3 пайызга тәмендеуі	22 пайызга өсті

**2. Негізгі мақсат – өркендерген ең үлкен мемлекет қатарына қосылу.**


**3. Халықтар зор бәсекелестік жолына түсті.**

**4. Атамекеннің бір шымшым топырағына дейін тұнып тұрган қасиет.**

**4. Сөздер қатарынан артық сөзді табындар.**

1. Қас қағым сәт, тұтас дәуір, өркендерген ел, осы жылдар.
2. Тағым ету, құрметтеу, қамқорлық жасау, дәріптеу.
3. Маңызды, қымбат, қасиетті, рухани тұастық.
4. Қірігу, бірігу, қамдану, бас қосу.
5. Мақсат ету, көздеу, қосылу, міндет қою.
6. Жолына тұсу, көздеу, қамтамасыз ету, бағыт алу.
7. Барша, бүкіл, тұтас, бірегей.

**5. Топтық жұмыс. Рухани жаңғыру идеясының маңызын себеп-салдар магыналық байланыс түрінде көрсетіп, түсіндіріңдер.**



1-

сабак

Толеранттылық – бейбіт өмір белгісі



1. Сурет авторлары өз туындыларында қандай ойды жеткізді?



2. Толеранттылық сөзінің мағынасын ашатын сөздерді табыңдар.

тәзімділік	сабырлылық	жылы қарым-қатынас
мәдениеттілік	ұтқырлық	құрметпен қарau
ақылдылық	шыдамсыздық	шығармашылық
бірлік	білімділік	жұмсақтық
достық	бәсекелестік	табыскерлік
кешірім	басқара білу	



3. Сөздермен сөз тіркесін қураңдар.

Жаңа сөз	Сын есім	Етістік
тәзімділік	таза, адал	турызу, қалыптастыру, дамыту
құрмет		



4. Сойлеу әдебі ережелерін пайдаланып, томендеңі сұрақтарға жауап беріңдер.

Толеранттылық дегенді қалай түсінесіндер?  
 Толеранттылық сөз неге жиі айтылады?  
 Сен өзінді толерантты адаммын деп есептейсің бе?



Менің ойымша, ... деп ойлаймын.  
 Менің көзқарасым бойынша ... .  
 Менің түсінігімде ... екеніне сенімдімін.  
 Мысалы: ... .

**5. «Толеранттылық» сезімен ассоциациялық ромбты толықтырындар.**



**6. Топтық жұмыс. «Толеранттылық тарғылымы» мәтінімен танысындар. Топтық жұмыс түрлерін орындаңдар.**

**1-топ.** Сыныпта оқушылардың толеранттылық туралы пікірлерін анықтайтын сауалнама сұрақтарын құрастырыңдар. Сауалнама жүргізіндер.

**2-топ.** Толеранттылықты бейнелейтін постер дайындаңдар.

**3-топ.** Толеранттылықпен байланысты оқиғаларды, мысалдарды табыңдар, әңгімелендер.

**4-топ.** Толеранттылыққа қарама-қарсы өрекет түрлерін атаңдар, мысалдар көлтіріндер.

### Толеранттылық тарғылымы

Толеранттылық (латын тілінде *tolerantia* – тәзімділік, қенбістік) – басқа ойга, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-өрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға тәзімділік, жұмысқылдық көрсете білу қасиеті. Толеранттылық адам құқығы мен бостандығы, плюрализм сияқты демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылық – қоғамның жалпы және саяси мәдениет деңгейінің көрсеткіші.

«Толеранттылық» сезі өр тілде түрлі мағына береді. Мысалы: француз тілінде – басқаға оң көзқарас, орыс тілінде – тәзімділік, шыдамдылық, араб тілінде – сабырлылық, рақымшылдық, қытай тілінде өзгелермен көркем қарым-қатынас мағынасын білдіреді. Толеранттылық бірлікке жетуге мүмкіндік береді. Ол адамдардың жан-жақты құқықтары мен еркіндіктерін қабылдау негізінде қалыптасады.

Толеранттылық туралы Декларация 1995 жылы ЮНЕСКО-ның конференциясында бекітілді. Содан бері 16 қараша

дүниежүзілік толеранттылық күні болып аталаған кетті. Декларацияда толеранттылық «біздің әлемдегі аса бай көп түрлі мәдениетіне, өзін-өзі таныту формаларына және адамның жеке-даралығын көрсету әдістеріне құрметпен қарау, қабылдау және дұрыс түсіну» мағынасында көрсетілді. Декларацияга сәйкес «адамдар табигатынан сыртқы келбеттерімен, беделімен, сөйлеу мәдениетімен, тәртібімен, құндылықтарымен ерекшеленеді және бейбітшілікте өмір сүру, өзінің даралығын сақтап қалу» құқығына ие.

Қарапайым түсінікпен айтсақ, басқа пікірлерге төзімділік таныту, ашусыз, қысымызыз, басқара білу біліктілігі, олардың кемшіліктері мен қателіктерін кешіре білу деген сез. Жалпы толеранттылық – өркениетті қоғамға тән құбылыс. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі.

(Салтанат Әубекірова. «Қазақ қоғамындағы толеранттылықтың тарихи-мәдени типтері» кітабынан)

2-

сабак

## Мен қазақ халқына ризамын!

### 1. Ақпаратпен танысындар.



Герольд Бельгер

Герольд Бельгер – қазақ қоғамына танымал жазушы, үлтты – неміс. Оны қазақ халқы «Гераға» деп атады. Гераға Саратов облысы Энгельс қаласының немістер қоныстанған Поволжье өңірінде дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы басталғанда ол ата-анасымен Қазақстанға жер аударылады. Герольд Бельгердің қазақ халқына деген құрметі кішкентай кезінен қалыптасты.

Мектепті бітіргеннен кейін Карагандыға оқуға барады, бірақ қабылданбайды. Өйткені жер аударылғандардың баласы. Келесі жылы Алматыдағы Қазақ үлттық педагогика институтының есігін қағады. Бірақ сол баяғы «жер аударылғандардың баласы» деген атақ тағы да кедерігі келтіреді. Оған оқуға түсуге көмек қолын созған Мәлік Фабдуллин еді. Өмірінің соңына дейін Гераға Мәлікті әкесіндегі құрметтеді. Жалпы Герольд Бельгер қазақ халқын аса қадір тұтатын.

**2. Ақпарат мазмұнына сай сұрақтарды анықтаңдар.**

1. Ол соғыс уақытында қайда тұрды?
2. Герольд Бельгер қайда дүниеге келді?
3. Герольд Бельгер қандай отбасында дүниеге келді?
4. Герольд Бельгердің отбасы Қазақстанға қалай келді?
5. Герольд Бельгер қандай университетке түсті?
6. Оған кім көмектесті?
7. Караганды университеті Герольд Бельгерді неге оқуға қабылдамады?
8. «Жер аударылған» деп кімдерді атаған?

 **3. Герольд Бельгердің сұхбатын тыңдаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Герольд Бельгер қазақ тіліне қандай анықтама берді?
2. Герольд Бельгер қазақ тілін қалай менгерді?
3. Ол қайда тұрды?
4. Герольд Бельгер нешінші сыныпта қазақ тілін жақсы менгерді?
5. Герольд Бельгер кім болуды арманадады?
6. Герольд Бельгер кімдерді «жерлестерім» деп атайды?

**4. Тұжырымдарды шын/жалған/айтылған жоқ деп бөліңдер.**

1. Герольд Бельгер 1941 жылы ата-анасымен бірге Солтүстік Қазақстан облысына жер аударылды.
2. Ол 2-сыныпта орыс мектебіне барды.
3. 5-сыныпта Герольд Бельгер жазушы болуды арманадады.
4. Ол шығармаларын неміс тілінде жазды.
5. Герольд Бельгердің жерлестері Германияда тұрады.
6. Герольд Бельгер қазақ дыбыстарын айта алмады.
7. Герольд Бельгер қазақ тілін «бай тіл» деп есептейді.

 **5. Ақпаратты оқыңдар, тарихи деректерді анықтаңдар.**

Депортация немесе халықты күштеп көшіру – еліміздің еткен тарихының қаралы беттерінің бірі.

КСРО-дағы жаппай құғын-сүргін жылдарында 3 млн астам адам жер аударылды. «Сенімсіз халықтар» қоныстанған арнайы аудандар – солтүстік облыстар, Сібір, Орал, Орта Азия және Қазақстан жері болды. Бұл халықтардың ең көп бөлігі Қазақстан жері мен Сібірге қоныстандырылды. Жер аударылғандардың саны 1 миллион 200 мың болған. Қазақ жеріне немістердің 38%-ы, шешен мен ингуштардың 83%-ы,

көрістердің 59%-ы, балқарлардың 55%-ы, қарашибайлардың 58%-ы, гректердің 76%-ы, курдтардың 62%-ы күштеп қоныс аударылды. Қоныстанушылар іс жүзінде Қазақстанның барлық облыстарына орналастырылды.

(history.kz сайтынан)

### 6. Сөздердің мәғыналарын түсіндіріңдер.

	Күнделікті қолданыстағы мәғынасы	Тарихи мәғынасы
күштеп көшіру		
кугын-сүргін		
жер аудару		
қоныстандыру		

7. «Сенімсіз халық» соз тіркесімен байланысты ақпараттарды анықтаңдар. «Тарих» пәні мұғалімімен сұхбаттасыңдар.

3-


сабак

Ел бірлігі

1. Берілген мақалдарға назар аударыңдар. Олардың мәғыналарында ортақ белгі бар ма? Өз ойларыңды болісіңдер.

Көп түкірсе – көл.		Богатство – не богатство, единство – богатство.
Бір жеңиен қол шығар,		Где единство там жизнь.

2. «Бірлік» сөзіне ассоциация күрүңдар.



3. Жаңа сөздермен танысыңдар. Есте сақтаңдар!

Жаңа сөздер	Мәғынасы
абыз би	бата беретін, болжам жасап, жорамал жасайтын адам
әуелі	алдымен

солқылдақ шыбық	жас шыбық
саяқ журу	жалғыз журу
ауызбірлік	ынтымақ, бірлік
бақ	бақыт, талай

#### 4. Жаңа сөздермен сөз тіркестерін және сөйлемдер қураңдар.

Жаңа сөз	Сөз тіркесі	Сөйлем
абыз, би	кеменгер абыздар	Қазақ халқының бірлігін кеменгер абыздар әділ қорғап отырган.

#### 5. Мәтінді мұқият оқындар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Төле би жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз білердің алдынан өтіп, батасын алады. Төле бала әуелі әкесіне барыпты. Жасы жүзге тақап отырган әкесі ынтымақ, ел бірлігі жөнінде өңгіме айттып отырады. Төле: «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ?» – дегенді сұрайды. Сонда әкесі әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады:

– Балам, мынаны сындырып көрші.

Төле буылған шыбықты олай-булай ііп сындыра алмайды.

– Енді сол шыбықты бір-бірлеп сындыршы.

Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртінде оп-оңай сындырып береді. Әкесі:

– Бұдан не түсіндің, балам? – дейді.

Сонда Төле бала:

– Түсіндім, әке, бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады», – дегеніңіз ғой.

– Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ қайда барасың? – Ынтымаққа барамын» дегеннің мәнісі осы депті.

( «Тәрбие құралы» кітабынан )

**Сұрақтар:**

1. Өңгіме кім туралы?
2. Төле би кімдермен сөйлесті?
3. Төле би қандай сұрақ қойды?
4. Шыбықтар нені бейнелейді?
5. Төле би әкесінің ойын түсінді ме?
6. Өңгімені рөлге бөліп ойнаңдар.

4-

сабак

## Толеранттылық – өмір сұру салты

1. Оқшау сөздердің ережесімен танысындар, естерінде сақтаңдар.

## Тілдік бағдар

## Оқшау сөздер

Сейлемдегі сөздермен синтаксистік байланысқа түспей, дауыс ырғымен ерекшеленіп тұратын сөздерді *оқшау сөздер* дейміз. Оқшау сөздер 3-ке болінеді.

Түрі	Қаратпа сөздер	Қыстырма сөздер	Одағай сөздер
Ереже	Тыңдаушының не оқушының назарын аударатын сөз немесе сөз тіркесі	Сейлеушінің айтылған ойга әртүрлі қатынасын білдіретін сейлемдегі басқа сөздермен байланысқа түспейтін оқшау сөзі	Адамның сезімін, көңіл күй, еркімен байланысты дыбыстық, ишаратты білдіретін сөздер
Мысалы және тыныс белгісі	1. Жігіттер, ертең сынақ болады. 2. Ұялма, балам, жогары шық! 3. Ендігі кезек сенде, қарагым!	1. Меніңше, сенің айтқаның дұрыс. 2. Сізде, рас, жұмысым бар еді. 3. Біріншіден, оның айтқаны дұрыс. 4. Өзі осында келген шыгар, сіра!	Қап, оны кеше сұрау керек еді. Пай-пай! Арғымаң деп осыны айт! Шіркін, қазақтың даласы кең гой!



2. Мәтінді тыңдаңдар, сұрақтарға жауап беріңдер.

Сұрақтар:

1. Автор мәтінде «ең басты нәрсе» деп нені айтады?
2. Нені көзіміздің қарашығындағы сақтай білуіміз керек?
3. Әр азаматтың, үлттың жауапты міндеті қандай?
4. Ақпарат саған қалай әсер етті?

3. Сойлем боліктерін өзара сәйкестендіріңдер.

тату-тәтті	ынтымагы жарасқан	көздің қарашығындағы сақтау керек
республикамыздары	Тұымыз	бейбітшілік
толеранттылықты	үлттық жарасымды	елім бар
біздің	сақтау	барлығымыздың
бәріміздің	тілегіміз	төуелсіздік

**Q 4. Берілген сөйлемдердің ішінен қыстырма сөздерді табыңдар. Қыстырма сөздердің қызметін ажыратыңдар.**

Қысқасы, тұган жерімізде талай-талай өркенді өзгерістер, жан жадыратар жақсы жаңалықтар бар. Ең бастысы, тату-тәтті, ынтымағы жарасқан көпүлтты халқымыз бар. Әрине, әр азаматтың өз үлттының көркеюін, нығаюын армандауы заңды. Біріншіден, республикамыздығы қазіргі үлтаралық жарасым ахуалын көздің қарашығындаң сақтай білу – барлық үлттың, әр азаматтың жауапты міндепті. Меніңше, әрбір азамат еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқы-мыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен жауапкершілік екенін жан-тәнімен сезінуі керек.

**5. 1 мамыр – Қазақстан Халқының бірлігі күні мерекесінен хабар дайындалап, әлеуметтік желіге қойындар. Төмендегі хабарламаны жалғастырыңдар. Ақпаратта мына тезистерде берілген ойды дәлелдей, түсіндіріңдер. Оқшау сөздердің түрлерін қолданыңдар.**



1. Бұл мереке Қазақстан халқын біріктірді.
2. Өр үлт өкілдері өз мәдениетін, дәстүрін таныстыруды.
3. Халық көңілді, мейірімді.

**Хабарлама**

Күрметті көрермендер, оқырмандар, әлеуметтік желіні қолданушылар!

5-

сабак

## Қазақстан халқы Ассамблеясы



1. Суреттерге ортақ бір тақырып беріңдер.



2. Сөздерді магыналарымен сәйкестендіріңдер.

ныгайту	топтастыру
тың бағыт	күшештү
үйистыра	маңызды
тұрақтылықты сақтау	ұлтаралық
этносаралық	атақ
бірегей	бейбітшілікті сақтау
бедел	жаңа бағыт



3. Мәтінді оқындар, қараман жазылған сөздерге назар аударыңдар.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1995 жылғы 1 наурызда құрылған Мемлекет басшысы жанындағы кеңесші орган. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің алғашқы жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. Аталған бастама мәдениетаралық диалогті **ныгайту**да жаңа кезеңнің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі **тың бағыт** болды. Бұл бірегей институт еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа **үйистыра** отырып, республикадағы тұрақтылықты сақтау мен ел дамуының мақсатына айтулы үлес қосып келеді.

Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан, әрбір азаматтың Конституция арқылы кепілдік берілген азаматтық құқықтары

мен еркіндігі толығымен қолданылатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Қазақстанның көпэтностиқ бай кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік ахуалы орнады.

Этномәдени бірлестіктердің саны тұрақты өсіп отыр, қазір олар 800-ден асады, оның ішінде, 28-і – республикалық. 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарлама, 7 тілде телебағдарлама шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, үйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностиң тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Сонымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілін оқуға мүмкіндік алған 195 этнобілім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде төрт үлттық – өзбек, үйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде ондаган жаңа кітап жарық қөреді. Жыл сайынғы 1 мамыр – Қазақстан Халқының бірлігі мерекесі, халықтық мерекелер: Наурыз, масленица, сабантойды тойлау дәстүрге айналды.

Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының топтастыруышы рөлін арқау ете отырып, Қазақстан патриотизмі, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде Қазақстанның азаматтық бірегейлігін және бәсекеге қабілетті үлтты қалыптастыру үрдісінде Қазақстан Республикасындағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

Республикада Қазақстанның барлық этносының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Ассамблея қызметі Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді.

*(Қазақстан. Үлттық энциклопедия, 5-том)*

#### Q 4. Сандық мәліметтерді сойлеммен айтыңдар.

1995	
1992	
15	
8	
7	
108	

22

30

195

5. Әр абзаңтың негізгі ойын бір сөйлеммен жазындар.

Абзаңтар	Негізгі ой
1-абзақ	
2-абзақ	
3-абзақ	
4-абзақ	
5-абзақ	

6-

сабак

Қазақстан – өз еліміз

1. Сөз тіркестерін оқындар. Жұп сөз тіркестерінің айырмашылығын анықтаңдар.

- жер аударылу – жер аудару
- қысым көру – ауа қысымы
- ауыр тағдыр – ауыр жүк
- алаңға шоғырлану – бір қалага шоғырлану
- құғын-сүргін – артынан қуу

2. Деректі фильмнен үзінді көріңдер. Сандарамен байланысты тарихи деректерді атаңдар.

1920

1932

1937

3. Сойлемдердің шын/жалған екенін анықтаңдар.

Ақпарат	Шын	Жалған
1. Коре сарам – театр атавы.		
2. Коре мар – корей халқының атавы.		
3. Корей халқы Қыыр Шығыстан көшті.		
4. Корей халқы күріш егуді жақсы біледі.		
5. Қазақстанға корей халқы күріш егу үшін келді.		
6. Олег Ли Корей театрын басқарады.		
7. Театрда қойылымдар корей, орыс тілдерінде жүреді.		
8. Корей халқы өз салт-дәстүрін ұмытпайды.		

94

 4. Бұл – Асылжаниның жазған әңгімесі. Ол бұл әңгімені 8 жасында жазған. Асылжаниның әңгімесінде толеранттылықтың қандай белгілері сипатталған?

«Менің өлемім – мейірімділік өлемі. Бұл жерде барлық адамдар мейірімді. Үйлер еш нәрсемен қоршалмаған. Үйдің алдында ағаштар өсіп тұр. Бұл жерде мейірімді адамдар тұрады. Олар түрлі түсті шағын үйлерде тұрады. Адамдар өте куанышты, олар осындағы өлемде тұру қандай бақыт деп ойлады. Бұл жерде жануарлар да, құстар да адамдармен бірге тұрады. Оларға ешкім тиіспейді. Таңтертең құстар сайрайды. Адамдар ерте тұрып, жақсы істер жасауға асыгады. Бұл жерде қызығаныш жоқ. Адамдар бір-бірімен үрсыспайды. Олар тазалықты жақсы көреді. Олар өлсіз адамдарды ренжітпейді. Бұл – менің арманымдағы өлем».

5. Сендерге толеранттылық үйін тұрғызу тапсырылды. Үй салу үшін оның іргетасын салу керек. Сосын кірпішін қалайды.

- Толеранттылық үйінің іргесінің неден тұрғызылуы керек?
- Бірінші қаланатын кірпішті қалай атауға болады?
- Үйдің тәбесін жабатын шатыр қалай аталады?
- Ал үйдің терезелерін қалай атайсындар?

7-

сабак

Сайын Мұратбековтің «Тел өскен ұл» повесі



### 1. Ақпаратпен танысындар.

Сайын Мұратбеков 1936 жылы 15 қазанда Алматы облысы Қапал ауданында туған. 1957–1963 жылдары ҚазМУ-де сырттай оқыған, 1971 жылы Мәскеудегі Жоғары әдеби курсты бітірген. 1954–1964 жылдары туған ауылында жұмысшы, мұғалім, аудандық, облыстық газеттердің әдеби қызметкері, 1962–1972 жылдары «Жұлдыз» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім менгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағында кеңесші, Көркем әдебиетті насиҳаттау бюросының директоры, 1972–1977 жыл-



дары Қазақстан КП орталық комитетінде жауапты қызметкер, 1977–1980 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, 1980–1984 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, 1984–1986 жылдары «Жазушы» баспасының директоры, 1988–1991 жылдары ҚЖО-ның екінші хатшысы болған.

«Менің қарындасым» (1961), «Ауыл оты» (1964), «Көгорай» (1967), «Отау үй» (1968), «Жабайы алма» (1972), «Дос іздел жүрмін» (1973) жинақтары, таңдамалы шығармаларының бір томдығы (1981), 1986 және 1991 жылы екі томдығы, 2004 жылы «Ескек жел» атты әңгімелер жинағы жарық көрген. 1989 жылы «Қалың қар», 1995 жылы «Өліара» повестері кітап болып шықты.

«Тел ескен үл» (реж. Ш. Бейсенбаев, 1976) кинофильм сценарийінің авторы. 2003 жылы «Жабайы алма» повесі үшін «Тарлан» сыйлығының лауреаты атанды. «Құрмет белгісі» орденімен марарапталған. 2006 жылы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 2007 жылы дүниеден өтті.

## 2. Жазушының өмірі мен шығармашылығының хронологиялық кестеге салынадар.

1936 жылы 15 қазан	дүниеге келген
1957–1963 жылдары	

## 3. Жаңа сөздермен танысып, олардан сөз тіркестерін және сойлемдер қураңдар.


егде	ересек, жасы келген
нейлон	мата түрі
сұрақты кескінмен	түсінбей
барып қайтуға бел байлау	шешім қабылдау
бүкпелемей айту	жасырмай айту
бәлденген жоқ	көңіліне алмау
еңгезердей	ұлken
жұздері жайраңдаған	қуанышты

## 4. Мәтін боліктерін мұқият тыңдаңдар, берілген ақпараттардың шының/жалған екенин тексеріңдер.

Ақпарат	Шын	Жалған
1. Мәтін баласын іздеңген әйел туралы.		

2. Евдокияга баласын іздеуге туыстары көмектесті.		
3. Ол баласына ариап жейде сатып алды.		
4. Ол баласын өүежайда жогалтып алды.		
5. Евдокияның баласының аты – Сережа.		
6. Баласы қазір 12 жаста.		
7. Евдокия баласын іздеуге жолға шықты.		

5. Мәтін мазмұны бойынша «Оқиға тізбегі» кестесін толтырыңдар.



8-

сабак

### Сайын Мұратбековтің «Тел өскен үл» повесі

 1. Мәтінді оқыңдар. Мәтін таныс па? Мәтіннің бірінші бөлімін есте-  
ріңде түсіріңдер.

Осы мезетте репродуктордан самбырлаған ашы дауыс естілген.

- Филиппова Евдокия Филипповна, сізді балаңыз аэропортдан шығаберіс есікте күтіп тұр. Қайталаймын...
- Маган айтқан сияқты ма мынаны?.. – деді дегбірсізденген Евдокия. – Ол шығатын есігі қай жақта?
- Жүрініз, мен сізді ертіп апарайын, – деді қасындағы жігіт.

Бұлар аэропортады қақ жарып өтіп, шығар есікке таяған.

Дәл шығаберісте Евдокия:

- Сәл кішкене аялдайықшы, – деп өтінген. – Жүрегім орнықсын, – өзі кідірістеп біраз тұрды да, жүрегі орныққандай болған соң, шығуға беттеді.

Есіктің шығаберісіндегі баспалдақтарда гүл үстаған көп адам тұр екен, орысы да, қазағы да бар, бәрі аралас. Евдокия олардың бәрін тез ғана бір шолып қарап өтті де, өзіне құлімсірей қарап тұрған алса бойлы, арықтау сары жігітке қарай жүрді, бірақ қарсы алдынан үзын бойлы, кең иықты басқа бір жігіт кескестеп шыға берді. Евдокия оған жалт қараган, екеуінің көздері бір-бірімен ұшырасқан сәтте, ана жүрегі дір ете түсіп, өзінен туған, өзінен нәр алған жаңарды

қалтқысыз таныды, уақыт жеп солғаны болмаса, бір кезде өзінің жанары да дәл осындай болатын.

Ана мен бала құшағы айқасқан... тілшілер жан-жақтан фотоаппараттарын сыртылдатып, суретке түсіріп жатыр.

Айнала тұрған әйелдердің көздерінде жас мөлтілдейді. Евдокия өзі де жылап тұр.

Евдокияға енді қарсы алушылар бірінен кейін бірі келіп, сәлемдесіп жатыр. Сергей оларды таныстырып тұр:

– Ең үлкен бауырым, – деген.

– Айташ, – деп жасы қырық бестер шамасындағы еңгезердей қара қазақ сәлемдесті.

Сергей басқа да бірнеше адамның атын атап, таныстырыған, бірақ Евдокия қазақ аттарының бірде-бірін есіне сақтай алмай дал болды. Сергей оны жастау бір жігітке тапсырып, қазақша сейлеп тұр.

– Сен барып мына кісінің заттарын алып кел!

Анау тез басып аэропортуға кіріп кетті.

– Менің чемоданымды таба алар ма еken ол. Өзім барып алсам қайтеді, – деген Евдокия мазасызданып.

– Қыңқ деменіз. Бәрін де жәндестіреміз, – деді Айташ оның қөңілін орнына түсірер нық үнмен. Евдокияның байқағаны: басқалардың бәріне құңқ етіп қана бір ауыз тіл қатып, айтқанын істетіп, бәріне бас болып қалт жібермей тұрған осынау еңгезердей қара қазақ, сірә, өзі үлкен бір бастық болар деп түйді: бойы да ұзын, қарны да үлкен, басына кигені шляпа. Сондықтан енді өзі де осы Айташқа жуықтау тұрып, осының айтқандарына құлақ тұруді жөн көрді.

– Иә. Ауылдағылар әне келіп қалды, міне келіп қалды деп, қызу әбігерге түсіп жатыр ғой. Кешіккенімізге, өсіресе апам қатты мазасызданатын болды, – деген Сергей.

– А как она... мать-то? – деп сұраған Евдокия өзі де қызыарып кетті де, ұлына қарай бұрылды.

– Она ждет вас, – деп жауап қатты Сергей...

Үйден Қалиша шықты. Бұл – жасы жетпіске таяп қалған, кескін-келбеті қартайса да, кесектігімен көрікті, мінезі де түріне сай кесек адам. Бірақ дәл қазіргі күйі оның қатты толқу, абыржу үстінде екенін танытады. Өзі сыр бермеймін дегенімен дауысы жарықшақтанып дірілдей шығады.

– Көрінбей ме? – деп сұраған ол үй төбесінде қарауылда тұрған немересі Сапардан.

– Көрінбейді, – деді Сапар...

Үй ішінде көзінің жасын ірке алмай өзінен-өзі күңкілдей сейлем жүр: «Өдіре қалғыр, ержетіп, азамат болған балаға дап-дайын шеше бола қалуын»... – Ескі кебеже сандықты кеп ашып, ішін ақтарыстыра бастады. Кішкене баланың бір сыңар кішкентай бәтеңкесін және сарғайған бір суретті тауып алды. Бұл – самолет устінде Евдокия көрсететін бала суретінің түпнұсқасы еді. – «Әй, Серке, Серке, қалай ғана көзім қызы мен сені бөтен бір әйелге жетектетіп жіберем... Соның саған тіпті еш туыстығы да жоқ шығар, ә?! Іздеп тапса, баяғыдан бері қайда жүрді ол?».

Суретке қарап отырған Қалишаның көзі жасқа толған...

Мәшинеден түскен Евдокия, әуелі, сәл абдырап тұрып қалды да, өзіне Қалиша таяп келген кезде, екеуі де көздері жасқа толып, бір-біріне құшақтарын аша берді. Бірі орысша, бірі қазақша сейлеген күйі екі ана біріне-бірі мұндарын шаққандай, біріне-бірі өкпе-наздарын айтқандай, бірінің көңіліндегі кірбінді бірі тарқатқысы келгендей көздерінің жастарына ерік берген еді.

– Милая... милая... родная... родная... Что ты... что ты...

– Сен де қайбір жетіскеніңен айырылдым дейсің... Сенде не жазық... Менде не жазық...

Екі ана мауықтарын басып, көз жастарын сурткеннен кейін, Сергей енді өз анасының алдына әйелін, балаларын әкелді.

– Сәлима осы. Ал мыналар балаларым: Айгүл, Бибігүл, Павел, Василий, Нұргүл.

Евдокия немерелерінің бөрін де беттерінен сүйіп, құшағына қыса тұрып тұрларіне үңіле қарайды, бірі орыс сияқты көрінсе, бірі қазақ сияқты, енді бірі орысқа да, қазаққа да үқсайды... шетінен мәлдіреген сүйкімді балалар еді. Үлдардың аттарын есіне сақтап ұлгерген, ал қыздардың аттары қазақша болған соң ба, мұлде үға алмай дал болды.

(Сайын Мұратбеков. «Тел өскен үл» повесі)

## 2. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Анасы мен баласы қалай кездесті?
2. Евдокияны не таңғалдырыды?
3. Сергейдің екі анасы неге жылады?
4. Евдокия баласының отбасымен танысты ма?


 3. Сөздік жұмысы. Жаңа сөздерді естеріпе сақтаңдар, сойлемдер күраңдар.

Жаңа сөздер	Мәғынасы
мезетте	мезгілде, уақытта
дегбірсіздену	шыдамсыздану
қақ жарып ету	ортасынан ету
аялдау	тоқтау
жүрөгі орныгу	көңілі орнына тусу
қалтқысыз тану	қатесіз тану
тіл қату	сейлеу
әбіргерге түсу	дайындық жасау
өкпе-назын айту	ішіндегі ренішін айтуды

 4. Мәтіннің екінші болігіндегі кейіпкерлерді атаңдар, оларға мінездеме беріңдер.



 5. Мәтін мазмұнында кездесетін кейіпкерлердің эмоциясын «Эмоциялар графигіне» салып айтыңдар.



6. Мәтін мазмұны бойынша негізгі ойларды ретімен орналастырыңдар.

Мәтін мазмұны	Реті
Сергейдің өз отбасы мүшелерін анасына таныстыруы.	
Сергей мен анасының әуежайда кездесуі.	
Калишаның Евдокиямен кездесуі.	
Евдокияның баласын күттү.	
Евдокияның баласының жоғалып кету себебін есіне алуы.	
Евдокияның жолға шыгуы.	
Евдокияның баласына арнап сыйлық алуы.	
Евдокияның дүкенге баруы.	

7. Мәтін мазмұны бойынша кестені толтырыңдар.

Әңгіменің негізгі тақырыбы	Автор идеясы	Дәлел-мысалдар	Әңгіме туралы менің пікірім

9-

сабак

«Тел өскен үл» повесі

1. Пікірлесіндер. Мәтіннің алғашқы бөлімдерін еске түсіріп, сюжетті баяндаңдар.



2. Үзіндіні бірнеше магыналық боліктеге боліндер, жоспар құрыңдар.

Ағайын-туғандармен амандастып болғаннан кейін, Қалиша өзі бастап Евдокияны үтіге алып кірді. Төрт бөлмелі, еңселі, үлкен үйдің іші қонақ құрметіне құлпырта жиналған.

– Өзіңнің жекеменшік үйің бе? – деп сұраған ана Сергейден сыйырлап қана.

- Колхоздікі, – деді ұлы.
- Сен сонда үлкен бастықпсызың?

– Жоқ, бастық емеспін, мал дәрігерімін, – деп күлді Сергей. Біздің колхозда жұрттың бәрі де осындай үлкен үйлерде тұрады. Балаларымыз көп қой.

– Ал біз жақта осы күні баланы көп таппайтын болды гой, – деп күрсінді Евдокия.

Ауыл адамдары сәлемдесуге үсті-үстіне келіп жатыр. Сергей олардың бәрін де таныстырып түр. Тағы да қазак есімдері, Евдокия бірде-бірін есінде сақтай алар емес. Бір қалт еткен сөтте ол Сергейді шетке шақырып ап:

– Сенің бауырларыңың аттарын тағы да ұмытып қалдым, қайталап бір айтшы, – деп өтінген.

– Ең үлкеніміз – Айташ, онан кейінгі анау – менімен жасты Байтас, мынау – Кекеш, одан бергі отырған – Текеш.

– Ал қыздарыңың есімдері қалай еді?

– Айгүл, Бибігүл, Нұргүл.

Қалиша мен Евдокия үлкен үйдің алдындағы орындықта отыр. – Жалғыз өзің бес баланы қалай өсіріп, жеткіздің? – деп сұрайды Евдокия сөз ретіне қарай. – Өй, қыын-ақ болған шығар?

– Қыын болды гой, – дейді Қалиша қостап. – Бірақ ол кез кімге қыын болмады дейсің.

– Сережаны қалай алдың, соны айтшы? – деді өлден уақытта Евдокия.

– Соғыс кезінде біздің осы ауылға жиырма жеті сәби келген. Ойланып-толғанып тұратын уақыт па? Өзіміз жетім-жесір болсақ та, сәбілерді жәудіретіп тағы қайда жібереміз? Аш болсақ, бірге ашығар, тоқ болсақ, тағы бірге көрерміз деп, әр үй бір баладан бөліп алдық. Сергей маган сейтіп бала болды.

– Ал сол балалардың барлығының да туган-туысқандары табылды ма қазір?

– Біразынікі табылды, біразынікі әлі табылған жоқ. Сергей де сені көп іздеді-ая.

– Сен алғанда қандай еді өзі?

– Тіпті кішкентай, арық болатын. Өзінің атының Сергей екенін ғана біледі, басқа ештеңені білмейді. Уш жасқа толар-толmas бала басқа не білуші еді!?

– Мінезі қандай болды?

– Мінезі өте жағымды болатын, тек балапан өтешше ұрыншашқ, тәбелескөр еді.

– Таяқты да көп жеген шығар?..

Кенет Евдокия сол жақ кеудесін қолымен басып, өңі сурланып тұрып қалды.

– Не болды? – деді Қалиша үрэйленіп.

– Ештеңе емес... жүргімнің өстетіні бар... қояды өзі...

Қалиша оны сүйемелдей демеп, төргі бөлмедегі диванға апарып жатқызған. Сырттан естері қалмай ұмытылып Сергей мен Байтас кіреді. Сергей анасының қолын алып, тамырын ұстап көреді.

– Аптечканы әкел, – дейді Байтасқа.

Байтас әкелген кішкене қораптан дәрі-дәрмектерді шығарып жатыр, бірақ қажет дәрі табылмады...

Аурухананың қабылдау бөлмесінде Сергей мен Сәлима іш жақтан шыққан әрбір дыбысқа елеңдей құлақ түріп отыр. Ақыры дәрігер шыққан, орта жастағы, сақал-шашын ақ шалған адам.

– Стенокардия, – деді ол Сергей мен Сәлимаға кезек қарап, – анаңыздың жүрегі ауырады екен. Және асқынған түрі.

Сәлден соң медсестра алып шыққан халатты иығына жа-мылып Сергей анасы жатқан палатага кірген. Евдокия өңі бозарып жүдеп қалыпты. Ұлын көріп жүзінде қуаныш ойнап, қозгалақтай бастаған.

– Біраз жатуың тұра келеді, – деді ол анасының қолынан сипап. – Қамықпа, біз ішінді пыстырмай күнде келіп тұрамыз. Енді ешқашан жалғыз болмайсың. Мен де, Сәлима да, немерелерің де ылғи қасында бірге боламыз.

– Рақмет, – деді ана көзіне жас үйірліп, – мен бақыттымын, Сережа...

(Сайын Мұратбеков. «Тел өскен ұл» повесі)

Белім	Не туралы айтылған?
1	
2	
3	

 3. Төмендегі сөздер әңгіме сюжетін дамытушы деталь бола ала ма? Әңгімeden олармен байланысты ақпаратты баяндаңдар.

Детальдар	Әңгіме сюжеті
қам жемеу	
науқасы	
жәрдем	
табысу	



#### 4. Мәтіннің соңғы бөлімін тыңдаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Сұрақтар:

1. Анасының өз ауылына қайтып оралуына не себеп болды?
2. Анасы мен баласы ауылына оралған соң, қандай өзгерістер болды?
3. Анасының жүргегінің ауруына не себеп болды деп ойлайсыңдар?
4. Сергей не үшін қатты екінді?
5. Әңгіменден қандай әсер алдыңдар?



#### 5. Мәтіннің соңғы бөлімін «Маңыздылық аймагы» шеңбері бойынша әңгімелендеңдер.




10-

сабак

«Тел өскен үл» повесі



1. «Тел өскен үл» повесінен үзіндінің 4 бөлімін еске түсіріңдер. Өр бөлім бойынша мазмұнының қысқаша баяндаңдар.



2. Сайын Мұратбековтің «Тел өскен үл» повесінің оқиға желісіне үқсас қандай өнер туындыларын (кино, театр, музика, би, сурет) білесіңдер? Өз ойларыңды болісіңдер.



3. Қытайдагы қазақ отбасы туралы «Шынайы махаббат» фильмін көріңдер. Оқиға желісіне назар аударыңдар.



**Q** 4. «Тел өскен ұл» повесі мен «Шынайы махаббат» фильмінің тақырып ортақтығына талдау жасаңдар.

	«Тел өскен ұл» повесі	«Шынайы махаббат» фильмі
Үқастықтары		
Айырмашылықтары		
Ортақ мәселе		
Негізгі идеясы		

**Б** 5. Көркемдегіш құралдарды, оқшау сөздерді пайдаланып, «Ұлт бірлігі – ұлы байлық» деген тақырыпта эссе жазыңдар.

11-  
сабак

### Бірлігі жарасқан Қазақстан

**?** 1. Пікірлесіндер. Шаңырақ иенің символы болып саналады?



**Б** 2. Сөздерді магыналарымен сойкестендіріңдер. Сойлемдер қураңдар.

дарқандық	түррілікты жерінен аластату
пейіл	қындықтың тууы
жер аударылу	жомарттық
діл	кеңшілік, кеңдік
қайғының қара бұлты үйірілу	индивидуалтік жалпы мінез-құлқы
мәрттік	ниет, ілтипат

**Q** 3. Ақпарат көздерінен алғынган пікірлермен танысыңдар.

Бұны кім айтты?

1. Қазақ халқы кең, ашық халық.
2. Қазақ халқының ішкі рухы мықты.
3. Қыын уақыттарда қолдау көрсетті.
4. Елдегі бірлікті сақтауымыз керек.
5. Тұргылышты орнын зорлықпен ауыстырыған ұлт өкілдеріне көмектесті.



Асылы Осман

«Өзінің даласында дарқандығымен, пейілінің кеңдігімен біздің халықты жақсы қарсы алған қазақ халықы жер аударылып келгендерге бір бөлмелі үйінің бір бұрышын, екі бөлмелі үйінің бір бөлмесін босатып беріп, өздерінен кем құрмет көрсетпей, бүтінін беліп, жартысын жарып беріп, аман-есен бейбіт күнге жеткізді».



Герольд Бельгер

«Мен Қазақстанга жеті жасымда келдім. Қазақ ауылында есіп, қазақ балаларымен ойнадым. Қазақтардың өздері байқай бермейтін жақсы қасиеттері көп. Солардың бәрі олардың бойына тілі, мәдениеті, тағы да басқа құндылықтары арқылы сіңген. Қазақтың ділі мықты деп ойлаймын. Мен қазақтарға ризамын. Басыма қайрының қара бұлты үйірлгенде олар мені өз баласындау бауырына басып, азамат болып қалыптасуыма жол ашты. Мен осыны қалай ұмыттамын?! Ұмыттаймын!».

Қазақбай  
Қасымов

Біздің қоғам – Қазақстандағы Ахыска тұріктерінің диаспорасы. Әдет-гүрпымыз бен салт-дәстүрімізді және тарихымызды дамытуға, зерттеуге толық мүмкіндік жасалған. Жексенбілік мектептер ашып, ана тілімізді оқытып жүрміз. Бұл – қазақ халқының бауырмалдығы мен мәрттігінің арқасы. Қазақстан халқының достығы – тұрақтылықтың ең бірінші кезектегі кепілі. Мұнсыз Қазақстанның гүлденуі де болмайды.



#### 4. Шікірлер бойынша салыстырмалы талдау жасаңдар.

	Асылы Осман	Герольд Бельгер	Қазақбай Қасымов
Не туралы айтылған?			
Мақсатты аудиториясы			
Ерекшеліктері			
Үқастықтары			



#### 5. Ал сендер Қазақстанда тұратын өзге үлт өкілдерінің қандай жақсы қасиеттерін айтар едіңдер? Өз ойларыңды сыйнаптастарың мен болісіңдер. Сөз саптау барысында маңызды болып саналатын вербалдық және бейвербалдық (ым-ишира, көтеріпкі көзіл күй) элементтерді қолданып, сенімді сөйлеңдер.

12-

сабак

## М. Магаиннің «Бір атанаң балалары» повесі («Зигфрид Ахметұлы»)

**?** 1. Повестен алған үзінді оқуга дайындалыңдар. Сурақтарга жауап беріңдер.

1. Повестің бұл тарауы неге «Зигфрид Ахметұлы» деп аталады?

2. Неміс есімі мен қазақ тегі қалай байланысуы мүмкін?

2. Төменде берілген сөздердің мағыналарымен танысып, олардың мәтінде қолданылуына назар аударыңдар.

*асықжілік* – сүйек атауы

*қызылсырау* – ет жегісі келу

*обал* – күнә, кез жасы

*жаны құмар* – өуес, құштар, қызықтағыш

*алалық* – ала-құлалық, бірдей еместік

*мәре-сәре болу* – қатты қуану

*тым-тырақай қашу* – бет-бетімен қашу

*қара сирақ* – кедей

*сыртқа тебу* – шеттету, бөлектеу

**?** 3. Мәтінді тыңдаңдар, оқыңдар.

### Зигфрид Ахметұлы

Софыс уақытында ауыл басқармасы колхозға 4–5 баланы алғып келеді. Бәрі соғыс болып жатқан аймақтардан әкелінген. Ата-аналарынан айырылған, жақындары қайтыс болған балалар. Ауыл адамдары оларды қабыл алғып, өз үйлеріне әкелді. Соның бірі Ахмет шал еді. Ол балалардың ішінен неміс баласы Зигфридті таңдайды. Балалы болдым деп ауыл адамдарын үйіне қонаққа шақырды.

...Кешіне Ахаң бүкіл ауылды баласының асықжілік үстар тойына шақырды. Көптен қызылсырап жүрген жүрт үлкен-кіші, көрі-жас демей, тайлы-таяғы қалмай тегіс жиналды.

Ахаң жалғыз ісегін сойған екен, бас-сирақ, ішек-қарнына дейін асыпты. Молынан жетті.

Астан соң бригадир Берден ертең жұмыс барын еске салып еді, басқарма тоқтау айтты. «Жамират той көрмегелі екі-үш жыл болды, отырып көңілдерін көтерсін», – деді.

Жылы қымтаулы төсекте жатқан, ет желініп бітпей-ақ үйқыға кеткен Зигфрид Вагнер erteziне таңертең Зекен Ахметұлы Бегімбетов болып оянды.

– Өйткенмен де, дәл осы баланы таңдауыңызға не себеп? – деп сұраған жақын замандастары.

– Рас, – дейтін Ахаң. – Ойым қазақ балаларында еді. Айыруға қимадым. Ұмытпас, тубі өзін табар дедім.

– Ал одан басқалары не?

– Ең тәуірі осы Зекен болып көрінді көзіме.

– Сонда да...

– Маған бәрі бірдей еді, – деді Ахаң. – Өйтсе де, көп жетімнің ішіндегі шын жетім осы екен. Обалынан қорықтым...

Көп ұзамай Ахаң ел бас қосқан жерде бөтен сөзді қойып, үнемі баласының жайын әңгімелейтін болды.

– Өзі ұғымтал, – дейтін мақтанып. – Аса зерек. Бірақ биыл мектептен қалады. Тілі бастықсын.

– Осы қазаққа бір шатысы болса керек, – дейді тағы бірде. – Жылқыға жаны құмар. Кеше жиренқасқаның бауырынан өтіп ойнап жүр.

Бала-шага жағы Зигфридті бірден мойындаралады. Манына көп жоламайды. Өкесінің қасында жүрген кезде ғана дүшпандық ниет танытпайды. Үлкендердің көзі тайған сөтте қазақ болып бөліне кетуге, реті келсе зорлық жасауға, бірденесін тартып алуға бейім тұрады.

Бірақ Зигфрид кекшілдігі жоқ, жайдары бала болып шықты. Қебіне жалғыз ойнайды. Өкесінің тымағын айналдырып киіп, кек шыбықты ат қып мініп, күнүзак үйінің қасында асыр салады. Тају маңда бала көрінсе болды, қол бұлғап шақырады. Қарамаса, сонынан жүгіреді. Тек алысқа ұзамайды.

Ептең қазақша сейлей бастағаннан бері ауыл балаларымен арадағы алалық азайды. Бірлі-жарлы балалар өзі ізден келетін болды. Оларды тартқан Зекен бе, Зекеннің апасы алдарына қоятын тостаған толы май бидай ма әлде түлпар даңқы бар жиренқасқа ат па – тек осы арасын ажырату қын еді. Зигфрид кім келсе де, жақсы қарсы алады. Бар-жоқты адад бөлісіп жеген соң, ілулі түрган дорбаны алып, түбінен көтеріп, ішіндегісін сау еткізіп жерге төгеді. Өкесі жинап, өз қолымен бояп берген асықтар.

– Менде де асық бар, – дейді көзі жайнап кеткен қазақ бала.

– Жахсы, – дейді Зигфрид. «Қ»-га әзір тілі келмейді, «қ» әрпі кездесіп қалса, үнемі «х» етіп жібереді. Басқа қазакы дыбыстардың бөрін айта алады. «F»-ны да, «ү»-ні де, «ө»-ні де.

Ал «ң»-ды орынды, орынсыз, мөлшерден тыс көп қолданады: – Ханша асх сеңкі?

Қонақ бала қанша асығы барын білмейді.

– Көп, – дейді біраз ойланып барып.

– Жахсы, – дейді Зигфрид салмақпен. – Менкі көп-көп.

Менкі хырх... хырх... апа, ханша?

– Қырық тоғыз, жарығым, – дейді жүн тутіп отырған апасы.

– Менкі хырх тоғз асх.

Ауыл балаларымен кездесу үнемі дәл осындай достық жағдайда өте бермейтін. Бірде балалар суға шомылып жатқан үстіне бара қалса, балалар оны ұстап ап, бет-аузына қап-қара етіп батпақ жағып қоя беріпті. Зигфрид екі көзі ғана жылтырап, бақырып үйге келгенде, Ахаң қатты ашуланды. Атына мінді де, Зигфридті сол балшық-балшық күйі алдына өңгеріп алдып, су басына шауып жетіп келді. Неміс баласы біреуді ертіп әкеледі деп ойламаған, ойласа да атпен, әрі мұнша тез келеді деп күтпеген ауыл балалары тегіс тыр жалаңаш таяз суды шалпылдатып, мәре-сәре болып жатыр екен, тымтырақай қашты.

– Өй, өңшең қара сирақ! – деді Ахаң айғайлап. – Сендер кім деп жүрсіндер! Мынау – менің балам. Нарымбеттің інісі. Мына Зекеннің бетінің балшығын жуыңдар. Суға малтытып үйретіндер. – Сөзіне жауап күтпестен Зигфридті жерге түсірді. – Бар, ойна.

Сол күннен бастап Зигфридті ешкім сыртқа теппейтін болды.

(Мұхтар Магаин. «Бір атандық балалары» повесі)

#### 4. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдердің шыны немесе жалған екенін тексеріңдер.

№	Ақпараттар	Шыны	Жалған
1	Ахмет шал баланың құрметіне той жасады.		
2	Неміс баласын алған себепті Ахметтің тойына көп адам келмеді.		
3	Ахмет шал баласын үнемі мақтап отыратын болды.		
4	Бала жылқыны жақсы көреді екен.		
5	Кішкентай балалар Зигфридпен бірден достасып кетті.		

6	Зигфрид кекшіл бала екен.		
7	Бала қазақшаны үйрене бастады.		
8	Ол достарын үйіне шақырып, асық ойнайды.		
9	Бір күні балалар Зигфридтің үстіне балшық жағып, оны үйіне жылжатып жіберді.		
10	Ахмет шал кішкентай балаларға Зигфридтің кім екенин түсіндірді.		

5. Сөйлемдерді оқып, қарамен белгіленген сөздердің магыналарын түсіндіріңдер. Сол сөздерді пайдаланып, мысал келтіріңдер.

... – Ойым қазақ балаларында еді. Айыруға қимадым.  
Ұмытпас, тұбі өзін табар дедім.

... – Маган бәрі бірдей еді, – деді Ахаң. – Көп жетімнің ішіндегі шын жетім осы екен. **Обалынан қорықтым.**

... – Бірақ биыл мектептен қалады. **Тілі бастықсын.**

Зигфрид әкесінің қасында жүрген кезде гана балалар дүшпандық ниет танытпайды. Үлкендердің көзі тайған сөтте қазақ болып бөліне кетеді. Зигфрид қазақша сейлей бастағаннан бері балалармен **арадағы алалық** азайды.

6. Берілген сұрақтар бойынша шыгарманы талқылаңдар.

- 1) Осы повесте баяндалған оқиға қай уақытта болған?
- 2) Ауыл адамдарының жетім балаларды асырап алуының себебі неде?
- 3) Ахмет шал неге неміс баласын таңdap, асырап алды?
- 4) Зигфрид қандай бала?

7. «Қазақстан халықтары достығының тамыры тереңде жатыр» деген тұжырымды дәлелден түсіндіріңдер.

13-

сабак

Нәтиже сабак



1. Артық сөзді табыңдар.

- 1) бірлік, ынтымак, бостандық, достық
- 2) қолдау, көмектесу, қоныстану, қол ұшын беру
- 3) жер аударылу, қоныс өзгерту, тандау, көшу
- 4) тәзімділік, шыдамдылық, ымыраластық, сабырлылық
- 5) ағайын, туыс, бауыр, көрші

 2. Сөздердің синонимдерін табыңдар.

- төзімді
- мезетте
- еңгезердей
- жүздері жайрандау
- тату-тәтті
- әбігерге тұсу
- ынтымағы жарасу
- кездің қарашығындай сақтау

қобалжу

ынтымақ

қуану

үлкен

бір сөтте

аса ұқыпты

алауыздық

 3. Сөйлем құрылымын ретке келтіріп, кошіріп жазыңдар.

1. Толеранттылық/бекітілді/туралы/1995/жылы/Декларация/ЮНЕСКО-ның/конференциясында
2. Басқаларға/төзімділік/пікірлерге/ашусыз/қарым-қатынас/таныту/қысымызыз/жасау керек
3. Басқаларды/олардың/біліп/кемшіліктері/кешіріммен қарауымыз/мен қателіктеріне/керек
4. Жалпы/өркениетті/тән/толеранттылық – қоғамға/құбылыс.

 4. Қандай адамды «толерантты» деп атауга болады? Керекті мінездегі құлық қасиеттерін анықтаңдар.

шыдамды  
сенімді  
мейірімді  
тыңдай білетін  
ұстамды  
басқалардың қайғыларына ортақтаса біletіn

 5. Тест сұрақтарына жауап беріңдер. «Өзін толерантты ұстау» ережелерін құрастырыңдар.

1. Сен автобусқа отырдың. Алдында балалы әйел тұр. Автобуста бос орын жоқ. Ешкім орын да бермейді. Сен қандай әрекет жасайсың:

- 1) Баласын көтеруді ұсынамын.
- 2) Жүргізушіге барып, орын тауып беруді сұраймын.
- 3) Автобуста жастар болса, орын беруін сұраймын.

2. Автобустан шығуың керек. Алайда жолаушылар өте көп. Сен:

1) «Мениң шығым керек»;

2) «Жол беріңізші»;

3) «Жол бере аласыз ба? Орын аудасайық», – деп өтініш айтасың.

3. Мектепке таныс емес адам кірді. Сен мектептен шығып бара жатырсың. Не дейсің?

1) Сізге кім керек? Жай келдіңіз бе?

2) Сіз кімге келіп едіңіз?

3) Ата, қайда баруыңыз керек еді? Мен көмектесейін.

4. Сен танымайтын ер адамға:

1) «Агай»;

2) «Кешіріңіз»;

3) «Сәлеметсіз бе?» – деп назарын аударасың.

5. Сен мұғалімді таңертең көріп, амандастың. Үзілісте оны тағы көрдің. Не істейсің?

1) Тағы да амандаасың;

2) Бетіне жымыш қарап, бас изейсің;

3) Бетіне қарап өтесің.

6. Пасха мерекесінде орыс көршінді:

1) Мерекемен құттықтайсың;

2) Сыйлық бересің;

3) Амандаасың. Бірақ мерекемен құттықтамайсың.

6. С. Мұратбековтің «Тел өскен ұл» повесінің мазмұнын еске түсіріңдер.

1. Повесть тақырыбы мен мазмұны арасында қандай байланыс бар?

2. Повестің сюжеті мен фабуласына талдау жасандар.

1-  
сабакҰлттық қауіпсіздік –  
ел тыныштығының кепілі

1. Төменде берілген тізбектегі сөздерге көніл аударыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

шегара

қорғау

лаңгестік

ҮҚҚ



Сұрақтар:

- Сөздер тізбегі бойынша қандай ой келді?
- Бүгінгі тақырып не туралы болмак?

2. «Ұлттық қауіпсіздік» ұғымын қалай түсінесіңдер? Суреттерге сүйене отырыш, кластер құрастырыңдар. Сыныптастарыңмен ой болісіңдер.



3. Төмендегі сөздердің мағынасына көніл боліңдер, есте сақтаңдар. Үлгі бойынша сөз тіркестерін және сөйлем құраңдар.

Сөздер	Мағынасы
мәнді мұдделер	маңызды мақсат
құндылықтар	байлықтар
әмір салты	әмір сұру
шикізат	шикі материал (былары, отын, энергия т.б.)
тыңшылық	ізге түсу, артынан бағу
діни іріткі	діни араздық тудыру
лаңгестік	«террор», үрейлі, қорқынышты
экстремизм	ортадан шеттеу, адасу



 4. Мәтін үзіндісін оқындар. Үзіндінің соңындағы сұрақтарға жауап беріндер. Үзілген ойды әрі қарай жалгастырындар.

Ұлттық қауіпсіздік – азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің өмірлік мәнді мүдделерінің, ұлттық құндылықтарының, өмір салтының әртүрлі (саяси, экономикалық, әскери, экологиялық, психологиялық және тары басқалар) ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғалуы. Ұлттық қауіпсіздік өзара байланысты үш саладан тұрады: жеке адамның қауіпсіздігі, қоғамның қауіпсіздігі және мемлекеттің қауіпсіздігі. Олардың өзара байланысы қоғамдық қатынастардың сипатымен, саяси және экономикалық құрылымдармен, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның даму деңгейімен анықталады. Ұлттық қауіпсіздік тек мемлекет пен қоғам қауіпсіздігі ғана емес, жеке адамның қауіпсіздігін қамтамасыз еткен жағдайда толық жүзеге асырылады. Сыртқы ұлттық қауіпсіздік – ұлттық мүдделердің, ұлттық құндылықтардың, байлықтың және өмір салтының сырттан келетін қауіп-қатерден қорғалуы. Ұлттық қауіпсіздік әртүрлі жолдармен бұзылуы мүмкін, мысалы: ...

(Зәуреш Ерназарова)

#### Сұрақтар:

1. Үзіндіде қандай маңызды ақпараттар айтылады?
2. Ұлттық қауіпсіздік қандай жағдайда және қалай бұзылуы мүмкін?
3. Одан қалай сақтануға болады? Қандай жолдары бар?

 5. Өздерің болжаган жауаптарынды мәтінниң жалғасымен салыстырындар. Үқастығы мен айырмашылығын табындар.

... шегара арқылы заңсыз шикізат, ресурстар, валюта, өзге де құндылықтарды өткізу, тыңшылық, діни іріткілік ақпарат тарату және тары басқа.

Ішкі ұлттық қауіпсіздік – жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін әртүрлі қауіп-қатерден қорғануы. Елімізде қауіпсіздікті сақтау міндеттерін ұлттық қауіпсіздік органдары атқарады. Ұлттық қауіпсіздік органдары өз міндеттерін төмендегідей бағыттарда жүзеге асырады:

1. Мемлекеттік шегара.
2. Экономикалық қауіпсіздік.
3. Ақпараттық қауіпсіздік.
4. Ланкестік пен экстремизмнен сақтау қауіпсіздігі.

(Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, 8-том)

#### 6. Мәтінде берілген ақпараттан инфографика құрылдар.



**2-** сабак

Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Қауіпсіздік комитеті

- Q** 1. Ұлттық Қауіпсіздік комитеті атауымен қандай сөздер жиі тіркесстінін айтындар.
- Г** 2. Мәтінді тыңдаңдар. Кездескен сөздерді белгілеңдер.

Сөздер	
қауіпсіздік шаралары	байланыс
шифрлық қызмет	сынақ
қамтамасыз ету	жаяуп беру
тагайындау	шұғыл
мүддені қорғау	

3. Ақпаратты қайта тыңдаңдар. Мәтіннің мазмұны бойынша сөйлемдердің «шын», «жалған» екенін анықтаңдар, «шын» ақпараттарды дәйтерлеріне жазындар.

Nº	Ақпараттар	Шын	Жалған
1	Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің басты бақылаушысы және басшыларын тагайындаушы Қазақстан Республикасының Президенті (бас қолбасшы) болып табылады.		

2	Мемлекеттің, қоғамның, тұлғалардың қауіпсіздігі жолында мемлекеттік қауіпсіздік шараларын өзірлемейді және жүзеге асырмайды.		
3	Президентті, мемлекеттік органдарды, Қарулы Қүштерді бейбіт кезенде және соғыс кезінде байланыспен қамтамасыз етеді.		
4	Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда, әскери қызметтерде шифрлік қызмет үйімдастырмайды.		
5	1993 жылы шілденің 16-сы күні Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік комитеті болып қайта құрылды.		
6	Барлық реформалардың басты мақсаты комитетке жүктелген міндеттерді тиімді шешу, егемен Қазақстанның мұддесін қорғау болды.		
7	Қазақстанның Қарулы Қүштері – кез келген қатер мен сынаққа шұғыл жауап берे алғын икемді әрі жогары білікті арнайы қызмет.		

4. Тыңдалым және оқылым мәтіндерін байланыстырыңдар. Сендер жаңа мемлекет құрдыңдар. Мемлекетке не қауіп төндіруі мүмкін? Қауіп түрлерін атаңдар. Бұл қауінтерден қалай қорғануга болады? Оган қарсы қаңдай шаралар қолданысыңдар?

5. «ҮҚК ел қауіпсіздігін қорғайды» тақырыбында ауызша мәтін құраңдар. Томендердегі тірек сөздер мен термин сөздерді пайдаланыңдар.

Тірек сөздер: ұлттық құндылықтар, қауіпсіздік кепілі, лаңқестік, барлау қызметі, діни іріткілік, саяси, шегара.

3-

сабак

Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштері

1. Суреттерге назар аударыңдар. Өз ойларынды белсіндер. Қазақстаниң Қарулы Қүштері турағын не белсіндер?



 2. Сөздіктің көмегімен темендегі терминдердің анықтамасын жазыңдар, сойлем қураңдар.

Жаңа сөздер	Магыналары	Сойлемдер
Қорғаныс министрлігі		
тойтарыс беру		
Ұлттық Қауіпсіздік комитеті		
әуе кеңістігі		
Өскери доктрина		

 3. Мәтінді мұқият тыңдаңдар, сұрақтарға жауап беріңдер.

Сұрақтар:

1. Қазақстан Қарулы Күштерінің құрамы нeden құралады?
2. Қарулы Күштер туралы қандай заң бар?
3. Қарулы Күштер қандай қызметтер атқарады?

 4. Мәтінді қайта тыңдаңдар. Қарулы Күштердің міндеттерін атаңдар.

«Қазақстан Республикасының қорғанысы мен Қарулы Күштері туралы»  
Қазақстан Республикасының Заңы, 5-тарау, 18-тармагы бойынша:



1	_____
2	_____
3	_____
4	_____
5	_____

5. Термин сөздермен танысыңдар, сөздердің магыналарын есте сақтаңдар.

Термин сөздер	Магыналары
ұрыс қимылдары	Қарулы Күштердің барлық турлерінің, бөлімдер мен құрамалардың, өскери бірлестіктерінің алдына қойылған ұрыс тапсырмасын орындау барысындағы үйимдасқан қимылдары. Ұрыс қимылдарының негізгі түрлері – шабуыл және қорғаныс.
қиаратушы	бұзушы, жоюшы
талқандау	бұзу
соққы беретін	күш қолдану

авиация	Әуе кеңістігінде ауыр аппараттармен (ұшақ, тікұшақ т.б.) ұшуды білдіретін ұғым.
қалқалау	қорғау, жасыру
әуе шебі	әуе кеңістігі
шабуыл	согыс
қақтығыстар	қарсы шығу, конфликт
төтенше жағдайлар	Мемлекетке тәнген түрлі қауіпке байланысты Президент немесе Парламент жариялайтын уақытша режим. Ол табигат апаты, согыс қаупі, техногендік апат, халық ішіндегі толқу т.б. жағдайларда жарияланады.

## 6. Терминдерді жұмбақтаңдар. Парталасыңа айтып, анықтаңдар.

4-

сабак

### Отанға қызмет – абыройлы міндет



1. Нұр-Сұлтан қаласында откен жауынгерлік парадқа қатыстық дең ойланадар. Бұлар Қарулы Күштердің қандай түрлері?



1



2



3



4



2. Парадтан берілген ақпаратты тыңдаңдар, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Парад қайда, қашан етті?
2. Парад қандай мерекеге арналды?
3. Парад қандай рәсімнен басталды?
4. Өскери бас қолбасшы кім?

**3. Парадқа мына бөлімдер қатысады. Парадты қай болім бастап, қай әскери бөлім түрі аяқтайды?**

- Құрлық әскерлері
- Өзге қорғанысы күштері және Өскери-теңіз күштері
- Десанттық-шабуылдау әскерлері
- «Жас ұлан» тәрбиеленушілерінен құралған барабаншылардың құрама ротасы
  - теңіз жаяу әскери
  - бітімгершілік күштер офицерлері
  - арнайы мақсаттағы бөлімшелердің офицерлері
  - әскери қызметші әйелдер
  - әскери полиция
  - аумақтық қорғаныс бригадасы

**4. Парадта қандай командалар берілді?**

- Мемлекеттік Тұға қарап тік тұр!
- Сапқа тұр!
- Түзел!
- Ретпен санал!
- Орнында адым бас!
- Саптық адыммен бас!
- Солға түзел!
- Оңға түзел!
- Ортаға түзел!
- Ту астына тік тұр!
- Тарап!
- Назар сал, алға!

 **5. Өскери Қарулы Күштерінің тұрларіне қарай олардың міндеттері мен қызметтерін топтастырыңыздар.**

Қарулы қақтығыстарды оқшаулау	Өзге шабуылдарынан қорғау
Құрлықта ұрыс қимылдарын жүргізу	Соққы беру
Агрессорға тойтарыс беру	Жер үсті қарсыластарын талқандау
Қарсылыстың нысандарын жою	Қарсыластарды жою
Жылжымалы құрлық әскерлері	Өзге шебін қорғау

**6. Қатардан артық сөзді анықтаңдар.**

1. Тойтарыс беру, қарсы шабуыл жасау, қорғау, шабуылдау.
2. Талқандау, жою, оқшаулау, жермен-жексен ету, женсу.
3. Үрыс, соғыс, күрес, атыс, қақтығыс, шегініс, шабуыл.
4. Жау, агрессор, одақтас, дұшпан, қарсылас.

 7. Парадқа қатысушы ретінде шолу жасаңдар. Төмендегі құрылымдарды пайдаланыңдар.

- 1) Қазак елі алаңында ... арналған парад болып өтті.
- 2) Аталмыш шарага ... қатысты.
- 3) Парад ... басталды.
- 4) Келесі де алаңға ... шықты.
- 5) Парад ... басталды.
- 6) Парадты ... жалғастырды.

 8. Парад туралы хабарлама жазыңдар.

5-

сабак

**Шегара қауіпсіздігі – мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі**

1. Төмендегі диалогті оқындар. Суретпен байланыстыра отырып, тақырыпты болжаңдар.



– Ата, екі елдің арасын қалай бөледі?

– Шегара арнайы белгі-бағандармен және екі мемлекет арасында белгілі бір бос жерлерді бөліп қалдырумен белгіленеді.

– Ал анау белгі не үшін сзылыған?

– Балам, ол белгі екі ел арасындағы шектікті білдіреді.

Елімізге қауіп тәндіретін жағдайлардан қорғау шегарасы.

– Мұндай белгі барлық елдерде бар ма?

– Иә, балам, ең бастысы, ол белгі елдер арасындағы достықтың шектеу белгісі болмаса екен...



2. Төмендегі сұрақтар бойыниша пікірлесіңдер.

1. Шегара қауіпсіздігі туралы не білесіндер? Мақсаты не?
2. Еліміздің қауіпсіздігін сақтауда қандай рөл атқарады?

3. Атасы мен немересінің әңгімесіндегі «ең бастысы, ол белгі елдер арасындағы достықтың шектеу белгісі болмаса екен...» деген ойды қалай түсінесіндер?

ЕурАЗЭК – Еуразия экономикалық қауымдастыры  
ШЫҰ – Шанхай ынтымақтастық үйимы

ҮҚШҰ – Үжымдық қауіпсіздік туралы шарт үйимы

Кеден Одағы – екі немесе бірнеше мемлекеттің өз араларындағы кедендей тариф құру жөніндегі келісім

делимитациялау – шегараның орналасуы мен бағытын анықтау

демаркациялау – мемлекеттік шегара сыйығын анықтау және белгілеу  
редемаркациялау – шегара сыйығын қайта белгілеу

 3. Төмендегі сөздерді түсініктерімен сәйкестендіріңдер. Оларды пайдаланып, сойлем құраңдар.

- |                  |  |
|------------------|--|
| 1. ынтымақтастық | A. өсімдіктер мен жануарлар ресурстары |
| 2. тоқсауыл қою  | Ә. тоқтату                             |
| 3. застава       | Б. бірлік                              |
| 4. биоресурс     | В. шегара бекеті                       |

 4. Мәтінді оқыңдар. Мәтінде берілген мәліметтерді реті бойынша айтыңдар.

### Шегара қауіпсіздігі – мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі

I. Бұғаңға ғаламдану кезеңінде үлттық қауіпсіздік, оның ішінде, шегара қауіпсіздігі мәселесі маңызды екені белгілі. Шегара қызметінің басты міндеттерінің қатарына мемлекеттік шегара және бақылау-өткізу бекеттеріндегі режімді қамтамасыз ету, мемлекеттік шегара туралы халық-аралық келісімдерден туындастын міндеттемелерді, оның ішінде, делимитациялау, демаркациялау және редемаркациялау туралы міндеттемелерді орындауға қатысу, еліміздің қорғаныс және үлттық қауіпсіздік саласына қатысты міндеттерді шешу, мемлекеттік шегарада мемлекеттің экономикалық мұддесін қорғауға атсалысу, құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, қоршаган ортаны және миграциялық заңдылықтарды сақтау жатады.

II. Шегара қызметі еліміздің үлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі бойынша өзіне жүктелген міндеттерді атқарып, ТМД елдерінің, ЕурАЗЭК, ШЫҰ, ҮҚШҰ секілді үжымдық қауіпсіздік үйимдарының жұмысына да белс-

не атсалысып отыр. Бұл орайда шегара қызметі алыс және жақын мемлекеттермен тығыз қарым-қатынас орнатып, тиісті іс-қимылдарды жүзеге асырады. Халықаралық үйымдар аясындағы ынтымақтастық әлемдік қауіп-қатерді еліміздің сыртқы шебінде тоқтатуға мүмкіндік берді. Оның ішінде, шегараны күзету жөнінде халықаралық келісімдер жасау, өзара жедел ақпарат алмасу, әскери-техникалық салада ынтымақтастық орнату, шегарада болатын жағдайларды шүғыл реттеу үшін шегаралық өкілдіктер ашу секілді жұмыстар бар. Заңсыз көші-қонды, есірткі саудасын болдырмау, қару-жарақтарды өткізбеу мақсатындағы шегаралық іс-шаралар да жүріп жатыр.

III. Қазір Қазақстан шегарасы – Кеден Одағының да шегарасы.

Шегарадан контрабанданың өтпеуі үшін жан-жақты тосқауыл қою күн тәртібінен түскен емес. Оңтүстіктегі шегарамызда инженерлік құрылғылар орнатылып, басқа да қажетті жұмыстар атқарылды. Откен жылы қазіргі заман талаптарына сәйкес келетін 20-дан астам застава салынып, пайдалануға берілді.

Ал төуелсіз еліміздің шегарасының бір бөлігі Каспий теңізі арқылы өтетіндігі белгілі. Қазір теңіздегі шегарамызды 40-тан астам әскери кеме күзетіп тұр. Каспий биоресурстарын қорғау саласында халықаралық біріккен іс-шаралар жиі өткізіліп тұрады. Бұған еліміздің көптеген үйымдарымен қатар қазақстандық шегарашылар да белсене қатысады.


*(Абай Тасболатов. «Егемен Қазақстан» газеті,  
1 наурыз, 2014 жыл)*

Ақпараттар	Реті
Халықаралық үйымдар аясындағы ынтымақтастық әлемдік қауіп-қатерді еліміздің сыртқы шебінде тоқтатуға мүмкіндік берді.	
Қазір Қазақстан шегарасы – Кеден Одағының да шегарасы.	
Бұғынгі галамдану кезеңінде ұлттық қауіпсіздік, оның ішінде, шегаралық қауіпсіздік мәселесі маңызды екені белгілі.	
Шегарадан контрабанданың өтпеуі үшін жан-жақты тосқауыл қою күн тәртібінен түскен емес	
Қазір теңіздегі шегарамызды 40-тан астам әскери кеме күзетіп тұр.	

Шегара қызметі алыс және жақын мемлекеттермен тығыз қарым-қатынас орнатып, тиісті іс-қимылдарды жүзеге асырады.

Заңсыз көші-қонды, есірткі саудасын болдырмау, қару-жарақтарды өткізу мақсатында шегаралық іс-шаралар да жүріп жатыр.

5. Топқа бөлініцдер. Төмөндегі ойлар тізбегін (әр топ бойынша бөлек) салынадар. Топ арасында талқылаңдар.



6-

сабак

### Қырағы шегарашылар



1. Сұрақтарга жауап беріп, ойларыңды айтыңдар.

1. Шегарашылар туралы не білесіндер?
2. Олардың басты мақсаты не?



2. Мәтінді тыңдаңдар. Төмөндегі жаңа сөздерді өзара тіркестіріңдер. Сейлем кураңдар.

- |                  |               |
|------------------|---------------|
| 1. қырағылық     | әскери мектеп |
| 2. тосқауыл      | күзету        |
| 3. көпбейінді    | айқындалды    |
| 4. Отан шебін    | белгіленді    |
| 5. мақсатты меже | қойылды       |

3. Мәтінді қайта тыңдаңдар. Төмөндегі сұрақтарға жауап беріңдер. Парталастарыңмен пікір алмасыңдар.

1. Мәтінде қандай мәселе туралы айтылған?
2. Шегарашылардың қоғам үшін маңыздылығы қандай?
3. Шегарашылардың қайда дайындайды?
4. Тәуелсіз еліміз қандай мақсатты меже қойып отыр?
5. Ол мақсаттың маңыздылығы неде?
6. Шегарашы мамандығын таңдар ма едің?
7. Ол үшін адам бойында қандай қасиеттер болу керек?

4. Оқылым мен тыңдалым мәтінінің арасында байланыс бар ма? Қандай оймен толықтырар едіңдер? Талдау жүргізіңдер.

Оқылым мәтіні	Тыңдалым мәтіні	Менің ойым

5. Шегарашибылар мен шегара қызметі туралы маңызды ақпараттарды еске түсіріңдер. Тапсырманы орындаңдар.

«Шегара – елімнің қауіпсіздігі» тақырыбында маңызды ақпараттарды кірістіре отырып, жинақы мәтін құрастырындар. Мәтін мазмұнында оқшау сөздерді, тақырып бойынша терминдерді және лексикалық бірліктерді қолданындар. Сынып оқушыларымен бөлісіндер.

7-  
сабак

### Дінаралық келісім – қоғам тұрақтылығының кепілі

1. Пікірлермен танысыңдар. Өз пікірлеріңді айтыңдар.

Серік: Шіркеуге барып, гибадат ету, мешітке ба-рып, дұға жасау.

Сен: ?

Конфессия дегеніміз не?

Айдана:  
Құдайға сену, дінді ұстану.

Сая: Бір діннің ішіндегі жеке бағыт.

2. Суреттерге қараңдар. Кестедегі сөздерді қолданып, сұрақтарға жауап беріңдер.



1. Олардың қандай ұқсастықтары бар?
2. Қандай айырмашылықтары бар?
3. Оларға қандай тақырып беруге болады?

*Табыну, дұға оқу, қол жаю, мешіт, шіркеу, гибадатхана, бас ию, тілек тілеу*

**Конфесия** (латын тілінде *confessio* – гибадат) немесе дінге сену – белгілі бір діни ілімнің шегіндегі дінге сенушілік ерекшеліктері, сонымен қатар осы дінді үстанатын ізбасарлардың бірлесуі.

-  3. Діндердің сипаттамасы берілген кестеге қараңдар, суреттердегі бір дін түрін таңдаң, сипаттаңдар.

1. *Христиан діні*: Иса мәсіх, шіркеу, жаңа өснегет, крест, шоқыну.
2. *Ислам діні*: Аллаға сыйыну, намаз, Құран, бес парыз.
3. *Будда*: гибадатхана, азаптан құтылу жолы, жамандық жасамау.

-  4. Ақпаратты тыңдаңдар, қандай діндер туралы айттылды?

5. Ақпаратты тыңдаңдар, тиісті сөздерді қойыңдар.

1. Адамзат қоғамында аса күрделі ... сана.
2. Діннің басты мақсаты – адамның ... жетілуі және жаратушы Құдайға сенуі.
3. Дүниежүзі діндерінің таралу ... 18 ғасырдаған қалыптасты.
4. Діндер таралуы бойынша 3 типке бөлінеді: этностық, дәстүрлі және әлемдік.
5. Діндердің тез таралуының басты факторы осы діндерге тез кіруге тайпалық, рулық, этностық және каста-кландық ... болмауы.
6. Христиан діні сенетін адам жағынан әлемде ... түр.
7. Ислам діні – ... дін. Ол бір ғана Аллаға толық мойын ұсынуды үағыздайды.
8. Буддизмнің негізін б.з.б. ... Бихар Сиддхарта қалаған.
9. Адамның жан дүниесіне ... жасамау – будда діннің негізгі үстанымы.

6. Ақпаратты қайта тыңдаңдар.

- 1) Тиісті сөздермен толықтырыңдар. Бұл қай діннің әдебиеттері?

А. Христиан

Ә. Будда

Б. Ислам

- 1) Инжіл;
  - 2) Құран Қөрім;
  - 3) Трипитака;
  - 4) Апостолдардың ... хаттары;
  - 5) Христос шәкірттерінің істері туралы жазбалар;
  - 6) Ақыр ... туралы өсiet.
- 2) Діндерге ортақ негізгі белгілерді атаңдар.
1. Діни наным-сенімдердің салыстырмалы қарапайым-дауыры.
  2. Этностиқ, тайпалық, рулық, аумақтық шектеудің бол-мауы.
  3. Адамзаттық құндылықтарды үстануға шақыру.
  4. Діни уағыздар айту.
- 3) Сұрақтар бойыниша пікірлесіңдер.
1. Дін неге өлеуметтік-мәдени сана болып есептеледі?
  2. Әртүрлі діни сенімге құрметпен қарау дегенді қалай түсінесіңдер?
- 4) Әр дін түріне есімшениң комегімен анықтама беріңдер.

### Тілдік бағдар

#### Есімшениң анықтауыштық қызметі

Адамды, затты, құбылысты оның әрекеті арқылы сипаттаура болады. Мысалы:

1. Фалым *жаңалық ашты*. – *Жаңалық ашқан* фалым.
2. Халық Тәңірге *сенді*. – Тәңірге *сөнген* халық.

7. Елбасының сезімен танысындар. Сен бұл пікірмен келісесің бе, келіспейсің бе? Өз көзқарастарынды зессе түрінде жазындар.

Діннің тұтастығы – елдің тұтастығы: діни алауыздық үлттық алауыздыққа апарып соқтырады.

*Нұрсұлтан Назарбаев*

8-

сабак

Қазақстандағы діннің орны мен қызметі



1. Мәтінді оқындар, мәтіннің негізгі идеясын анықтаңдар.

Дін – адам пайымының бүкіл әлем мен болмысқа, қоршаған дүниеге, табиғатқа, өзі өмір сүретін ортага және өзінің ақыл-ойы мен сана-сезімінен тылсым дүниеге

қатынасы. Діннің басты белгісі – сезім мүшелері қабылдай алмайтын болмыс түріне сену, оны мойындау. Дін – бұл өркениетті адамзат тарихында көне дәуірден орын алған рухани құбылыс.

Қазақстан қоғамындағы діннің орны мен қызметі – аса үқыптылықты қажет ететін мәселе. Елімізде дін мәселесіне байланысты ұлттық және мемлекеттік бірегейлікті қамтамасыз етудің басты бағыттары мен құралдарын анықтау қажеттілігі алға қойылып отыр.

Қазіргі кезеңде Қазақстанның дамуына тән ерекшеліктердің бірі – қоғам өміріндегі дін рөлінің толассыз артуы. Оның өзектілігі мен мәртебесі артып, әлеуметтік функциялар кеңейіп, дінге сенушілер мен діни бірлестіктердің саны артып келеді.

Зерттеулер нәтижесінде анықталғандай, Қазақстанның ересек тұрғындарының 95%-ы белгілі бір дінді үстанады. Соның ішінде, 92%-ы – ислам және православие діннің өкілдері.

Қазіргі таңда Қазақстанда 18 конфессиядан тұратын 3720 діни бірлестік жұмыс істейді.

Қазақстанда діни бірлестіктердің ішкі іс-шараларына араласпау, қандай да болмасын, діни үстанымды бір-бірімен сәйкестендірмеу, тең мүмкіндік мәселелерін қамтитын мемлекеттің дүниетанымында бейтараптылық (нейтралитеттік) принципіне басты орын берілген. Аталған конфессиялар бейбіт өмір сүріп, еліміздің саяси турақтылығын сақтап, экономикасы мен мәдениетінің дамуына үлес қосып келеді. Қазақстан қазіргі таңда күллі өлемге өзінің дінаралық келісім мен ұлтаралық татулықтың қасиетті ордасы екенін әйгілі етті. Дін еліміздегі бірліктің рухани тірегі болып, халықтың ынтымағы мен тыныштығы үшін қызмет ететін өзінің негізгі міндетін мінсіз атқарғанының нәтижесінде Қазақстан осындағы биіктерге қол жеткізіп келеді.

Қазір еліміздегі конфессиялар – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, Қазақстан Республикасындағы Митрополит округі, Қазақстандағы Рим-Католиктік шіркеуі, Қазақстандағы Иудаизм, Қазақстандағы Буддизм бейбітшілік пен келісімді және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етіп отыр. Олар мәдениеттер мен дәстүрлердің және кезқарастардың әр алуандығына қарамастан, Қазақстанның өсіп-өркен-

деуі жолында бейбітшілік пен татулық үшін мәдени, діни іс-шараларды «Бейбітшілік пен келісім сарайында» келісе отырып, жүзеге асырды.


Діни ахуалды тұрақтандырудагы мақсат – діни саладағы мемлекеттік саясатты халыққа жеткізу, қолданыстағы заңнаманы түсіндіру, дәстүрлі құндылықтар мен зайырлылық қаридатын насиҳаттау, тұрғындардың түрлі топтары арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу.

(Жалғас Асхатұлы)


 2. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтін не туралы? Мәтінде қандай мәселе көтерілген?
2. Діни ахуалды тұрақтандырудагы мақсат қандай?
3. Қазақстанда қандай конфессиялар жұмыс істейді?

 3. Мәтін мазмұны бойынша сызбаны толтырыңдар.



 4. Мәтінде берілген ақпараттар бойынша сызбадағы сандарды сөйлеммен айттыңдар, мәтінді қысқаша баянданыңдар.



 5. Келесі/келіспеу эссеінің жазылуын естеріңде түсіріңдер. «Дін адамзатты ізгілікке шақырады» тақырыбына эссе жазыңдар.

Тірек сөздер: қоршаган дүние, сана-сезім, сену және мойындау, өзектілігі мен мәртебесі, діни бірлестіктер, діни ұстаным, діни ахуал, бейбітшілік пен келісім, дәстүрлі құндылықтар, зайырлылық қаридаты, рухани қолдау, тұрақтылықты қамтамасыз ету, халықтың ынтымағы мен тыныштығы т.б.

9-

сабак

## Несіпбек Айтұлы

- ?** 1. Ақын туралы не білесіңдер? Сендерге қандай шығармалары таныс?

**Несіпбек Айтұлы** – ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (2012 ж.), Қазақстан Республикасының еңбек сіздірген қайраткері (2011 ж.), «Парасат» орденінің иегері (2004 ж.).

Несіпбек Айтұлы 1950 жылы Шығыс Түркістанның Тарбағатай аймағында туған.



Еңбек жолын Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде бастайды. 1974 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

1974–1984 жж. «Балдырган» журналының поэзия бөлімінің меншерушісі, «Жалын» баспасында редактор, 1984–1994 жж. Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, 1995–1996 жж. «Ақын» қауымдастырының директоры, 1997–2001 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінде сын бөлімінің, «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімінің меншерушісі.

2001 жылдан бастап Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия үлттық университетінде, Президенттік Мәдениет орталығында қызмет істеген.

Қазақстан Жазушылар одағының секретариат мүшесі, Нұр-Сұлтан қаласындағы С. Сейфуллин атындағы мұражай директоры.

Н. Айтұлы бабалардың арманы жүзеге асып, тәуелсіз еліміз әлемдік қауымдастықтан мәртебелі орын алғып, жаңа елорданың бой түзеп, сөүлеті артқанын «Бәйтерек» поэмасы арқылы суреттейді. Ақынның суреттеуінде «Бәйтерек» – елорданың ғана емес, күллі Қазақ елінің арман-муратын әйгілеген реміз, тәуелсіздігіміздің асқақ мұнарасы.

- ?** 2. Әңгімені тыңдаңдар, өз ойларынды бөлісіңдер. Әңгіме сендерге қандай ой салды? Қандай әсерде болдыңдар?

- ?** 3. Нұр-Сұлтан қаласы, ондагы ерекше гимараттар туралы сыйыптастарыңа айтып беріңдер. Нұр-Сұлтан қаласында болдыңдар ма? Нұр-Сұлтан қаласы сендерге несімен үнады? Нұр-Сұлтан қаласының мәртебесі туралы не білесіңдер?


**4. Жаңа сөздердің магынасын естерінде сақтаңдар, сөз тіркестерін құрандар.**

Жаңа сөздер	Магынасы
емірену	жақсы көру
өндіршек	өңеш, алқым
өгейлік	жат болу, жатсыну
жанан	әлем
өліара	екі ай арасы
самала	жарық
шежіре	бір үлттың шығу тегі
өзекке тебу	шеттету
азаттық	еркіндік
қарыштау	даму
жорық	сапар, жол
аламан	куш біріктіру, берекеге келу, көпшіліктің бірін, жұмылып атқаратын әрекеті

**5. Берілген сөздермен сойлемдер құрандар.**

Жанан, өліара, шежіре, қарыштау, аламан.

**6. Сурақтарга жауап беріңдер.**

- Несілбек Айтұлы кім?
- Несілбек Айтұлы қандай жоғары оқу орнын бітірген?
- Қандай қызыметтер атқарған?
- Несілбек Айтұлының қандай шығармаларын білесің?

10-

сабак

**Несілбек Айтұлының «Бәйтерек» поэмасы**

**1. Поэмадан үзіндіні оқыңдар, сурақтарга жауап беріңдер.**

Ақмола – кеше ғана басқа қала,  
 Айналды Бәйтеректі астанаға!  
 Еміреніп ез анасы емізбесе,  
 Сәбиге шайнаң берген ас бола ма?  
  
 Бақыттым басымда түр талай күткен,  
 Сеземін келмегенін оңайлықпен.

Үзіле жаздал еді өндіршегім,  
Өзекке тепкілеген өгейліктен.

Көңілге сөүле құяр Сарай нұры,  
Астана – ел тірегі, ел айбыны!

Кемері шалқып жатқан Қазақстан –  
Мұхиттың аласұрған көк айдыны.

Тіршілік түзегенде көркін жаңа,  
Сұрапыл соқпаса екен толқын жара.  
Армысың, Азаттықтың астанасы –  
Талпынған арманына еркін қала!

Жананның жанарында жаңа қала,  
Жұлдыздай туа қалған өліарада.  
Бес жылда бой кетерген ғимараттар  
Жайнап түр шомылғандай самалаға!

Жырламас ғажайыпты кім мұндағы,  
Жеткенше сөздің дәмі, тілдің нәрі.  
Алғысын жаудырады Елбасыға  
Бақытты бұл шаһардың тұрғындары.

Қарашы, шаңырағы жас қаланың  
Аспанның бұлтын серпіп тастағаны!  
Бүгіннен басталатын шежіресі,  
Авторы – Назарбаев Астананың!

Көрем де Астананың келешегін,  
Елдермен алыс-жақын тәсесемін.  
Сырлассын Невасымен ұлы Пушкин,  
Мен, міне, Есіліммен кеңесемін.

Жағадан астана сап алыстағы,  
Батысқа, шығысқа да қарыштады.  
Қазақтың Нұрсұлтаны сондай десем,  
Өлеумет айтты демес мен ушқары.

Аспанда мұнарасы дамылдаған,  
Мен дағы Астананың шамын жағам.  
Әйгілі қалалардың Жер бетінде,  
Бір күнде ешқайсысы салынбаған.

Батырдай тынбай жортқан жорықтарда,  
Тұлпарын ауыстырган талыққанда –  
Фасырлар өткелінде бізден басқа  
Көшірген астанасын халық бар ма?!

Бәйгеге кеш қосылып армандамыз,  
Күтеміз аламанды алдан нағыз.  
Күні ертең еркө Есілдің жағасына  
Париж кеп орнай қалса таңғалмаңы!

**Сұрақтар:**

1. Поэма не туралы?
2. Поэмада қандай мәселе көтерілген?
3. Поэмада астананың символы ретінде не суреттелген?
4. Поэмада астананың өткені мен келешегі туралы не айтылған?

 2. Поэма мазмұны бойынша Нұр-Сұлтан қаласы туралы айтыңдар.



 3. Поэманиң жалғасын тыңдаңдар, сойлемдерді магынасымен сәйкес-тендіріңдер.

Ойлашы, кеше, қазақ, кім едің сен?!	Жаңа астананың бой көтеруі
Құлпырып бүгін қайта түледің сен!	Сарыарқадан жылдам қарқынмен астананың салынуы
Ортага астанаңды орнатқаның Фасырдың оқиғасы біле білсең	Болашақ үрпаққа жағдай жасалуы
Салынып жатқан шаһар кең далага	Қазақ елінің егемендігін алуы
Сыйласын асыл мұрат әр балаңа	Қазақ халқының өзге елдің бода- нында болуы
Бәйтерек – астананың төріндегі Өресі биіктікітің өмірдегі	«Бәйтерек» монументінің ішіндегі «Аялы алақан» композициясы
«Аялы алақаны» Елбасының Секілді өшпейтүрғын сенім мері	Бәйтерек – тәуелсіздіктің, биік мақсаттың, асқақ арманның, астананың символы

 4. Поэма үзіндісін тағы бір рет тыңдаң, поэманиң керекті сөздермен толықтырыңдар.

Ойлашы, кеше, ..., кім едің сен?!

Құлпырып бүгін қайта ... сен!

Ортага ... орнатқаның –  
... оқиғасы біле білсөн.

Бүтінге сыйзат түссе, ... онай,  
Бірінді-бірің ... ғұламадай.

Бұйырды өз төрлерің ...,  
Баспалап ... сығаламай.

Салынып жатқан ... кең далаңа,  
Сыйласын ... ... әр балаңа.

Азаттық ... аталады  
... астанасы сондағана!

... – Астананың төріндегі –  
Өресі биіктіктің ... .

«... алақаны» Елбасының  
Секілді өшпейтүғын ... ... .

### 5. Берілген шумақтардың негізгі ойын бір сойлеммен жазындар.

Шумақтар	Негізгі ой
Ойлаши, кеше, қазақ, кім едің сен?!	
Құлпырып бүгін қайта түледің сен!	
Ортага астанаңды орнатқаның – Фасырдың оқиғасы біле білсөн.	
Бәйтерек – астананың төріндегі – Өресі биіктіктің әмірдегі. «Аялы алақаны» Елбасының Секілді өшпейтүғын сенім мөрі.	
Самсаған қара орманым – байтақ елім, Сынға сап сан жақсыны байқап едің. Еңсесін елдігінің биіктеткен, Ортанды бойлап өскен Бәйтерегің!	

### 6. «Төрт ресурс» әдісі арқылы поэмага талдау жасаңдар.

Кодтай білу немесе мәтіннің шырмауын қалай шешемін?  
Мәтінді қалай түсінемін?  
Неден басталады?  
Неге негізделген?  
Қандай қуралдар қолданады?

Қолдана білу немесе мәтінді қалай қолданамын?  
Мәтіннің мақсаты мазмұнымен үйлесе ме?  
Мәтінді қалай дәл қазір осы жерде, осы уақытта қолдана аламын ба?  
Басқалар бұдан не алады?  
Менің мүмкіндігім қандай?

*Түсіне білу немесе мәтінге  
қалай қатысамын?  
Мәтіннің идеялары өзара қалай  
байланысқан?  
Мәтінде қандай дәлел  
қолданылған?  
Мәтінді басқаша қалай  
түсіндіруге болады?*

*Багалаій білу немесе сынни ойлай-  
тын сауатты оқырман ретінде не  
ойлаймын?  
Кімнің ұстанымы, пікірі мен мұддесі  
қозғалған?  
Кімнің пікірі айтылмаган немесе жоқ?  
Қандай пікір айтылған?  
Менің пікірім басқалардың пікірімен  
сейкес келе ме?*

 7. «Бәйтерек» поэмасындағы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе<sup>1</sup>ге бага беріндер. Әлем әдебиеті үлгісі болып саналатын А.С. Пушкиннің «Люблю тебя, Петра творенье» олецимен салыстырындар.

Салыстыру	Несінбек Айтұлы. «Бәйтерек»	Александр Пушкин. «Люблю тебя, Петра творенье»
Стилі Мәтін жанры Мәтін тақырыбы Негізгі идеясы Мақсатты аудиториясы Ерекшелігі		

11-  
сабак

Бейбітшілік пен келісім – адамзаттың  
асыл құндылығы

 1. Сурақтарға жауап беріндер.



Сурақтар:

1. Суретте не бейнеленген?
2. Ол сарайда қандай шаралар мен кездесулер өткізіледі?

**Q 2. «Үш жақты қынделік» әдісі арқылы жаңа сөздерге түсінік беріндер.**  
**Үлгі бойынша сойлемдер құрап, жұптарыңмен талқылаңдар.**

Жаңа сөздер	Мағынасы	Сойлемдер
қанына сіңген	әдет болған	Қонақжайлыштық – қазақ халқының қанына сіңген қасиет.
меймандос	қонақжай	
қаскейлік	арамдық	
паш ету	жария ету	
айтулы оқиға	маңызды	
құрдымға жіберу	құрту	
тілге тиек ету	айту	

**3. Мәтінді оқындар. Мәтінге ат қойындар. Мәтін кімге ариалған?**

Адамзат өмір бойы үнемі тыныштықта, мәңгілік бейбіт өмір сүруді армандаған келеді. Бірақ нақты өмірде оған ешқашан толық қол жеткізген емес. Зерттеушілердің деректеріне қарағанда, соңғы 5 мың жылда Жер бетінде небәрі 292 жыл ғана бейбітшілік « билік » құрыпты. Батыстың бір галымының есептеуіне қарағанда, өткен ХХ ғасырдың соңғы 45 жылдарында әлемде бар-жоғы 12 ғана « бейбіт » күн болыпты. Кейінгі 40 жылдың ішінде ғана дүниежүзінде 250 соғыс болып, 354 млн адам қаза тауыпты. Иә, жоғарыда келтірілген бұл деректер өте қорқынышты!..

Соғысты болдырмау үшін, әлемдегі одактар мен мемлекеттердің, үлттар мен ұлыстардың бейбітшілікте күн кешуі үшін олардың өзара келісімі болуы керек. Бүгінде мұны әлемдік саясатта мәселе ретінде көтеріп, іс жүзінде бейбітшілік пен келісімнің туын тіккен ел – Қазақстан.

Бейбітшілікке, бейбіт тыныш өмір сүрге үмтүлу – қазақ халқының қанына сіңген асыл қасиеттерінің бірі екені тарихтан белгілі. Арғы-бергі заманда қазақ жерінде болған саяхатшылар, галымдар, елшілер қазақ ұлтының меймандос, сабырлы, ешкімге жамандық, қаскейлік жасамайтын халық екенін, қазақ елі ежелден бейбітшілік сүйгіш ел, өз бетінше ешкімге үрынбаған, соғыс ашпаған ел екенін сүйсіне жазған. Тәуелсіздікке қол жеткен тұста да, Елбасымыздың және елдің бетке ұстар азаматтарының қажырлы, табанды еңбегінің арқасында біз осы асыл қасиетімізді тағы да

бір дәлелдеп, оны әлемге паш ете білдік. Мәселен, сонау тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Семей ядролық полигонын жабу еліміздің өміріндегі ғана емес, әлемдегі айтулы оқиғаның бірі болды. Ядролық қару пайда болғалы ешбір ел ядролық полигонды өз еркімен жауып көрмеген болатын. Біздің еліміздің дүниежүзінде бірінші болып ядролық полигонды жабу жөніндегі осы қадамына БҮҮ мен дүниежүзілік қауымдастық үлкен баға берді. Дәл сол тұстан бастап әлем Қазақстанды бейбітсүйгіш ел екенін тани бастады.

XXI ғасырдың ең басты заңы – татулық. Мемлекеттердің тәуелсіздігінен айырылу қаупі туралы Н. Назарбаев «Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қыын. Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жанжаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, Жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама», – дейді де, жалпы әлемдегі мемлекеттердің мемлекет болып қалу кепілдігі «бейбітшілік пен келісімде» жатқанын тілге тиек етті.

(Дінмұхамед Аязбеков,  
el.kz сайтынан)

 4. Кестедегі сандық ақпаратты сөйлеммен ашып жазыңдар. Бұл ақпараттар қандай ойды дәлелдеу үшін қолданылды?

№	Сандар	Сөйлемдер
1	5 мың жыл	
2	292 жыл	
3	ХХ г. соңғы 45 жыл	
4	12	
5	40, 250	
6	354	

 5. Көп нұктенің орынна тиісті сөздерді қойыңдар.

1. Адамзат өмір бойы үнемі ... мәңгілік ... сүруді арманадап келеді. 2. Соғысты болдырмау үшін, әлемдегі ... мен мемлекеттердің, ұлттар мен ұлыстардың ... күн кешуі үшін олардың ... болуы керек. 3. Семей ядролық полигонын жабу ... өміріндегі ғана емес, ... айтулы оқиғаның бірі болды.

4. ХХІ ғасырдың ең басты заңы – ... . 5. Өзара ... пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің ... құрдымға жиберген.


**Керекті сөздер:** татулық, тыныштықта, еліміздің, өзара келісімі, одактар, бейбіт өмір, алауыздық, бейбітшілік, әлемдегі, тағдырын.

12-

сабак

### Өмірдің ең басты заңы – татулық

1. Алдыңғы сабакта берілген мәтінді еске түсіріңдер. Мәтінде қандай маңызды ақпараттар беріліп еді? Негізгі ақпараттарды төмендегі ой тізбегіне салыңдар. Топқа болініп, ой болісіңдер.



2. Мәтін мазмұны бойынша 3 ашық, 3 жабық сұрақ қураңдар. Сыныптастарыңа сұрақтар қойып, жауап алышадар. Жауаптарын бірге талдаңдар.
3. Мәтін ішінде кездескен оқшау сөздерді анықтаңдар, олардың қолданылу қызметін түсіндіріңдер.
4. Ақпаратта томендегі ұғым-түсініктеге қандай сөздер қарама-қарсы қойылады?

Ұғым-түсініктегі	Қарама-қарсы сөздер
бейбітшілік	
келісім	
алауыздық	
берекесіздік	
жойылу	

5. Топтың жұмыс. «ХХІ ғасырдың ең басты заңы – татулық» деңгей пікірді айтуда негіз болған қандай тарихи, саяси, экономикалық жағдай деп ойлайсыңдар?

13-

сабак

Нәтиже сабак

1. Тақырып бойынша меңгерген күрделі сөздер мен терминдерді естеріңе түсіріңдер. Төмендегі кестені толтырып, мағынасын айтыңдар. Парталастарының жұмыстарымен салыстырыңдар.

№	Терминдер мен күрделі сөздер	Мағынасы

2. Берілген мақал-мәтілдерді мағынасына қарай сәйкестендіріңдер. Өздеріңе ұнаган бір мақалды таңдаңдар. Ойларыңды жинақтай отырып, парталастарыңа мағынасын түсіндіріңдер.

1.	Ел үмітін ер ... ,	Өз елінде ұлтан ... .
2.	Ер жігіт елі үшін ... ,	Елге тиғен ... .
3.	Отан үшін ... ,	Бірлеспеген ... .
4.	Бірлік еткен ... ,	Ер атағын ел ... .
5.	Кіңі елінде сұлтан ... ,	Елі үшін ... .

Керекті сөздер: бол, сақтар, өледі, үлес, тозар, болғанша, ақтар, күрес, туады, озар.

3. Мәтінді оқыңдар. Негізгі ойды анықтаңдар.

### Ел қорғау – азаматтық парыз

7 мамыр – Қазақстан Қарулы Қүштері күні. Ел қорғаны болған ерлер есімін халық құрметпен мақтан тұтады. Отан деген қасиетті мекенді сүйіп, қастерлеп, оны қорғау – әр адамның асыл борышы. 1991 жылы 25 қазанды Қазақстан Президентінің Жарлығымен Қазақ КСР Мемлекеттік Қорғаныс комитеті құрылды. 1992 жылдың 7 мамырында Президенттің Жарлығы бойынша Қазақстан аумағында орналасқан Қарулы Қүштер өздерінің мүліктерімен қоса республиканың қарауына етті. Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштері түрлі бөлімдерден және әртүрлі құрамалар

мен арнайы әскерлерден тұрады. Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарында әскери қызмет атқару – әрбір қазақ азаматының аса маңызды өрі құрметті міндеттерінің бірі. Иә, біз жақсы уақытта өмір сүріп жатырмыз, алайда Отанымыздың тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы.

(«Тәрбие құралы» кітабынан)

4. Мәтін мазмұны таныс па? Алдыңғы сабактарда алған білімдердің еске түсіріндер. Таныстырылым дайындаған отырып, тақырыптың кеңейтіндер. Сыныптастарыңмен ой болісіндер.

 5. «...Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарында әскери қызмет атқару – әрбір азаматтың міндетті борышы» деген автордың пікіріне аргументті ессе жазыңдар. Өз ойларыңды нақты дәлелдермен жеткізуге тырысыңдар.

6. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Үлт мұраты – үлттық қауіпсіздік» тақырыбы бойынша не үйрендің?

2. Таныстырылымда тақырыпты толық аша алдың ба?

3. Жұптық, топтық жұмыстарда өзінді көрсете алдың ба?  
Неден қиналдың?

4. Тақырып бойынша қандай ақпараттар алғың келеді?

# Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші

Мұқағали Мақатаевтың  
«Сағатым қайда, сағатым?» өлеңі

1-  
сабак**Мәдениет және рухани өмір**

1. «Мәдениет» сезіне қатысты ойларыңа келген барлық ұғымдарды 3 минут ішінде жазыңдар. Өз жазғандарыңыз парталасыңың жазғандарымен салыстырыңдар.



2. Сөздерді сөз таптарына қарай топтастырыңдар. Сөздерді тіркестіріп, терминдерді құрастырыңдар.

Әрекет, құндылық, дамыту, жүріп-тұру, ереже, қауіпсіздік, материалдық, үрпақ, техникалық, рухани, қалыптастыру, мәдени, байлық, құрау, қажеттілік.

Сын есім	Зат есім	Етістік (көсемше)
рухани		



3. Мәтінді оқыңдар. Мәтін беліктерімен тақырыптарды сойкестендіріңдер.

1. Мәдениет – адам әрекетінің нәтижесі. Мәдениет адам қолымен жасалған материалдық байлықтан және адамның рухани дүниесінің құндылықтарынан құралады. Адам үй салады, егін егеді, киім тігеді, жол салады, техникалық құралдарды ойлап табады. Соның нәтижесінде материалдық байлық қалыптасады. Олардың бөрін адам өзінің белгілі бір қажеттіліктерін орындау үшін жасайды. Бұл қандай қажеттіліктер? Аш қалмау, өмір сұру, ыстық-суыққа ұрынбау, үрпақ жалғастыру, жаудан қорғану, өз үйін, елін қорғау, байлықты көбейту, жаңаны тану. Тамақ аштықтан, өлімнен сақтайты, үй қауіптен сақтайты, киім суықтан немесе ыстықтан қорғайды, қару-жарақ жаудан қорғайды. Адам қажеттіліктері қоғамның әр даму кезеңдерінде өзгеріп отырған. Бір қажеттілікті қанағаттандыру келесі қажеттілік түрлерін тудырған. Оларды орындау барысында адамзат материалдық байлықтың жаңа түрлерін жасаған, ойлап тапқан және оны келесі үрпаққа қалдырған. Келесі үрпақ бұл материалдық байлықты пайдаланып, оны әрі қарай дамытады. Жаңа қажеттіліктерге қарай жаңа материалдық өнім түрлерін ойлап табады.

2. Естерінде ме, Үбырай Алтынсарин атамыз қазақ халқына «Өнер-білім бар жүрттар айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызы» деп өлең жазып, көп халықтың даму жағынан қазақ халқынан алысқа кеткенін, солардан қалмау керегін айтқан еді. Материалдық байлықты дамытудың қарапайым үлгісін адамның қашық жерлерге жылдам бару қажеттілігінің орындалуы арқылы көруге болады. Адам алдымен алыс жолдарға атты пайдаланды. Соңан соң паровоздар, одан соң автокөлік түрлөрі шыға бастады. Бәрі адамның алыс жерге тез жету қажеттілігін орындау мақсатында пайда болып отырды. Адам алыс жерге 1 күнде, бірнеше сағатта, тіпті бірнеше минутта жету үшін жаңа техника түрлөрін ойлап тапты.

3. Әрбір материалдық байлықтың артында адамның рухани қажеттіліктері жатады. Ол қандай рухани қажеттілік дерсіңдер? Ең бірінші – жаңаны тану, жасау қажеттілігі, өз өмірін женілдету қажеттіліктері. Адамның рухани өлемі мен материалдық байлықтың арасында тәуелді байланыс болады. Материалдық байлығы жоғары деңгейде дамыған қоғамда адам рухани жағынан да жетіледі.

4. Рухани мәдениетке адамзаттың ғылымдағы, өнердегі табыстары, рухани құндылықтары, қоғамда қалыптасқан өзін ұстау, жүріп-тұру ережелері жатады. Рухани мәдениеттің дамуы адамның рухани қажеттіліктерін іске асыруымен байланысты. Рухани қажеттілік дегеніміз не? Ол өмірдің мәнін түсіну, әдемілікті тану, дүниетанымдағы құндылықтар жүйесін іздеу, анықтау болып табылады. Рухани құндылықтар деп белгілі қоғам мүшелері бағалайтын үғымдарды атайды. Олар: ел, тұған жер, отбасы, достық, махаббат, адамгершілік, өмірдегі жақсы мен жаман туралы түсініктер. Әрбір қоғамның рухани мәдениеті адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастан, адамның танымындағы құндылықтар жүйесінен көрінеді.

Сонымен, мәдениет адамның дene және ой әрекеттерінің нәтижесі болып табылады. Соның негізінде адамның рухани және күнделікті өмірдегі қажеттіліктері қалыптасады.

(Зәуреш Ерназарова)

#### Тақырыптар:

1. «Рухани мәдениеттің түрлери».
2. «Материалдық мәдениетті қалыптастыратын қажеттілік түрлөрі».
3. «Мәдениет түрлери».
4. «Қажеттілік түрлөрі мен материалдық байлықтың арасындағы байланыс».

 4. Мына сез тіркестері бар сойлемдерді табыңдар. Бұл тезис тұжырымдар ма әлде дәлелдер ме?

өзін устау мәдениеті  
өз өмірін жеңілдету  
рухани қажеттілік

әлеуметтік қарым-қатынас  
материалдық байлық

 5. Кесте бойынша сойлем құраңдар.

Неге .../недегі/не жатады?	рухани мәдениет/адамзаттың ғылым/табыс рухани мәдениет/өнер/табыстар
Қандай ереже/зан/түсінік жатады?	қоғамда қалыптасу/ереже қабылдану/зандар қол жеткізу/материалдық байлық
Неден? Нени көргө болады? (есімшешің анықтауыш қызыметі)	материалдық байлық/адам қажеттілігі көліктер/жылдам бару қажеттілігі рухани мәдениет/ұлттық құндылық
Не? Не болып табылады?	адам/қоғам туындысы материалдық байлық/еңбектің туындысы жүріп-түру ережелері/салт-дастүр
Не барысында неге қол жеткізді?	даму/табыс қажеттілікті орындау/материалдық байлық мәдениетті дамыту/рухани қазына

 6. Ақпараттарды негізгі (и) және көмекші (к) түрлеріне ажыратыңдар.

- Мәдениет адам қолымен жасалған материалдық байлықтан және адамның рухани дүниесінің құндылықтарынан құралады.
- Адам үй салады, егін егеді, киім тігеді, жол салады, техникалық құралдарды ойлап табады.
- Бұл қандай қажеттіліктер?
- Адам қажеттіліктері қорамның өр даму кезеңдерінде езгеріп отырған.
- Келесі үрпақ бұл материалдық байлықты пайдаланып, оны әрі қарай дамытып отырады.
- Әрбір материалдық дүниенің артында адамның рухани қажеттіліктері жатады.
- Қоғамның даму деңгейі материалдық байлықтың қалыптасуымен бағаланады.
- Рухани мәдениетке адамзаттың ғылымдары, өнердегі табыстары, рухани құндылықтары, қоғамда қалыптасқан өзін устау, жүріп-түру ережелері жатады.

7. Мәдениет туралы автордың көзқарасын бағалаңдар. Төмөндегі сұрақтарды пайдаланыңдар.

1. Автор «мәдениет» ұғымын толық түсіндіре алды ма?

2. Автор мәдениеттің қалыптасуын сенімді дәлелдеді ме?

3. Автор мәдениеттің қай түрін бірінші деп есептейді?

Бұл пікірмен келісесің бе?

4. Автор рухани мәдениет деп қандай құндылықтарды атайды?

5. Мәтін бөліктері арасында мағыналық байланыс толық сақтала ма?

6. Автордың пікірінде қайшылықтар бар ма?

2-

сабак

### Уақытты пайдалану мәдениеті

1. Сөздерді тақырыптарға қарай топтастырыңдар.

Жеке қажеттілік

Жұмыс

Үй шаруасы

Бос уақыт

Үйқы, тамақтану, ойнау, әңгімелесу, кітап оқу, үй тазалау, кір жуу, теледидар көру, қызыметкерлермен сейлесу, тауар өндіру, шаш қио, дүкен аралау, кинога бару, қонаққа бару, жұныну, достармен кездесу, спортпен шұғылдану, серіктестермен кездесу, жиналысқа қатысу, қызыметтік міндеттерді орындау.

 2. Ақпаратты тыңдаңдар. Уақытпен байланысты берілген ақпаратты анықтаңдар.

1.	12 сағат 50 минут
2.	9 сағат
3.	2 сағат
4.	1 сағат 27 минут
5.	2 сағат 59 минут
6.	2 сағат 57 минут
7.	52 минут
8.	18 минут
9.	4 сағат 4 минут

3. Ақпаратты қайта тыңдаңдар, дұрыс жауабын белгілеңдер.

1. Өйелдер/ер адамдар жұмысқа көп уақыт жүмсайды.

2. Өйелдер/ер адамдар үй шаруасына 1 сағат 18 минут аз жүмсайды.

3. Өйелдердің/ер адамдардың бос уақыты 2 сағат 45 минутқа артық.
4. Өйелдердің/ер адамдардың бос уақытына 2 сағат 35 минут қалады.
4. Мәтін бойынша жоспар құрылдар. Жоспар тармақшалары бойынша негізгі және қосымша ақпаратты жинақтаңдар.
-  5. «Қазақстан халқы бос уақытты дұрыс пайдалана ма?» деген тақырып бойынша пікірталас үйымдастырылдар.

3-

сабак

**Уақытты тиімді пайдалану**

1. Ойын ойнайық. Жұп құраңдар. Бір окушы уақытты белгілейді, бақылайды, ал екінші окушы көзін жұмады.

**Ойын ережесі:**

Озінді тексер. Уақытты қалай бағалайсың? Өз ішкі сағатынды тыңда. Көзінді жүм. Сағатқа қара. Қанша секундқа қателестің? Озінді бағала.

**Ойын нәтижесі:**

- Көзін ерте ашқан оқушылар – асығып жүретін адамдар. Олар үнемі болашаққа асырады.
- Көзін кеш ашқан оқушылар өткен күндер туралы көп ойлайды.
- Көзін дәл уақытында ашқан оқушылар уақытты нақты есептейді. Олар бүгінгі күнді көп ойлайды.
- Көзін уақытынан сәл ерте ашқан оқушылар – бүгінгі күнді ертеңгі күнмен байланыстыратын оқушылар.



2. Сөз тіркестерін керекті сөздермен толықтырылдар.

уақытты ... қолдану  
 еңбек ... арттыру  
 жұмысты ... және ... түрлерге бөлу  
 тәулікті сағаттарға ...  
 уақыт менеджментін ...  
 маңызды жұмыс түрлерін ...  
 жоспарды ...

**Керекті сөздер:** анықтау, бөлу, маңызды емес, қосымша, жоспарлау, қадагалау, орындау, жұмсау, тиімді, өнімділік, маңызды.

 3. Окушының бір күнін сипаттайдын сөздердің қатарын жазыңдар.  
Сөздер қатарынан кезекпен әңгіме құрастырыңдар.

 4. Пайдалы кеңестермен танысыңдар. Кестедегі сұрақтарға жауап беріңдер.

Кеңестер	Өзінді бағала
Бір күндік уақытты жоспарлағанда, 40 пайыз уақытты бос қалдырып, ал 60 пайыз уақытты жоспарлау керек. 40 пайыз күтпеген, аяқтастын пайда болған жұмыстарға жұмсалуы мүмкін.	1. Ал сен уақытыңды қалай бөлесің? 2. Уақытыңың қанша пайызын күтпеген жұмыстарға қалдырасың?
Жұмсаған уақытыңды есептеп отыр. Уақытты қандай жұмысқа көп жұмсағаныңды талдаң отыр.	1. Сен қандай жұмысқа көп уақыт жұмсаїсың? 2. Өз уақытыңда талдау жасайсың ба?
Ұзақ уақытты керек ететін жұмыстарды шағын боліктеге бөл. Үлкен жоспарларды бірнеше шағын жоспарларға ажырат. Өмірлік мақсаттарды шағын күнделікті мақсаттарға жікте.	1. Сенің ұзақмерзімді жоспарларың бар ма? 2. Сенің өмірлік мақсаттарың бар ма? 3. Үлкен жоспарларды шағын жоспарларға бөлесің бе?
Бір күнге жоспар құрғанда, өзіңің жұмыс істеу белсенділігінді ескер. Бір адамдар таңтертең, ал бір адамдар түнде, кешке жұмыс істеуді ұнатады.	1. Ал сен тәуліктің қай мезгілінде жұмыс істеуді ұнатасың?
3 минутта істелетін жұмысты кейінгे қалдырма. Жұмысты жоспарлау тиімділікті 25 пайызға арттырады.	1. Сен жұмыстарды келесі уақытқа жиі қалдырасың ба? 2. Өлде жұмысты бітіруге тырысасың ба?
3 сағат жұмыстың алғашқы 1 сағаты өнімді болады.	1. Сабак дайындауға қанша уақыт жұмсаїсың? 2. Қандай сабактарды бірінші орындаисың?
Бір жұмысты тастанап, қайта-қайта істеу жұмыстың өнімділігін 5 есе төмөндөтеді.	1. Бастаған жұмысты соңына дейін аяқтайсың ба? 2. Өлде жиі тастанап кетесің бе?
1 сағат жұмыстан кейін үзіліс жасау керек. 10 минуттың үзіліс адамның жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіреді. Үзілістер арасын сонан кейін жиелету керек. Сонда жұмыс нәтижелі болады.	1. Сабак дайындау кезінде, басқа жұмыс істеу кезінде жиі үзіліс жасайсың ба?

 5. Сұрақтар бойынша сыйыптастарыңа жауап беріңдер. Сұрақтарға жауап беру кезінде қандай грамматикалық, лексикалық қателер жібердіңдер? Қандай сөздерді айтуға қиналдыңдар? Естеріңде түсіріп, сөздердің тізімін жазыңдар. Сөздіктен қараңдар, мұғалімнен сұраңдар. «Мен уақытты дұрыс бағалап журмін бе?» тақырыбы бойынша грамматикалық және лексикалық нормаларды сақтаң, өздеріңде баға беріңдер.

4-

сабак

**Уақыт алтыннан қымбат**

 1. «Уақыт алтыннан қымбат» дегенді қалай түсінесің? Парталасыңың ойын сұра, тыңда, салыстыр.

 2. Сөздерді оқыңдар. Сөздер құрамындағы үқсас жүринақтарды табыңдар. Олар сөзге қандай мағына қосып тұр? Сөздерді сез таптарына қарай ажыратыңдар. Сейлем құраңдар.

Белсенділік, тиімділік, өнімділік, жиілік.

 3. «Сен уақытты тиімді пайдаланаңың ба?» тақырыбы бойынша 6 сұрақ түрін таңдаңдар. Сұрақтар тізімін өзгерте аласыңдар.

1. Таңертең тез тұрасың ба?
2. Асханаға кіммен баrasың?
3. Тұнде сағат нешеде үйқыға жатасың?
4. Таңертең қандай тағам жейсің?
5. Сабаққа кешікпей келесің бе?
6. Саған тәуліктің қай мезгілінде жұмыс істеген үнайды?
7. Сабаққа дайындалуға қанша сағат жұмсайсың?
8. Қай пәннен берілген тапсырманы бірінші орындайсың?
9. Дайындық кезінде жиі үзіліс жасайсың ба?
10. Теледидар көргөзе қанша сағат жұмсайсың?
11. Қандай тағам түрін дайындау үнайды?
12. Кімнің шығармаларын үнатастың?
13. Үзілісте мектеп ауласына жиі шығасың ба?
14. Үй тапсырмасын үнемі күнделікке жазып отырасың ба?
15. Интернетте күніне неше сағат отырасың?
16. Достарыңмен күнде қыдырасың ба?
17. Таңертең үйқыдан өзің тұрасың ба?

 4. 4 адамнан топ құраңдар. Топтагы оқушыларға 6 сұрақ қойындар, жауап беріңдер. Жауаптар бойыниша қорытынды жасаңдар. «Уақыт алтынан қымбат» деген тақырыпта аргументті эссе жазыңдар.

5-

сабак

**Уақыттың кедергілері**

 1. Уақытты дұрыс пайдалануга не кедергі келтіреді? Кедергілердің қандай түрлері бар? Сөйлемдер қатарын оқыңдар. Өзіңе таныс кедергі түрлерін белгілеңдер.

1. Жоспарланған жұмыстарды уақытында істемеу, кейінге қалдыру.
2. Уақытты дұрыс жоспарламау.
3. Бір уақытта көп нәрсені жоспарлау.
4. Маңызды емес жұмыстарға көп уақыт бөлу.
5. Жұмысты дұрыс үйымдастыра білмеу.
6. Интернетте көп уақыт өткізу.
7. Достармен қызыруға уақытты көп жұмсау.
8. Үй шаруасына көп уақыт жіберу.

 2. Суреттер мен 1-тапсырмадагы сөйлемдерді сәйкестендіріңдер.



 3. Уақыттың бірін таңдаңдар. Сен бұл уақытта немен айналысасың? Сенімен бірдей сағат таңдаған оқушылармен сұхбаттас. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

*Үлгі: Сағат бір жарымда қайда боласың?*

*Немен айналысасың?*



1. Кім уақытты тиімді пайдаланады?
2. Оның себебі не?
3. Кім уақытты тиімді пайдаланбайды?

4. Оның себебі не деп ойлайсың?
5. Кім саған үқсайды? Сен уақытыңды тиімді пайдаланасың ба?



#### **4. Сөз тіркестерін оқыпдар. Қай сөз тіркестерін жиі естисің?**

Егжей-тегжейлі – егжей-тегжейлі қарастыру, романды егжей-тегжейлі оқу, мәселені егжей-тегжейлі талқылау, сабакты егжей-тегжейлі тусіндіру.

**Міндетті тұрде** – міндетті тұрде келу, міндетті тұрде орындау, міндетті тұрде жауап беру.

**Қысқарту** – шашты қысқарту, шығарманы қысқарту, есепті қысқарту, жоспарды қысқарту.



#### **5. Мәтінді түсініп оқыпдар. Жоспар құрыпдар.**

Бүкіл әлемге танымал орыс математигі, географ, геофизик, астроном, академик Отто Юльевич Шмидт (1891–1956) 14 жасында өз өмірінің жоспарын егжей-тегжейлі жасап қойған екен. Бұл жоспарында ол өз өмірінде міндетті тұрде оқитын кітаптарды, меңгеретін ғылым салаларын, шешетін мәселелерін және адами тұргыдан даму жолдарын көрсетеді.

Алайда осының бөрін жазып, бұл істерге қанша уақыт кететінін есептегендеге, бұл бағдарламаны орындау үшін 900 жыл уақыт керек екен. Ол жоспарды қысқартады, бұл қысқартылған бағдарламаға да 500 жыл керек болады. Тағы да қысқартады, ақырында орындалуына 150 жыл керек бағдарлама шығады. Сейтіп ол қысқартуын тоқтатады.

Оз өмірін сағат-минутына шейін жоспарлап қойған ғалым өмірінің аяғына дейін 150 жылға бағытталған жоспарын орындауды. Ал ғалым неше жасында қайтыс болған? 64 жасында. Яғни академик өзінің «нормасын» З еседей дерлік артық орындаған!

(Ерлан Илияс. Мақала.kz сайтынан)

#### **Сұрақтар:**

1. Ақпарат кім туралы?
2. Ақпаратты дамытқан маңызды деталь қайсы?
3. Отто Шмидтің жоспары қандай болімдерден тұрды?
4. Отто Шмидт өз мүмкіндігін егжей-тегжейлі ескерді деп ойлайсың ба?
5. Жоспардың іске асатын-аспайтынын ғалым қалай тексерді?
6. Ғалым 150 жылдық жоспарын 64 жыл ішінде орындаған жағдайда ол үзақ өмір сүрер ме еді?

 6. Мәтін бойынша мына сандармен байланысты мәліметтерді еске түсіріңдер.

900

600

150

64

 7. Уақытты тиімді пайдалануға кедергі келтіретін басты нәрсені атап, сипаттаңдар.

6-

сабак

**Уақыт менеджменті**

 1. Өз уақыт менеджментінді анықта. Парталасыңын сұхбаттасып, салыстыры. Үқастық көп не, айырмаышылық көп не?

А. Мектепке күнде қанша минутта жиналасың? Апта күндері бойынша кестені толтыр. Саған мектепке баруға дайындалу үшін қанша минут керек? Есептеп шыгар.

Апта күндері	Мектепке жиналуды бастау	Мектепке кетуге дайын болу
дүйсенбі	7.00	7.30

Ә. Үй тапсырмасын орындауға қанша сағат жұмсайсың? Апта күндері бойынша кестені дәптеріңе толтыр. Орташа есебін шыгар.

Апта күндері	Сабакқа дайындалуға отыру	Сабакқа дайындалуды аяқтау
дүйсенбі		

 2. Ақпаратты тыңдаңдар. Тест сұрақтарына жауап беріңдер. Ұлы адамдар қалай жұмыс істеді?

- Бетховен қай уақытта жұмыс істеген?  
А) 9–15 аралығында ә) түстен кейін б) түске дейін
- Уинстон Черчилль қай уақытта жұмыс істеуді ұнратты?  
А) кешке ә) тацертең б) түстен кейін
- Виктор Гюго қай уақытты жұмыс істеуді ұнратқан?  
А) кешке ә) тацертең б) түстен кейін
- М. Ганди жұмыс арасында қалай демалған?  
А) кітап оқып ә) адамдармен сөйлесіп б) көкжиекке қарап

 3. Бұлар – Мирас пен Денистің үстелінің үстінде тұрған иүсқаулықтар. Оларды оқындар. Төмендегі тұжырымдар кім туралы?

Жұмыс пен демалысты үйлестіре біл	Өзінді тексеріп отыр
<p>1. Демалу үшін жақсы жұмыс істеу керек. Егер сен жақсы жұмыс істесең, белгілі бір нәтижеге қол жеткізсең, өзіңде көнілің толады. Сен рақаттанып демаласың.</p> <p>2. Жұмыс тұрлерін ауыстырып отыр. Дене жұмысынан ой жұмысына ауысып отыр. Математикадан тарихқа, экономикадан әдебиетке, географияға ауысып отыр. Сонда жұмыс істеу тиімді және нәтижелі болады.</p> <p>3. Жұмысты қарапайым нәрседен баста. Сабактарды оңай пәндерден баста. Сонда сенің ағзаң жұмыс істеуге үйрене бастайды.</p> <p>4. Асыгу, баю істеу кез келген жұмысқа кедергі келтіреді. Бұны есте сақта.</p>	<p>Өзіңде уақыт күнделігін құрастырып ал. Күнделік саған уақытты дұрыс пайдалануға көмектеседі.</p> <p>1. Уақытты жұмыс түріне қарай дұрыс бел:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• жұмыстардың тізімін жаса;</li> <li>• жұмыстарды орындау тәртібін анықта;</li> <li>• міндетті жұмыс тұрлерін анықта;</li> <li>• орындаған жұмыстарды белгілеп отыр.</li> </ul> <p>2. Келесі күннің жоспарын жасау үшін бүгінгі күннің жоспарын тексер. Қандай жұмыстар орындалған жоқ?</p> <p>3. Баставаң істі соңына дейін аяқта. Егер орындаамасаң, жұмысты орындау тиімділігіндегі төмендетесің.</p> <p>4. Қатты шаршап кетпе. Уақытыңды, ез күшіндегі дұрыс есептей біл. Жұмыс тұрлерін ауыстырып отыр. Оку мен жаузды, есептеу мен сыйзуды, сурет салуды ауыстыр. Сонда шаршамайсың.</p>

Мирас

Денис

	Мирас	Денис
1. Ол жұмыста нәтижеге қол жеткізуі үнатады.		
2. Ол әр нәрсенің бағасы бар деп есептейді. Демалу үшін де еңбектену керек деп ойлады.		
3. Ол өзінің жоспарын тексеріп отырады.		
4. Ол әртүрлі жұмыстармен айналысады үнатады.		
5. Ол адам ез күшін есептеу керек, шаршауга болмайды деп есептейді.		
6. Ол жоспарлаган жұмысты аяқтауды үнатады.		

 4. Үлгіге қарап, ез иүсқаулықтарында толтырындар. Оны топта талқылап, бір иүсқаулық дайындаңдар. Топ алдында таныстырылым жасаңдар.

 5. Уақыт туралы мақалдарды оқыңдар. Оларды кестеге орналастырыңдар.

1. Уақыт тас екеш тасты да тоздырады.
2. Елу жылда – ел жаңа.
3. Адамды заманы билейді.
4. Уақыт керуеніне бөгет жоқ.
5. Жасы бір құрдас емес, заманы бір – құрдас.
6. Заманына қарай – заңы, тогайына қарай – азы.
7. Уақыттың бос өткені – өмірдің бос кеткені.
8. Жан жарасына уақыт – емші.

- |  |  |
|--|--|
| 1. Құрамында күштейткіш демеулік бар мақал.                  |  |
| 2. Адам мен табигатты салыстыратын мақал.                    |  |
| 3. Бір сөз екі рет қайталанатын мақал.                       |  |
| 4. Уақытты қозғалыста суреттейтін мақал.                     |  |
| 5. Бір белгі мен екінші белгі бір-біріне қарама-қарсы мақал. |  |
| 6. Бүтін мен бөлшек арасындағы байланысқа құралған мақал.    |  |

 6. Жұп құрандар. Бір мақалды таңдаңдар. Олардың магынасын мысал келтіріп түсіндіріңдер. Мақалды қатыстырып, сұхбат құрастырыңдар.

Егер де есті кіслердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір, өзінен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғанин бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ақыретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылышқен өткізіппің? Жоқ, болмаса, не қылыш өткізгенінді өзің де білмей қалышпсың?

(Абай. Он бесіншил қарасөзінен)

7-

сабак

### Уақытты өлшеуге бола ма?

 1. Нақыл сөздер мен аңызды оқыңдар. Бірін таңдаңдар. Оны қайталаپ айтыңдар. Сонын сыйыптастарыңа айтып беріңдер. Өз таңдаулырыңды түсіндіріңдер.

Бірде: «Мені жарты сағаттан кейін оятыңызшы», – дейді Эйнштейн қызметшісіне. Ал қызметшісі оны 1 сағаттан кейін оятыпты. Үйқыдан оянған Эйнштейн жалма-жан сағатқа қарайды. Оны қызметшісі жарты сағат кеш оятыпты. Сонда ғалым қатты ренжіп: «Жарты сағат уақытымды қайтарып беріңіз онда!» – деген екен.

Сағат сатып алсаң да, уақыт сатып ала алмайсың.

(Қытай халқының нақыл сөзі)

Үрланған заттың орнын басқа нәрсемен толтыруға болады, ал үрланған уақыттың орнын ешқашан толтыра алмайсың.

(Гете)



## 2. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Уақытты кім үрлайды?
2. Уақытты қайтаруға бола ма?
3. Уақытты сатып алуға бола ма?



3. Сұрақ түріне қарай кестені толтырыңдар. Төмендегі сөздерді қолданыңдар. «Мен уақытты қалай пайдаланамын?» тақырыбында эссе жазыңдар.

Босқа/пайдалы; тиімді/тиімсіз; ұтымды/ұтымсыз; астығыс/баяу/жылдам; орнымен/орынсыз, тауар өндіру, қажеттілікті орындау, жұмыс істеу, сабакқа дайындалу, қыдыру, пайдалы іспен айналысу.

	Уақытты толтыру	Уақытты жұмсау	Уақытты жоғалту	Уақытты еткізу	Уақытты қайтару	Уақытты пайдалану
Неге? (етістік +у +ра/ге)	—					
Немен? (етістік +у+мен)	<i>Kітап оқумен уақытты толтыру</i>					
Қалай?	<i>Уақытты орнымен толтыру</i>					
Қайтіп? (етістік +ып/іп/п)	<i>Сабак оқып, уақыт толтыру</i>					



4. Жаңа сөздермен танысыңдар. Бұл сөздерді бұрын естідің бе?  
Олардың мағынасымен танысыңдар.

Жаңа сөздер	Мағынасы
үлестіру	тарату
бейберекет	ретсіз, тәртіпсіз
сапырылсыу	ретсіз араласу
зер салу	көңіл белу
каналы тірлік	ақыл-есі бар адамның өмірі
көңілі толмау	риза болмау
көңілге түю	түсіну, қабылдау



## 5. Өңгімені тыңдаңдар, оқындар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

...Әжем бәрімізді отыргызып, ыстық күлше үлестірді.  
Сосын өзі ортаға отырып алып, әдемі аңыз айтып берді.

– Балаларым, құлақ салып тыңдаңдар. Көңілге түйіп, ұғып алындар. Жаппар ием жарық дүниені, Күн мен Айды, жарық пен қараңғыны жаратарда, күнге, аптаға, айға және жылға ат қоюды ұмытып кетіпті... Жер бетіндегі тірі дүниенің бәрі, жан-жануар күн санауды, уақыт өлшеуді білмей, бей-берекет жүре берген екен. Ақыры дүние әбден сапырылсысады. Тіптен кімнің үлкен, кімнің жас екенін ажыратудан қалыпты. Жасты бойға қарап өлшейтін болыпты. Кімнің бойы ұзын болса, үлкені сол деп есептеліпті. Қытымыр қысқашан түсіп, көгілдір көктем қай кезде келерін, жадыраган жаз мөлшерін, берекелі күз кезеңін ешкім де ажырата алмайды екен. Жаратушы ием, осы сапырылсықан тірлікке зер сап тұрып, дүниеге көңілі толмайды. Сондықтан да адамдарды саналы тірлікке үйреткісі келеді. Адамдар уақытты өлшей білсін, уақытпен санаса білсін, уақытты қадірлей білсін, ол үшін айды аптаға, аптаны күндерге, ал жылды он екі айға бөлу керек деп шешіпті Тәңірі. Ал Айға адамдардың көмекшісі бол, жүзінді ашып-жауып тұрып, есеп жүргізуге көмектес депті. Жұлдыздар күн райының хабаршысы болады деген екен.

(Бауыржан Момышұлы.  
«Ұшқан ңя» кітабынан)

### Сұрақтар:

- 1) Аңыз бойынша жарық дүние жаратылғанда уақыт бөліктері болды ма?
- 2) Ақыры дүниеде не болды?
- 3) Адамдар жас ерекшеліктерін қалай ажыратып жүріпті?
- 4) Жаратушы қандай шешім қабылдайды?
- 5) Ауа райы туралы мәліметті адамдар нелер арқылы біледі екен?
- 6) Айға не істейсің депті?
- 7) Жұлдызға қандай тапсырма беріліпті?



## 6. Өңгімен мұна сөздердің магынасын түсіндіріп, магынасын ашатын сөздер мен сөз тіркестерін табыңдар.

- 1) жарық дүние:
- 2) тірі дүние:
- 3) бір ұғымды атайдын екі сөз:

## Тілдік бағдар

**Сойлемнің айқындауыш мүшелері**

Сойлемде бір сейлем мүшесінің мағынасын айқындалап, түсіндіріп тұратын сөздерді сойлемнің айқындауыш мүшелері деп атайды.

**Айқындауыш мүшелердің 3 түрі бар:**

1. **Оңашаланган айқындауыш:** өзінен бұрын тұрган сөздің мағынасын ашып, түсіндіреді. Мысалы: Менің бірге оқыған достарым – Магжан, Сапар, Мирас – еліміздің ең таңдаулы оқу орындарының студенттері.

2. **Қосарлы айқындауыш:** айқындаитын мүшесіне қосалқы атау болады. Мысалы: Елбасы Н.Ә. Назарбаев, әнші Б. Төлегенова.

Кейбір қосарлы айқындауыштар ездерінің айқындаитын сезінен қос сөздер сияқты дефис арқылы белінеді. Мысалы: үшқыштарышкөр, әдіскер-оқытушы.

 7. Кітапты жауып, әңгімені алдымен өзің мазмұнданап айт. 4-тапсырмадағы сөздерді қолдан.

8. Әңгімені сыйынтастыра айтып бер. Сыйынтастың сағақ сұрақ қойып, әңгімені нақтыласын. Мына сөздерді айқындауыш мүшелерін қолданып баяндаңдар.

1) **Бауыржан Момышұлы** – қосарлы айқындауыш сөзді қолданындар.

2) **Күн, Ай, жұлдыз** – қосалқы айқындауыш сөздермен тіркестіріндер.

8-

сабак

Елбасы уақытты қалай бағалады?



1. Сойлемдерді оқып, ондағы оймен келісетін немесе келіспейтінде-рінді белгілеңдер.

	Келісемін	Келіспеймін
1. Оқушы сабакқа да, спортқа да, түрлі жұмыстарға да уақыт табуы керек.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
2. Оқушы уақытын босқа өткізеді.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
3. Қыдыру үшін де уақыт табу керек, қызықты уақыт өткізу де маңызды.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
4. Оқушы үйге берілген тапсырманы орындаған соң ғана басқа жұмыс түрлерімен айналысусы қажет. Өйткені мектептегі уақытты білім алу үшін жұмсау қажет, тек қана сабак оқу керек. Достар, әуес іс туралы ойламаганы дұрыс.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

5. Оқушы уақытты үнемдеп, пайдалы жұмыссауға үйренуі қажет.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
6. Мектепте жақсы оқу жақсы университетке түсуге, жақсы маман болуға кепіл болып табылады.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
7. Компьютер алдында, интернетте отыру – бұл уақытты босқа кетіру.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

 **2. Мәтінді оқындар. Мәтін мазмұнына сай келетін сұрақтарды анықтаңдар.**

Оқу маған о бастан жеңіл тиді. Сөз реті келгенде айта кетейін, мен бірінші класқа барғанда, біздің жеке өз үйіміз де жоқ еді. Өке-шешем көшіп-қонумен жүретін: жазда тауға кетіп, кейін күзге қарай етекке түсіп, қыстауға бір-ак оралатын. Сондықтан да менің төртінші класқа дейін өкемнің інісінің үйінде жатып оқуыма тұра келді. Әдетте, мені мектепке баруға әтештің шақыруына қарай оятатын. Сағат дегеніңіз атымен болмайтын. Үйқылы көзбен қалың қарды омбылап, алты-жеті шақырым жол жүріп, мектепке жететінмін. Сонда сағат әлі бес не алты болып шыгатын. Ондайда күзетшінің қайырымы түссе жақсы, есік ашып, ішке кіргізеді, пеш жағады. Оның жанында үйықтап алуға да болады. Үйге берілетін тапсырманы орындайтын уақыт тек түн мезгіліғана. Өйткені атқаратын шаруа шаш-етектен: малға шөп салу, қорадағы малдың астын тазалау, су әкелу, огородың арамшебін отау жұмыстары тіпті таусылмайтын. Оның есесіне алтындей қымбат уақытты бағалай білуді үйрендім, сабаққа дайындалуға да, өзім қатты құмартып алған кітапты оқуға да уақыт табатын болдым. Әрине, кітапты белгілі бір жүйемен оқымайтынмын. Мектеп кітапханасынан бәрін ала беретінмін. Менің бақыттыма қарай, оның кітап қоры онша жұпны болмай шықты. Пушкинің, Лермонтовтың, Лев Толстойдың, Горькийдің, өзіміздің қазақ классиктері – Мұсіреповтің, Мұстафиннің, Әуезовтің, Мұқановтың көптеген шығармаларын оқып шығуымның сәті тусти.

(Нұрсұлтан Назарбаев,  
«Әділеттің ақ жолы» кітабынан)

**Сұрақтар:**

1. Н.Ә. Назарбаев бастауыш сыйныптарда кімнің үйінде тұрды?
2. Елбасының мектебі ауылға жақын ба еді?
3. Елбасы қай пәнді жақсы оқыды?
4. Елбасы балалармен футбол ойнады ма?
5. Елбасы дәулетті отбасынан шыққан ба?

 3. Мәтін мазмұны бойынша сейлемдердің шын немесе жалған екенін тексеріндер.

№	Сейлемдер	Шын	Жалған
1	Оган оқу оңай болды.		
2	Өздерінің үйлері болмағандықтан, ол ағасының үйінде тұрып оқыды.		
3	Ол қораздың шақырыумен оянатын еді.		
4	Мектепке таңертең кешігіп қалып жүрді.		
5	Ол үй тапсырмасын түнде орындастын, күндіз үйдің шаруасына көмектесетін.		
6	Көп жұмыс Н.Ә. Назарбаевты уақытты бағалауга үйретті.		
7	Ол кітап оқып та, үй тапсырмасын жасап та үлгеретін.		

 4. Сұрақтар бойынша пікірлесіндер.

1. Елбасы өз әңгімесінде «уақыт» сезін неше рет қолданды?
2. Елбасы уақытты жақсы сезетін адам деп қорытынды жасауға бола ма?
3. Елбасы уақытты тиімді қолданды деп айтуда бола ма?
4. Елбасының балалық шағында адамдардың бос уақыты көп болды ма?
5. Ал қазір адамдардың бос уақыты көп пе?
6. Адамдардың бос уақыты қай кезде көп болады?

9-

сабак

**Мұқагали Мақатаевтың  
«Сағатым қайда, сағатым?» өлеңі**

 1. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Сен сағатқа жиі қарайсың ба?
2. Бұл сағат қайда тұр?
3. Сағатқа қарағанда қандай сөздерді айтасың?



**2.** Сөздер мен олардың магыналарын сәйкестендіріңдер. Өлең не тура-лы деп ойлайсындар? Болжам жасаңдар.

1) тағат	а) ұмтылу
2) құлшыну	ә) шыдам, сабыр
3) тіршілік	б) өмір



**3.** Өлеңді тыңдаңдар, оқыңдар, таныс емес сөздердің астын сыйып отырыңдар. Өлеңді бір-бірлеріце оқып беріңдер, негізгі идеясын анықтаңдар.

### Сағатым қайда, сағатым?

Қалған ба тағы таң атып?!  
 Жайған ба жасыл қанатын?!  
 ...Таусылмас менің тағатым,  
 Соқ, соқ, соқ, менің сағатым!  
 Келген бе тағы күн шығып?!  
 Күн шығып,  
 Жерге құлшынып,  
 Енген бе тағы тіршілік?!  
 Армысын, асау тіршілік!  
 Тұрмысқа қажет табатын,  
 Беретін және алатын,  
 Мезгіл де болып қалған ба,  
 Алатын жерге баратын?!  
 Таусылмас менің тағатым,  
 Соға бер, соқ, соқ, сағатым!

Идеясы:

1. Өмір сүруге асығындар!
2. Сағатың тоқтамасын!
3. Өмір тоқтамасын!

**4.** Өлеңнің тақырыбын оқыңдар, талдаңдар.

**5.** Өлең тақырыбына негіз болатын сөйлемдерді тауып көріңдер.



**6.** Өлеңді талдаңдар.

1. Қай өлең жолдары ақынның өмірге құлшынысын жеткізеді?
2. Қай өлең жолдары ақынның осы күнді асыға күткенін бейнелейді?
3. Қай өлең жолдарын ақын өз өміріне қаратып айтады?
4. Өленде ақын «сағат» сөзімен нені бейнелеген?

5. Тіршілікті, өмірді суреттейтін сөздер бар ма?
6. Өлеңде қандай сейлем мүшесінің орны жиі ауысқан?
7. Сальвадор Далидің «Уақыт» деп аталатын әйгілі картинасына қараңдар. Суретші қандай ойды жеткізгісі келді?



С. Дали. «Уақыт»

· М. Мақатаевтың өлеңімен салыстырыңдар.

· Өлең мен сурет адамда қандай сезім туғызады?

· Суретті сипаттау үшін өлеңнен қандай сөздерді қолданар едін?

10-

сабак

### Уақытты сезу



1. Оқушылардың бос уақыт туралы ойларымен танысыңдар. Сен бос уақытыңды қалай өткізесің?

Демалыс күндері – мен үшін бос уақыт. Сағат 12-ге дейін үйкітімін.

Мен бос уақыт дегенді түсінбеймін. Неден бос уақыт болу керек?

Адам барлық уақытта жұмыс істеуі керек. Бос уақыт деген әрекеттің түрі гана өзгерген уақыт шыгар.



2. Мына сөздердің мәғынасын мәнмәтін арқылы түсініп көріңдер.

- күйзеліс
- кедергі келтіру
- жоққа шығару
- жоққа шығармау



### 3. Мәтінді оқындар. Жаңа ақпараттарды белгілең отырындар.

Қазіргі уақытта жастар үнемі бір сәтті уақытты күтіп жүреді. «Бір іспен айналысқым келеді. Бірақ уақыты келмей жатыр» деп үнемі бір келуі керек уақытты күтеді. Немесе мектеп, университет бітірген соң, уақыты келеді деп тағы күтеді. Бірақ өмірде еш нәрсе өзгере қоймады. Сонда уақытты күту керек пе? Өлде уақытты жіберіп алмау керек пе? Университетте оқу және кәсіпкерлікпен айналысу барлық студенттің қолынан келмейді. Айта кетсек, бизнес саласының өкілдері *Стив Джобс, Роберт Кийосаки, Билл Гейтс* немесе *Марк Цукербергтердің* жоғары білімін сәтті аяқтауына сол табысты идеялары мүмкіндік бермеді. Бірақ жоғары білімнің жоқтығы олардың өз идеяларын іске асыруына кедергі келтірмеді.

Гарвардтың жатақханасында тұрган Марк Цукерберг Фейсбукті өлемге танытты. Ол өз идеясын бизнеске айналдырыды. Маркты табысы «*дүниежүзіндегі ең жас миллиардер*» атандырыды. Ол университет бітіретін уақытты күткен жоқ. Уақыттың кетіп бара жатқанын, бұл идеяны қазір іске асырмаса, кейін кеш болатынын түсінді.

Билл Гейтс (*Microsoft*), Стив Джобс (*Apple*), Майкл Делл (*Dell*) және Ричард Брэнсон (*Virgin*) секілді тұлғалар да осыған мысал бола алады. Бұл адамдардың жеке бизнестегі табыстары мен күйзелістері, уақытты жоспарлауы, жұмсауы қазіргі жас адамдарға үлгі болуға лайықты.

Дегенмен біздің артықшылықтар мен кемшіліктерді ескеруіміз керек. Жоғары білім алуды жоққа шығармау керек. Барлық адам «олар сияқты университетті тастанасақ ғана табысты боламыз» деп түсінбеуі керек. Уақытты үнемдеу, дер кезінде не істеу керектігін білу, уақытты басқару дегенді үйрену керек деп ойлаймыз. Барлық адам Билл Гейтстің өмірін қайталай алмайды. Білімнің маңыздылығын жоққа шығармаймыз. *Уақытыңды босқа жүмсамай, білім алу керек.*

Сонымен, сен қалай ойлайсың: табысты, іскер адам үшін не қымбат?

Жоғарыда аты аталған табысты адамдар үшін не қымбат болды деп ойлайсың?

(«*Кәсібін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге арналған кәсіпкерліктиң жедел курсы*» кітабынан, 2012 жыл)



#### 4. Сойлемдер шын ба, жалған ба?

	Шын	Жалған
1. Марк Цукерберг Билл Гейтс сияқты табысты адам болуга тырысты.		
2. Америкалық табысты адамдар Гарвардта білім алды.		
3. Табысты адам болу үшін университетте оку міндетті емес.		
4. Китаптағы білім ескіреді, ал өмір үнемі өзгереді.		
5. Америкалық іскер адамдардың тәжірибесін жастар үйренуі керек.		



#### 5. Сойлемдерді керекті сөздермен толықтырыңыз.

Керекті сөздер: жұмысай, мүмкіндік, құндылық, байланыстыру, қосымша.

1. Білім адам өмірінде маңызды ... болып табылады.
2. Бизнеспен айналысу адамға кеп ... береді.
3. Барлық студент ... ақша табуды мақсат етеді.
4. Сапалы білім алу үшін теория мен тәжірибелі ... керек.
5. Құш-қуатты игілікті істерге ... тырыс.

#### 6. Сұрақтар бойынша пікірлесіндер.

1. Мәтіннің соңында берілген сұрақтарға назар аударыңдар. Бұл сұраққа қалай жауап берер едіңдер?
2. «Уақытты сезгендер» сөз тіркесінің мағынасын қалай түсіндіруге болады?

11-

сабак

Бос уақыт



#### 1. Хатты оқындар, өздерің білетін сын есімдердің астын сыйзыңдар.

##### Өмірінде не маңызды?

Әр адамның өмірінде қымбат заттар болады. Мен үшін де маңызды заттар бар.

Мысалы, Sony камерасы. Бұл камераны маган әкем тұған күніме сыйлаған еді. Ол кезде мен 6-сыныпта оқитынмын. Камера – саяхатқа өте керек зат. Бос уақытымда сол камера-мен фотосурет түсірумен айналысамын. Менің бос уақытым

магыналы, мәнді бола бастады. Мен үшін қымбат келесі зат – өжемнің қолдан тоқыған кілемі. Ол қызыл түсті. Өжемнің кілемі қазір менің жатын бөлмемдегі еденге төсөлген. Оны көрген сайын өжемді есіме аламын. Уақыт өткен сайын бұл кілемнің құны, маңызы артып келеді. Неге дейсіздер ғой? Ол менің балалық шағымның ескерткіші, күесі сияқты.

Уақыт өтіп жатыр. Уақытпен бірге айналамызда үлкен өзгерістер орын алады. Үлкендеріміз қартайып, біз есейіп келеміз. Уақыт жылжып барады. Бірақ сол уақыттың құнын күнделікті өмірде түсіне бермейді еkenбіз. Осындай заттар уақыттың қаншалықты тез өтіп бара жатқанын есіце салады. Ал сен ше? Бұл туралы ойланып көрдің бе? Сенің бос уақытың көп пе? Уақытты сезінесің бе?

(Зәуреш Ерназарова)



## 2. Сейлемдерді керекті сөздермен толықтырыңдар.

Керекті сөздер: асыру, бас тарту, үнемді, шогырландыру, меже, әдет, тізім.

1. Уақытты тиімді пайдаланудың бір жолы теледидардан, интернеттен ... .
2. Өр күнгі жұмыстың ... жасау.
3. Бір уақытта бір гана нәрсені жүзеге ... .
4. Ойды бір нәрсеге ... керек.
5. Абраам Линкольн уақытты ... қолданған.
6. Уақытты жоспарлау ... айналуы керек.
7. Белгіленген ... жетуді мақсат ет!



## 3. Ақпаратты тыңдаңдар. Ақпарат бойынша құрылған жоспарды тәртіпке келтіріңдер.

1. Уақытты жоспарлауда адам нені ескеруі керек?
2. Бір уақытта бір гана жұмыспен айналысу керек.
3. Күндер есебі виджетін орналастыру уақытты тиімді пайдалануды қадағалайды.
4. Уақытты тиімді пайдаланудың тәсілдері.
5. Исті күрделілігі мен қарапайымдылығына қарай саралау керек.
6. Межеге жететін күнді – уақытты белгілеу керек.
7. Американың 16 президентінің тәжірибесі.
8. Уақытты жазбаша жоспарлаудың пайдасы.



#### 4. Менің құрдастарым бос уақытты дұрыс пайдалана ма?

1. Сенің бос уақытың бар ма?
2. Қай уақытты бос уақыт деп есептейсің?
3. Интернетте қанша сағат отырасың?
4. Теледидар алдында неше сағат отырасың?
5. Сөйлесуге қанша уақыт жұмсайсың?
6. Уақыттың кедергілерін тізіп жаз.
7. Өз жоспарларыңды тізіп жаз (1 жылдық/2 жылдық/5 жылдық).

Енді сұраққа жауап бер. Сұрақтарды өз тобында, мектеп оқушыларына қой. Жауаптарга талдау жаса. Негізгі мәселені атап, оны шешудің жолдарын үсюн. Өз жауабыңды түсіндір. Өзің туралы пікірінді жаз. Оны дәлелдеуге тырыс.

12-

сабак

Нәтиже сабак



#### 1. Жауаптарды сұрақтармен сәйкестендіріңдер.

Сұрақтар	Жауаптар
1. Уақыттың қадірін білетін адам не істейді?	а) Уақытын жоспарлап, әр минутының қадірін білу керек.
2. Қандай оқушы үздік оқып, жақсы жетістіктерге жетеді?	ә) Құні бойы бос нәрсемен айналыспайды.
3. Адам өз уақытын қалай пайдаланғаны дұрыс?	б) Құн сайын емес, әрине.
4. Адамның бос уақыты болу керек не?	в) Көп уақыт интернетте отырмай, уақытын маңызды істерге жұмсайтындар.



#### 2. Көп нүктенің орынна қажетті жалғауларды қойып жазыңдар.

1. Әр адамның табысты болуы оның өз уақыты... қалай пайдаланатынына байланысты.
2. Мектеп оқушысының басты міндеті – сабақты жақсы оқу, тапсырмаларды уақыты... орындау.
3. Қосымша сабакқа бару, үйірмелерге қатысу сабақтан кейінгі уақыт... байланысты.
4. Уақыт... бағалай білуге үйрену керек.
5. Қай уақыт... бері теннис ойнап жүрсің?
6. Сен уақыт... қадірін білемін деп ойлайсың ба?

 3. Сейлемдерді қалпына келтіріңдер.

- 1) өлшеуіші, сағат, уақыт.
- 2) тағады, уақытты, сәндік, білу, үшін, адамдар, сағатты, үшін.
- 3) пайда, замандардан, ерте, болған, сағат.
- 4) сағат, құм, деген сияқты, сағат, күн, болған, заман-дарда, ерте, сағаттар.
- 5) көп, сағаттардың, қазір, түрлері, өндіріліп жатыр.
- 6) сағаттар, фирмасына, шыгаратын, қарай, өр алуан, қасиеттеріне, қазіргі кезде, түрлі бағамен сатылады.

 4. Жағдаят бойынша өз ойларынды баяндаңдар.

Мына жағдайды көз алдарыңа елестетіп көріндерші...  
Өлемде күнтізбе, сағат деген заттар жоқ. Бірақ біз адамзат тіршілік етіп жатырмыз. Таңтерең өтеш шақырады, күн шыгады, біз үйқыдан тұрамыз. Уақытты да, сағатты да Айға, Жұлдыздарға, Аспанға қарап болжаймыз. Біздің жағдайымыз қандай болар еді? Осындай дамыған уақытта сондай тірлікпен адамзат тіршілік ете алар ма еді?

 5. Сейлемдердегі ойды жалгастырып жазыңдар.

1. Уақытты бағалап, ... .
2. Ойлану үшін уақыт табындар, бұл – ... .
3. Оқу үшін көп уақыт бөліндер, бұл – ... .
4. Ойын үшін уақыт табындар, бұл – ... .
5. Достық үшін уақыт табындар, бұл – ... .
6. Армандау үшін уақыт табындар, бұл – ... .
7. Махаббат үшін уақыт табындар, бұл – ... .
  
6. М. Мақатаевтың сағат туралы өлецине үқсас «Сок, сок, менің сағатым» деген тармақпен басталып, осы тармақпен аяқталатын өз өлециңді жазып көр.

## АНЫҚТАМАЛЫҚ

### Аннотация

Аннотация дегеніміз мақаланың, шығарманың мазмұнына шолу жасап, қысқартып беру.

*Аннотация құрылымы:*

- Ақпараттың мақсатын, автордың негізгі ойын анықтауы.
- Ақпаратта берілген негізгі тұжырымдарды, ақпараттарды тізіп жазу.
- Мақалада көтерілген негізгі тақырып немесе мақала қандай мәселеге арналатынын айту.
- Бұл жұмыстың осы тақырып бойынша жазылған басқа жұмыстардан қандай айырмашылығы, жақалығы бар екенін айту.
- Тақырып қандай аспектілерде ашылатынын айту.
- Тақырып бойынша қандай айғақтар, мәліметтер келтірілетінін айту.
- Ақпаратта ерекше қызықты көрінген түстарды атап көрсету.

### Аргумент. Аргументті дамыту

Аргумент дегеніміз өз пікірінді тұжырымдап беру және оған дәлелдер, айғақтар келтіру болып табылады. Мысалы: «Балалық шақ – сенің өміріндегі ең бақытты уақыт» деген тұжырымды талдап көрейік.

Бұл тұжырыммен келісуге де, келіспеуге де болады. Осы тұжырым бойынша ұсынылған бір пікірмен танысып көрелік.

*Бұл тұжырым барлық балалар үшін әр уақытта шындық бола алмайды. Тиңті дамыған, бай елдердің өзінде балалар белгілі бер шектеулер мен қысымда өмір сүреді.*

*Ал кедей елдерде балалардың көпшілігі аштықта өмір сүріп жатыр.*

*Бай, дамыған елдерде балалар ата-анасының, мұғалімдердің қысымына көп үшірайды. Олар бірнеше пәнди оқып, бірнеше әрекет түрлерін істей алуы керек. Сондықтан*

олардың уақытын ата-аналары алдын ала жоспарлап, балаларга еркіндік бермейді.

Ал кедей елдерде балалар аштық пен жалаңаштықтан әртүрлі ауруларга шалдыгады.

### Тезис (тұжырым)

Тезис дегеніміз белгілі бір ойдың қорытындысы. Мысалы: «Барлық бала үшін балалық шақ бақытты шақ емес» деген тұжырымды айту үшін бірнеше ақпаратқа сүйендік. Қорытынды жасау үшін бірнеше айғақ керек. Аргументті ұсынғанда, алдымен тұжырым ұсынылады да, соナン соң оны дәлелдейтін айғақтар, түсіндірмелер беріледі.

Аргумент құрылымы	
Тұжырым-тақырып	Кедей елдердегі балалардың балалық шағын бақытты деуге болмайды.
Негіздеме	Өлемдегі көптеген елдерде балалар аштықта өмір сүріп жатыр. Олар таза ауызсуын ішпейді. Олардың елдерінің экономикасы артта қалған.
Дәлел	Тамақты тойып ішпегендіктен, олар ас қорыту жүйесінің ауруларымен жиі ауырады, таза су ішпегендіктен, жүқпалы аурулар жиі кездеседі. Соган байланысты олардың арасында созылмалы аурулар көп.

### Кейіптеу

Кейіптеу деп жанды заттың әрекетімен жансыз заттың сипатталуын айтады.

1. Бала күлді – *аспан күліп тұр.*
2. Бала жылады – *аспан жылап тұр.*
3. Адам қашқақтады – *жел қашқақтап, отқа келмей қойды.*
4. Қасқыр ұлыды – *жел ұлыды.*
5. Оқушылар сыйырласты – *жапырақтар сыйырласты.*
6. Адам теңселіп кетті – *агаш теңселді.*

## Конспектілеу

Конспектілеу – мәтінде берілген негізгі ақпаратты түртіп жазып отыру. Ақпараттардың ішіндегі ең негізгісін, маңыздысын анықтау. Негізгі ақпарат дегеніміз мәтіннің мазмұнын дамытатын мәліметтер, айтылған ой тізбегі болып табылады.

### Метафора

#### *Метафоралар қалай пайда болады?*

Мысалы: *Көл айна сияқты жарқырап, күн шағылысын жатыр.*

*Күміс шашы желбіреп, анасы жәутендей қалды.*

Бұл метафораларды адамның танымы дүниеге келтіреді. Адам заттар мен құбылыстар арасынан қызыметі, белгісі, түрі, сыртқы формасына қарай ұқсастық табады. Ол бақылауга негізделеді, көркем ойлардың негізінде қалыптасады. Сондықтан метафора тұрақты және өзгермелі болып келеді. Өйткені адамның қабылдауы да өртүрлі жағдайларға қарай өзгеруі мүмкін.

Заттар арасындағы тұрақты ұқсастық метафоралар қалыптастырады. Мысалы: *тұмсық/мұрын – адамның мұрны, иттің тұмсығы, қайықтың тұмсығы, ұшақтың тұмсығы.*

*Тұмсық* деген сез формасының ұқсастығына қарай екінші затқа атау болды. Бұны жаңа аталымдардың метафора арқылы пайда болуы дейді. Метафорага жасырын сипат тән. Ол бірден көзге көрініп, түсінікті бола бермеуі мүмкін.

### Параграф

Параграф дегеніміз бір тақырыптың айналасына құрылған бес не он сөйлемнің жиынтығы. Параграф немесе бөлім бірнеше бөліктен тұрады:

- 1) бірінші сөйлем параграфта айтылмақшы негізгі ойдың бағытын анықтайды;
- 2) нақтылаушы сөйлемдер; бірінші сөйлемде айтылған негізгі ойды нақтылайды, ашып түсіндіреді;
- 3) қорытынды бөлім; параграфта айтылған ойды қорытындылайды.

### Перифразалау

Перифразалау – сез бен сөйлемдегі берілген ойдың мазмұнын сақтай отырып, басқа сездермен не құрылымы басқа сөйлеммен беру.

## Рецензия

*Китапқа жазылатын рецензияның құрылымы:*

- Китаптың атауы мен авторы.
- Жанры.
- Тақырыбы.
- Кейіпкерлері.
- Оқиға болған орны.
- Оқиға болған уақыт.
- Оқиға желісі.
- Китаптың негізгі идеясы.
- Қысқаша пікір: оқиға туралы, қызықтыры, оқиғаның дамуы, сезімге өсер етуі, кітаптың тілі.

## Салыстыру әсесі

Салыстыру әсесі екі түрлі құбылыстың артықшылықтары мен кемшіліктерін белгілі бір белгілер бойынша салыстырып, қорытынды жасауды мақсат етеді.

Сонымен байанысты салыстырылатын белгілерді алдын ала дұрыс анықтап алу маңызды.

Мысалы, «*Жазбаша бағалау маңызды ма, тест арқылы бағалау маңызды ма?*» деген тақырып бойынша салыстыру әсесін жазып көрейік.

Екі бағалауды екі шеңберге жазып, онымен байланысты белгілерді тізіп жазу керек. Соңан соң ортақ белгілерді анықтау керек. Мысалы, бағалау түрі, уақыты, тиімділігі, ыңғайлышы, білімді қамтуы. Енді осы белгілерді екі бағанға жазып, оларды салыстыру керек. Артықшылықтары мен кемшіліктерін екі бағанға жазу керек.

## Әссе

Әссе деген белгілі тақырып не мәселе бойынша өз пікірінді, көзқарасынды жазбаша жеткізу болып табылады. Эссенің басты белгілері – *нақтылық, даралық, айқындылық*.

## Фабула

Фабула (лат. *фабула* – аңыз, әңгіме, ертегі, мысал) – көркем шығармада суретtelген оқиғаны рет-ретімен, шынайы даму бағытымен жүйелену болып табылады.

**ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМ  
ЖӘНЕ ОНЫҢ АУДАРМАСЫ**

**8-тарау.**

- |                  |                         |
|------------------|-------------------------|
| 1. алеумет       | 1. народ, публика       |
| 2. белсенділік   | 2. активность           |
| 3. гана          | 3. только               |
| 4. дәстүршіл     | 4. традиционный         |
| 5. ерік-жігер    | 5. сила воли            |
| 6. жабырқау      | 6. унывать, грустить    |
| 7. жанжал        | 7. конфликт, ссора      |
| 8. зайырлы       | 8. светское             |
| 9. итермелеу     | 9. подтолкнуть          |
| 10. өзін-өзі     | 10. сам себя            |
| 11. сыйластық    | 11. уважение            |
| 12. татуласу     | 12. мириться            |
| 13. түрпайы      | 13. грубый              |
| 14. ұйытқы       | 14. основа, организатор |
| 15. ұрыс-төбелес | 15. раздоры, ссоры      |

**9-тарау.**

- |                          |   |
|--------------------------|---|
| 1. алаңдау               | 1. беспокоиться                             |
| 2. бастамашыл            | 2. инициатор                                |
| 3. бәсекеге қабілеттілік | 3. конкурентоспособный                      |
| 4. білімге үмтүлу        | 4. стремиться к знаниям                     |
| 5. бұзақы                | 5. драчун                                   |
| 6. еліктеу               | 6. подражать                                |
| 7. жасөспірім            | 7. подросток, юноша                         |
| 8. жогалу                | 8. исчезать                                 |
| 9. жұмыссыздық           | 9. безработица                              |
| 10. жылжу                | 10. передвигаться                           |
| 11. қамсыздандыру        | 11. обеспечение                             |
| 12. қызығушылық          | 12. увлеченность, интерес                   |
| 13. қылмыс жасау         | 13. совершить преступление                  |
| 14. мақсатшылдық         | 14. целесообразность,<br>целеустремленность |
| 15. мәңгүрттену          | 15. стать безумным, полуумным               |
| 16. мұлдем               | 16. совсем                                  |
| 17. нашақорлық           | 17. наркомания                              |

- |                          |                           |
|--------------------------|---------------------------|
| 18. пайдалы              | 18. полезный              |
| 19. саламатты өмір салты | 19. здоровый образ жизни  |
| 20. сауалнама            | 20. анкета                |
| 21. тәқаппар             | 21. гордый, высокомерный  |
| 22. түйткіл              | 22. тревога, беспокойство |
| 23. іздеу                | 23. искать                |

#### 10-тарау

- |                   |  |
|-------------------|--|
| 1. атажұрт        | 1. земля отцов                             |
| 2. әділеттілік    | 2. справедливость                          |
| 3. белең          | 3. перевал                                 |
| 4. біржолата      | 4. бесповоротно                            |
| 5. жалынды        | 5. пламенный                               |
| 6. жаһандану      | 6. глобализация                            |
| 7. жаппай         | 7. массовый                                |
| 8. жат жер        | 8. чужая земля                             |
| 9. Жер-ана        | 9. Мать-земля                              |
| 10. жырақ         | 10. вдали                                  |
| 11. кеші-қон      | 11. перекочевка, миграция                  |
| 12. қазақ көші    | 12. кочевые казахского народа              |
| 13. қандастар     | 13. соотечественники,<br>единокровные люди |
| 14. қатынас       | 14. отношение                              |
| 15. қоныс         | 15. стоянка, поселение                     |
| 16. қоныс аудару  | 16. переселение                            |
| 17. құрылтай      | 17. собрание, съезд                        |
| 18. мәжбүрлік     | 18. принудительность                       |
| 19. тағзым ету    | 19. поклоняться                            |
| 20. талан-тарараж | 20. грабеж, погром                         |
| 21. тең құқылы    | 21. равноправный                           |
| 22. шенеунік      | 22. чиновник                               |

#### 11-тарау

- |                 |                            |
|-----------------|----------------------------|
| 1. алауыздық    | 1. вражда, разлад          |
| 2. ауызбіршілік | 2. единство, сплоченность  |
| 3. демеулік     | 3. спонсорство, поддержка  |
| 4. көнбіс       | 4. терпеливый, покладистый |
| 5. қандас       | 5. единокровный            |
| 6. қарама-қайшы | 6. противоположный         |

- |                     |                            |
|---------------------|----------------------------|
| 7. құт-қазына       | 7. счастье, богатство      |
| 8. қызуқанды        | 8. темпераментный          |
| 9. ниет             | 9. намерение               |
| 10. отандас         | 10. соотечественник        |
| 11. сенімділік      | 11. уверенность            |
| 12. сән-салтанат    | 12. роскошь, торжество     |
| 13. сіңіру          | 13. впитывать              |
| 14. тауқымет        | 14. невзгоды, трудности    |
| 15. тәз             | 15. терпение               |
| 16. тезімсіз        | 16. нетерпимый             |
| 17. тұс-тұстан      | 17. с разных сторон        |
| 18. ұлттық-этностық | 18. национально-этнический |
| 19. шегаралас       | 19. граничащий             |

### 12-тарау

- |                   |                                      |
|-------------------|--------------------------------------|
| 1. бакуатты       | 1. богатый, сильный                  |
| 2. басымдық       | 2. преимущество                      |
| 3. біртұтастық    | 3. единое целое, целостный           |
| 4. бітімгершілік  | 4. примиримость                      |
| 5. зайдылылық     | 5. принцип светскости                |
| 6. кепіл          | 6. залог                             |
| 7. қақтығыстар    | 7. конфликты                         |
| 8. қауіп-қатер    | 8. угроза, опасность                 |
| 9. қорғау         | 9. защита                            |
| 10. құндылық      | 10. ценность                         |
| 11. қырагылық     | 11. бдительность                     |
| 12. лаңқестік     | 12. терроризм                        |
| 13. мәңгілік      | 13. вечный                           |
| 14. мәртебе       | 14. честь, статус                    |
| 15. ескелең үрпақ | 15. подрастающее поколение           |
| 16. төтеше жағдай | 16. чрезвычайное положение           |
| 17. ұлттық мұдде  | 17. национальный интерес             |
| 18. ұлықтау       | 18. оказывать почести, возвеличивать |
| 19. шабуыл        | 19. нападение                        |
| 20. шегара        | 20. граница                          |

### 13-тарау

- |           |             |
|-----------|-------------|
| 1. әрекет | 1. действие |
| 2. бесін  | 2. полдень  |

3. бір мәрте	3. однократно
4. ғұмыр	4. жизнь
5. дамыту	5. развивать
6. егжей-тегжейлі	6. вникнуть в суть
7. елец-алаң	7. рано
8. енжар	8. пассивный, бездеятельный
9. есеп алу	9. принимать отчет
10. жүріп-түру ережесі	10. правила передвижения
11. зер салу	11. уделить внимание
12. көңілсіз	12. невеселый
13. көңілі толмау	13. неудовлетворенность
14. қажеттілік	14. потребность
15. қалыптастыру	15. формировать
16. қауіпсіздік	16. безопасность
17. қауіпсіз байлық	17. богатство, не представляющее опасность
18. құндылық	18. ценность
19. құрау	19. собрать
20. қысқарту	20. сократить
21. маңызды	21. важно
22. материалдық	22. материальный
23. мәдени	23. культурно
24. мезет	24. момент, время
25. міндетті	25. обязательный
26. рухани	26. духовно
27. тәулік	27. сутки
28. техникалық	28. технический
29. тиімді	29. эффективный
30. үрпақ	30. поколение
31. ұлестіру	31. раздать
32. ымырт	32. сумерки

## МАЗМУНЫ

### **VIII ТАРАУ. Өлемдегі ерлер мен әйелдердің**

**құқықтары мен тенденциялары**

#### **Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы**

1-сабак. Гендерлік саясаттың қорамдағы маңызы.....	3
2-сабак. Гендерлік тенденциялар мәселесі.....	4
3-сабак. Қазақ отбасындағы әкенің рөлі.....	8
4-сабак. Әке – отбасындағы сыйлы адам .....	11
5-сабак. Фылымдағы әйелдер .....	12
6-сабак. Қазақ халқының үлттық танымындағы әйел бейнесі .....	14
7-сабак. Қазақ әйелдерінің қорамдағы рөлі.....	17
8-сабак. Қорамдағы аниның рөлі .....	19
9-сабак. М. Әуезовтің «Абай жолы» романы .....	20
10-сабак. «Салиқа қыздың дауы».....	24
11-сабак. «Салиқа қыздың дауы» (1-бөлім) .....	25
12-сабак. «Салиқа қыздың дауы» (2-бөлім) .....	29

### **IX ТАРАУ. Жастар мәселесінің түйткілдері**

**Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы**

1-сабак. Қазіргі жастар келбеті .....	30
2-сабак. Ел болашагы – жастар .....	31
3-сабак. Мамандық таңдау мәселесі .....	33
4-сабак. Қазіргі заманғы түйткіл мәселе.....	35
5-сабак. Қазіргі жастар туралы бес айғақ .....	38
6-сабак. Менің атам мен әжемнің, ата-анамның жастық шагы .....	39
7-сабак. Жастар өміріндегі басты құндылықтар .....	40
8-сабак. Жастар таңдауы .....	42
9-сабак. Абайдың жастарға айтқан өситеттері .....	45
10-сабак. Адамның баласы бол .....	49
11-сабак. Көшбасшы жастар .....	50
12-сабак. Көшбасшылық .....	52
13-сабак. Нәтиже сабак .....	54

### **X тарау. Жанандық мәселелер: көші-қон саясаты**

**Қабдеш Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесі**

#### **1-сабак. Көші-қон .....**

2-сабак.	Көші-қон тарихы.....	58
3-сабак.	Атажүртқа оралу.....	59
4-сабак.	Сандар сейлейді... ..	61
5-сабак.	Қиырдан келген қандастар .....	64
6-сабак.	Менің тарихи Отаным – Қазақстан.....	66
7-сабак.	Қабдеш Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесі .....	69
8-сабак.	«Қаздар қайтып барады» (2-бөлім).....	72
9-сабак.	«Қаздар қайтып барады» (3-бөлім).....	74
10-сабак.	Туган жер – алтын бесік .....	76
11-сабак.	Қазақтардың дүниежүзілік басқосуы .....	79
12-сабак.	Тәуелсіз елдің тарихи жолдары .....	81

## XI ТАРАУ. Толеранттылық – ел бірлігі Сайын Мұратбековтің «Тел өскен үл» повесі

1-сабак.	Толеранттылық – бейбіт өмір белгісі .....	84
2-сабак.	Мен қазақ халқына ризамын! .....	86
3-сабак.	Ел бірлігі.....	88
4-сабак.	Толеранттылық – өмір сұру салты.....	90
5-сабак.	Қазақстан халқы Ассамблеясы.....	92
6-сабак.	Қазақстан – өз еліміз .....	94
7-сабак.	Сайын Мұратбековтің «Тел өскен үл» повесі .....	95
8-сабак.	Сайын Мұратбековтің «Тел өскен үл» повесі .....	97
9-сабак.	«Тел өскен үл» повесі .....	101
10-сабак.	«Тел өскен үл» повесі.....	104
11-сабак.	Бірлігі жарасқан Қазақстан .....	105
12-сабак.	М. Мағауиннің «Бір атаниң балалары» повесі («Зигфрид Ахметұлы») .....	107
13-сабак.	Нәтиже сабак .....	110

## XII ТАРАУ. Үлт мұраты – үлттық қауіпсіздік Несіпбек Айтұлының «Бәйтерек» поэмасы

1-сабак.	Үлттық қауіпсіздік – ел тыныштығының кепілі .....	113
2-сабак.	Қазақстан Республикасының Үлттық Қауіпсіздік комитеті .....	115

<b>3-сабак.</b> Қазақстан Республикасының	
Қарулы Құштері.....	116
<b>4-сабак.</b> Отанға қызмет – абыройлы міндет .....	118
<b>5-сабак.</b> Шегара қауіпсіздігі – мемлекеттің	
тұрақты дамуының кепілі .....	120
<b>6-сабак.</b> Қырағы шегарашылар.....	123
<b>7-сабак.</b> Дінаралық келісім – қоғам	
тұрақтылығының кепілі.....	124
<b>8-сабак.</b> Қазақстандағы діннің орны мен қызметі.....	126
<b>9-сабак.</b> Несілбек Айтұлы .....	129
<b>10-сабак.</b> Несілбек Айтұлының	
«Бәйтерек» поэмасы .....	130
<b>11-сабак.</b> Бейбітшілік пен келісім – адамзаттың	
асыл құндылығы .....	134
<b>12-сабак.</b> Өмірдің ең басты заңы – татулық.....	137
<b>13-сабак.</b> Нәтиже сабак .....	138

### **XIII ТАРАУ. Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші**

**Мұқағали Мақатаевтың**

**«Сағатым қайда, сағатым?» өлеңі**

<b>1-сабак.</b> Мәдениет және рухани өмір .....	140
<b>2-сабак.</b> Уақытты пайдалану мәдениеті .....	143
<b>3-сабак.</b> Уақытты тиімді пайдалану .....	144
<b>4-сабак.</b> Уақыт алтыннан қымбат .....	146
<b>5-сабак.</b> Уақыттың кедергілері .....	147
<b>6-сабак.</b> Уақыт менеджменті .....	149
<b>7-сабак.</b> Уақытты өлшеуге бола ма? .....	151
<b>8-сабак.</b> Елбасы уақытты қалай бағалады? .....	154
<b>9-сабак.</b> Мұқағали Мақатаевтың	
«Сағатым қайда, сағатым?» өлеңі .....	156
<b>10-сабак.</b> Уақытты сезу .....	158
<b>11-сабак.</b> Бос уақыт .....	160
<b>12-сабак.</b> Нәтиже сабак .....	162
<b>Анықтамалық .....</b>	164
<b>Тақырыптар бойынша лексикалық минимум</b>	
және оның аудармасы .....	168

Учебное издание

Ериазарова Зауреш Шаршабековна  
Бекетова Айжан Бекетовна  
Кужакова Светлана Бакытовна

ҚАЗАК ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

В 2-х частях

Часть 2

Учебник для 11 класса общеобразовательной школы  
с русским языком обучения

Редакторы Р. Райбаева, Г. Жарылгасимова

Художник Н. Токталиев

Художественный редактор А. Беккожанова, А. Лукманов

Технический редактор О. Рысалиева

Корректор Е. Амангельды

Компьютерная верстка А. Бекбергеновой

ИБ № 023

Сдано в набор 25.05.2019. Подписано в печать 16.07.2020. Формат 60x90  $\frac{1}{16}$ .  
Бумага офсетная. Гарнитура «Школьная». Печать офсетная. Усл.-печ.л. 11,0.  
Уч.-изд.л. 11,58. Тираж 5000 экз. Заказ № 5259.

ТОО Корпорация «Атамұра», 050000, г. Алматы, пр. Абылай хана, 75.

ТОО Полиграфкомбинат Корпорации «Атамұра» Республики Казахстан,  
050002, г. Алматы, ул. Макатаева, 41.



# Оглавление

page1  
page2  
page3  
page4  
page5  
page6  
page7  
page8  
page9  
page10  
page11  
page12  
page13  
page14  
page15  
page16  
page17  
page18  
page19  
page20  
page21  
page22  
page23  
page24  
page25  
page26  
page27  
page28

page34

page35

page36

page37

page38

page39

page40

page41

page42

page43

page44

page45

page46

page47

page48

page49

page50

page51

page52

page53

page54

page55

page56

page57

page58

page59

page60

page61

page62

page63

page64

page69

page70

page71

page72

page73

page74

page75

page76

page77

page78

page79

page80

page81

page82

page83

page84

page85

page86

page87

page88

page89

page90

page91

page92

page93

page94

page95

page96

page97

page98

page99

page104

page105

page106

page107

page108

page109

page110

page111

page112

page113

page114

page115

page116

page117

page118

page119

page120

page121

page122

page123

page124

page125

page126

page127

page128

page129

page130

page131

page132

page133

page134

page139

page140

page141

page142

page143

page144

page145

page146

page147

page148

page149

page150

page151

page152

page153

page154

page155

page156

page157

page158

page159

page160

page161

page162

page163

page164

page165

page166

page167

page168

page169

page174

Все учебники Казахстана на OKULYK.KZ

page175

page176